Бұл мақала буллингінің көріністерін зерттеуге арналған. Батыс және отандық психология аясында буллинг мәселесі қарастырылды.

Түйін сөздер: буллинг, буллер, девиантты мінез-құлық, агрессия.

Бушекбаева А.И.¹, Ниетбаева Г.Б.²

^{1,2} КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Проблема школьного насилия, травли (буллинга) в настоящее время признана одной из центральных психолого-педагогических проблем.

Буллинг независимо от гендерной специфики в начальной школе становится причиной серьезных личностных проблем, таких как тревожность и депрессия, расстройства питания, низкое самоуважение и неудовлетворенность школой и жизнью в целом. Виктимизация ребенка в школьные годы часто сопровождается повышенной застенчивостью и пониженным доверием к людям в студенческом возрасте и т.д.

Настоящая статья посвящена исследованию проявлений буллинга. Рассмотрена проблема буллинга в рамках западной и отечественной психологии.

Ключевые слова: буллинг, буллер, девиантное поведение, агрессия.

Bulshekbayeva A.I.¹, Nietbayeva G.B.²

^{1,2} Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF FORMATION OF THE WORLD OUTLOOK CULTURE OF PERSONALITY

Abstract

The problem of school violence, bullying (bullying) is now recognized as one of the Central psychological and pedagogical problems.

Bullying regardless of gender in primary school causes serious personal problems such as anxiety and depression, eating disorders, low self-esteem and dissatisfaction with school and life in General. Victimization of a child during school years is often accompanied by increased shyness and reduced trust in people at student age, etc.

This article is devoted to the study of manifestations of bullying. The problem of bullying in the framework of Western and domestic psychology is considered.

Key words: bullying, Buller, deviant behavior, aggression.

Кіріспе

Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыруы», – атты Қазақстан халқына Жолдауында... Білім беру бағдарлама-

ларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс», – деп баса көрсеткен болатын [1].

Бірақ, бұл міндетті жүзеге асыру үшін «...қазіргі бәсеке заманында жастардан қажыр-қайратын, ынта-жігерін, тынымсыз ізденісін» қалыптастыруды қажет етеді. Осыған орай, қазіргі мектеп алдында қоғамдық бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынас жасай білетін жастарды жаңа әлеуметтік ұстанымы негізінде қалыптастыруды міндеттейді. Сондықтан, жалпы мектеп оқушыларының өзара және мұғалімдермен достық қарым-қатынас жасайтын адамгершілік құндылықтары қалыптастын тұлға қалыптастыру – бүгінгі таңдағы психология ғылымының ең көкейкесті мәселесі болып отыр.

Дегенмен де, жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімдер мен оқушылар, оқушылардың өзара қарым-қатынасында бір-біріне қиянат, зорлық-зомбылық көрсету құбылыстары соңғы уақытта жиі кездесіп отыр. Себебі, қоғамымыздағы әлеуметтік, экономикалық, психологиялық ахуалдың әсерінен жасөспірімдер арасында күштілердің «әлсіздерге» қиянат жасауы, әлімжеттік құбылысы өршіп барады. «Әлімжеттік» немесе «буллинг» мәселесі тек жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі өзектілігімен ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Яғни, бұл жағдайда оқушылардың әлеуметтік бейімделу мақсатты бағыттау қажеттігі айқындала түседі.

Негізгі бөлім

Тарихқа көз жіберетін болсақ, жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ғұлама ойшылдардың еңбектеріне арқау болып келгені мәлім. Мәселен, шығыстың ойшылдары (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, т.б.) өз еңбектерінде әлеуметтік бейімделудің түйінді ойларын тұжырымдағаны белгілі [2].

Ағылшын тілінен аударғанда, «буллинг» түсінігі қорқытушы, басынушы деген мағынаны білдірсе, қазақ тілінде «әлімжеттік» ұғымымен астарласып жатыр. Ал, «буллинг» термині, әдетте, кейбір адамдарға өздерінің жеке басына бағыну үшін қорқыту немесе физикалық және психологиялық террорға ұшыратып, өздерінің құрбандарын қудалаушылардың қасақана туындаған қорқынышына негізделеді [3].

Ғаламторда буллинг мәселесі кеңінен талқыланып, буллингің алдын-алу және зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету жайлы жүйелі кеңес беріп қана қоймай, сонымен бірге қоғамға зиян келтірушілер туралы да талдап отырады [4].

Буллинг мәселесін жүйелі зерттеу келесі ғалымдарға тиесілі: Д.Олвеус, П.П. Хейнеман, А.Пикас, Е.Роланд, В.Т. Ортона, Д.А. Лэйн, Д.П. Таттума, Э.Мунте [5].

Bullying – бұл ұйымдарды қоса алғанда, ұйымдық топтар үшін әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл мектеп балаларының эмоциялық жарылыстарына қолайлы әмбебап арена екендігі туралы түсіндіреді.

Мектептегі зорлық-зомбылық туралы алғашқы жарияланымдар біраз жылдар бұрын пайда болды, 1905 жылы К.Дюкс өзінің зерттеуін жариялады.

1910 жылы Венада Зигмунд Фрейд, Альфред Адлер және Уильям Стеккель «Орта мектеп оқушылары арасында өзін-өзі өлтіру туралы» тақырыбындағы конгреске қатысып, өз зерттеулері бойынша баяндама жасаған болатын.

Буллинг мәселесі туралы жүйелі түрдегі зерттеулер скандинавтық ғалымдарға жатады, олардың ішінде: D.Alveus, P.P. Хейнеман, А.Пикас, Э.Роланд. Осы зерттеушілердің бірі болып табылатын D.Olveus қазіргі уақытта буллинг мәселесінің ең беделді зерттеушісі болып қала береді.

Британдық зерттеушілер арасындағы буллингі зерттеуші ғалымдар В.Т. Ортона, Д.А. Лэйн, Д.П. Таттума, Э.Мунте.

Буллинг (қорқыту, қорлау, қорлаушы) - бір немесе бірнеше баланың басқа балаға саналы түрде қатыгездік жасауы.

Буллинг – ұйымдастырылған балалар ұжымдарына, соның ішінде мектептерге тән әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл жайтты мектептің балалардың бойынша үйінде отбасында жинақталып қалған теріс эмоцияларын сыртқа шығаруға қолайлы әмбебап арена екендігімен түсіндіреді. Ресей психология ғылымында бұл тақырып В.В. Денисовтің, Г.Н. Киреевтің, А.Б. Кирюхинаның, В.А. Ситаровтың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қозғалған. Білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық аспектілерін зерттеумен С.Алексеева, И.А. Баева, Е.В. Бурмирова, Е.Ф. Быковская, Е.Н. Волкова, Т.Г. Волкова, Е.В. Гребенкин, Н.О. Зиновьева, Н.Ф. Михайлова, Д.Пестрог сияқты ғалымдар көп айналысқан [6,7].

Қазақстан Республикасында бұл мәселені балалардың девиантты мінез-құлқы мен соңынан орын алатын салдары, сондай-ақ балаларға психологиялық көмек ұйымдастыру тұрғысынан Т.А. Акажанова,

Г.А. Дусманбетов, Ж.И. Намазбаева, Н.С. Лавриненко, А.Б. Садыкова, С.Шалгимбаев, Х.Т. Шерязданова және осы сияқты ғалым психологтар қарастырған.

Зерттеуші психологтардың қазіргі таңда буллинг мәселесіне аса ден қоюы өміршеңдік, өмірге бейімділік феноменін туғызуда (И.А. Александрова, Т.О. Арчакова, И.А. Баева, С.А. Богомаз, Е.В. Бородкина, И.В. Дробинина, И.А. Кузьмин, О.А. Кузнецова, Д.А. Леонтьев, С.Р. Мадди, Т.В. Наливайко, Е.И. Рассказова, И.А. Регуш, Р.И. Стецишин және басқалары) [6].

Алайда қазіргі кезеңде бұл құбылыс туралы пікірлердің бір арнаға тоғыспайтынын айта кету керек. Өртүрлі авторлар бұл ұғымды тұлғалық бейімделушілік әлеуетімен (А.Г. Маклаков), тұлға әлеуетімен (Д.А. Леонтьев) және басқа да ұғымдармен байланыстырады [8, 28-33 б.].

Скандинавиялық және ағылшын тілді елдерде бұл құбылыстың анықтамасы ретінде келесі терминдер қолданылады: шетке қағу, кемсіту, моббинг (баланы қорлаудың, қудалаудың топтық түрлері), буллинг [9,10].

Д.Лейн мен Э.Миллер буллингті бір бала немесе балалар тобы тарапынан басқа балаға (басқа балаларға) қатысты қасақана түрде қатыгездік танытуы, физикалық және (немесе) психикалық тұрғыдан қорлауы деп біледі [5, 240-276 б.].

«Буллинг» немесе «әлімжеттікке» ұшыраған жасөспірім әлеуметтік, психологиялық күйзеліске ұшырап, өзіндік бағалауы күрт төмендейді. Психотерапевт И.С.Бердышев келесідей анықтаманы қолдайды: «буллинг – бір немесе бірнеше адамның тарапынан саналы түрде, ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылатын зорлық, қорлық, ол өзін қорғаудан туындамайды» [11, 5 б.].

Белгілі әлеуметтанушы И.С. Кон «буллинг – бұл өзгелердің үрейін туғызуға және оларды өзіне бағындыруға бағытталған физикалық немесе психологиялық сипаттағы қорқытып үркіту, террор» - [12, 15-18 б.] пайымдайды.

Ресей ғалымы Е.В. Гребенкин зерттеулерінде буллинг тек балалар арасында ғана емес, сонымен қатар, «мұғалім мен оқушы» қатынасында да болатынын айтады [13].

Демек, жалпы орта мектептің әлеуметтену үрдісінде «буллинг» немесе «әлімжеттік» құбылысын әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық талдауды қажет етеді.

Д.Лэйн зорлық-зомбылықтың физикалық және психикалық түрлерін бөліп көрсетеді [5]. И.С. Бердышев сөз, әрекет және агрессияға негізделген буллинг түрлерінің бар екендігін айтады [11].

Қоғамдағы әлеуметтік саланы барынша дамыту жағдайында әлеуметтік педагогтарға жоғары талаптар қойылуда. Шетел зерттеушілерінен әлеуметтік педагогтардың кәсіби қалыптасуы мәселесі төңірегінде М.А. Галагузова, А.В. Мудрик, Л.В. Мардахаев, Ф.А. Мустаева, жасөспірімдік девианттық мінез-құлықты қарастырған Ш.Жаманбалаеваның, З.М. Садвакасова, А.Т. Ақажанованың; әлеуметтік қорғау саласындағы Л.Қожамқұлованың, К.Биекенов пен З.Жаназарованың [14] еңбектерінде түрлі аспектіде кеңінен талданған.

Бұл мәселе, бірақ кеңінен зерттеліп жатса да, оны болдырмау үшін нақты шаралар аз мөлшерде жасалынауда. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық қатынастар, ғалым Е.Н. Пронинаның айтуы бойынша балалар арасындағы буллинг әдеттегі жағдайға айналған. Еліміздегі әрбір мектепте сіз оны көре алатын кем дегенде бір сынып бар [15].

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетінің жетіспеушілігі, оқушылармен алдын-алу жұмыстарына дайын еместігімен байланысты.

Ғалымдар буллингті агрессияның бір бөлігі ретінде қарастырады, кейде бұл ұғымдар ғалымдардың еңбектерінде синонимдер ретінде көрінеді. Л.С. Алексеева осындай буллингті – бұл өзі немесе басқаларға бағытталған күш пен билікті мақсатты түрде қолдану, бұл істің нәтижесі физикалық немесе психологиялық залал деп анықтайды [2, 74].

Кейбір зерттеушілер «агрессия» және «буллинг» түсініктерін салыстырады. Мысалы, А.Гутгенбул зорлық-зомбылықты екі тараптың агрессивті қарым-қатынастарында түсіндіру формасы ретінде қарастырады [16].

Кейде зорлық-зомбылық қатыгездікке байланысты. Г.Н. Арпентьева буллингті іс-қимылдың өзі үшін немесе басқа әрекеттер немесе қауіп-қатер үшін басқа адамдарға қасірет пен зорлық-зомбылық көрсету ретінде айқындайды [17].

Көптеген зерттеушілер агрессия мен буллингті синонимдер деп санайды. Р.Май зерттеулерінде «буллинг пен агрессияның қоғамдық санада өзара байланысты екенін, [18] яғни, буллинг - агрессиялық әрекеттердің салдарынан, агрессиялық мінез-құлықтың әсеріне туындайтын іс-әрекет» - деп тұжырым жасайды.

Д.Н. Гриненко әлеуметтік жағдайға байланысты, мысалы, буллингке жауап ретінде жазаның болуы немесе болмауы, сондай-ақ бұл фактордың жеке тұлғаның қалыптасуына қалай әсер ететінін (агрессордың) агрессивті мінез-құлқын қалыптастыру факторларын қарастырды [17].

К.Бутнер агрессивтік әрекеттердің көрінісін үш топқа бөледі: тыйым салынған, рұқсат етілген және шартты түрде рұқсат етілген агрессия [11].

Г.Н. Арпентьеваның пікірінше: «Ең бастысы – әділдік пен жауапкершілік емес, кек алу және құрбандық жасау барысында, зорлық-зомбылық әрдайым танылмай қалады» [4] – деп көрсетеді.

И.А. Ильин буллингті еріксіз, негізсіз, кері қайталанбайтын агрессивті әрекет ретінде анықтайды, себебі ол зорлық-зомбылыққа теріс әсер етеді [19].

С. Salmivalli зорлық-зомбылықтың тағы бір ерекшелігі – оның әлеуметтік ықпалдасуы кезінде бір субъектінің іс-әрекеті өзгенің ұмтылысына қайшы келетін және мәжбүрлі өзара әрекеттесу кезінде орын алған «мәжбүрлеу» критерийі болып табылады деп тұжырымдайды [19, 5].

Г.М. Андрееваның айтуынша, қоршаған орта адамның дамуына және қалыптасуына әсер етеді. Баланың көп уақыты мектепте өтеді, сондықтан жеке қасиеттердің қалыптасуына құрбылармен қарым-қатынас, әсіресе мектептегі қорлаушылық әсер етеді [20].

Мектепте жиі кездесетін «буллинг» түрлері: вербальды буллинг (ауызша қорлау, қатал сөздермен қорқыту, қорқыту пікірлер), жеке қорлау (төбелес, агрессивті физикалық қорқыту, соққы), әлеуметтік қорлау (оқшаулау тактикасы), кибербуллинг (біреуді электрондық пошта немесе әлеуметтік медиа хабарламаларын пайдаланып қорлайтын сөздер). Міне, осында буллинг түрлері мектептің педагогикалық үрдісінде күнде кездеседі.

Жасөспірімдердің арасында жиі кездесетін эмоционалды буллинг түрлері, яғни келемеждеу, бір адамға үнемі жіберілетін жасырын хаттарды тағайындау, осылайша оған қорлау және әлімжеттік, шексіз ескертулер, қасақана келемеж, және т.б. жатады. Қорқытудың бұл түрі мектептерде кең етек алуда.

Анонимді телефон шалу құрбаны болып оқушылар ғана емес, мектеп мұғалімдері де кездеседі.

Бас тарту, оқшаулау, жәбірленушімен қарым-қатынаста болмау. Бұл әдісті пайдаланудың бастамашысы әдетте буллинг болып табылады. Жәбірленуші сыныптан немесе сыныптан бөлек оқшауланған, шығарылған немесе елемейтін оқушы. Бұның таралуы, жәбірленушінің естуіне қорқу немесе тақтада немесе қоғамдық жерлерде (олармен ойнауға бас тартады, сол үстелде онымен бірге отыруға келмейді, туған күндерге шақырмайды және т.б.) шағылыстырады).

Физикалық зорлық-зомбылық - дене жарақатын тудыруы мүмкін құрдастарына қарсы физикалық күш қолдану. Физикалық зорлық-зомбылықты ұрып-соғу, зиян келтіру, соның салдарынан жәбірленушінің киім-кешек, оқулықтар немесе басқа да жеке заттары, ұрланған немесе жасырылған болуы мүмкін.

Малкин-Пых атап өткендей, мұндай мінез-құлқын қыздарға қарағанда ер балалар арасында жиі кездеседі [27, 332]. Әдетте, физикалық және эмоционалды теріс қылықтар бір-бірімен байланыста жүреді. Жәбірлеу және қорқыту ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін, бұл жәбірленушінің дене немесе психологиялық жарақаттарына алып келеді.

Қорытынды

Жасөспірімдердің арасында ғаламтор арқылы шынайыға жанаспайтын өсек сөздерді тарату арқылы оқушы тұлғасына әсер ету, өзіндік бағалауын төмендетеді.

Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімге оқушының өзін-өзі бағалау деңгейін білуге, себебі балаға көмек жасауда, қажеттілігін қанағаттандыруда, өзіне деген сенімділікті сезінуде, басқа адамдарға деген сыйластықты қалыптастыруда бұл мәліметтер айтарлықтай орын алады.

Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде буллинг мәселелері және оны алдын алу жұмыстарын жасауда психологтың кәсіби біліктілігін қажет етеді. Ол тұлғаның әлеуметтенуіне және оның дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, жасөспірімдерге рухани көмек пен қолдау көрсетуге, осы тұрғыда оның мәселелерін шешуге, әлеуметтік қиындықтарды жеңуге резервтік мүмкіндіктерін қолдана білуге көмектесуге, түрлі жағымсыз құбылыстардың алдын алу шараларын жүргізу, оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқулар, оларды қоршаған микроортаны сауықтыру мәселелерімен айналысады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 жыл.
2. Әл-Фараби Әлеуметтік - этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 78 б.
3. Савакасова З.М. В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: учебно-методическое пособие. – Алматы, 2008. – 192 с.
4. Баженов, В. Г. Психологические механизмы коррекции девиантного поведения школьников : учеб. пособие для вузов / В. Г. Баженов. – Ростов н/Д.: Феникс, 2007. – 352 с.
5. Жұмабаев Ә. «Мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесі». – А., 2003. – 195 б.

6. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар». – Алматы: Ұлағат, 2001. – 202 б.
7. Қалаубек С. «Қиын балаларға көмек». – Алматы: Ұлағат, №5, 2004. – 195 б.
8. Керимов Л.К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – А., 1991. – 235-83.
9. Қайырова Ж. «Ауытқушы мінез-құлқының шығу себептері мен факторлары». – Алматы: Қазақстан мектебі, 2006. – №1. – 193 б.
10. Рамазанова П. ««Қиын» балалардың тағдыры қинап тұр», Шымкент келбеті, 3 желтоқсан, 2004. – 200 б.
11. Байтабанова А. «Сынып жетекшінің қиын оқушымен жұмысы», Сынып жетекшісі, №4, 2004. – 175 б.
12. Дмитриев М.Г., Белов В.Г., Парфенов Ю.А. Практикум по психодиагностике девиантного поведения у трудных подростков. – СПб.: ПОНИ, 2008. – 279 с.
13. Трифонов В.В. Трудный подросток. – А., 1989. – 257 с.
14. Бейсебаева С.Б. «Жастардың девианттық мінез – құлқының дамуына әсер ететін факторлар». Весник КазНУ Серия юридическая. № 3. 2003. – 263 б.
15. Сағымбекова А. ««Қиын бала» мәселесі әлі де қиын», Тәрбие құралы, №3, 2004. – 278 б.
16. Уманов Г.А., Порфенов А.В. „Бала бақыты. – А., 1978. – 305 б.
17. Батталханов Е. ««Қиын» оқушылармен жұмыс ерекшелігі», тәрбие құралы, №4, 2003. – 236 б.
18. Бушканец М.Г. Леухин Б.Д. 'Хрестоматия по педагогике'. – Москва: Просвещение, 1976. – 432 с.
19. Байтұрсынов А. «Оқужай жайы», 1989. – 129 б.
20. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: Учебник. – М.: Гардарики, 2005. – 269 с.
21. Макаренко С. Профилактика полоролевых нарушений у подростков группы риска. // Социальная педагогика. – 2005. - №2. – 79-82 с.
22. Ахметжанова Н. «Қиын балалар қиынлығының қыры». Ұлағат, №2. 2000 жыл.
23. Эфрусси П.П. Физиология подростка. – М., 1971. – 197 б.
24. Блонский П.П. Трудовая школа // избранные педагогические и психологические сочинения: В 2 т. – М., 1979. – 86 с.
25. Раттер М. Помощь трудным детям: Общая редакция А.С. Сливоковской. – М.: Прогресс, 1999. – 72 с.
26. Трифонов В.В. Трудные подростки. – А., 2000. – 71 с.
27. Харисов М. Методы работы социального педагога. // Социальная педагогика. – 2005. - №2. – 45-47 с.

МРНТИ 15.41.39

З.Ж. Айджанова¹, А.Р. Мухси²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі таңда қазақстанда психология ғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсарту болып отыр. Осыған орай қоғамның жаңа талап-тілектері мен әләуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында оқушыларының коммуникативті қабілеттерін дамыту, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу-бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр.

Оқушылардың коммуникативті қабілеттерін дамыту, жеке адамды қалыптастыру педагогикалық психология ғылымының кейбір жақтарын жаңаша қарауды талап етеді. кіші мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде коммуникативті қабілетін дамыту-өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Коммуникативті қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұмытуды қолданудың мәні зор.

Түйінді сөздер: интеллект, коммуникативті қабілет, оқушылардың коммуникативті қабілеті, коммуникативті қабілетті дамытудың алғышарттары.

Айджанова З.Ж.¹, Мухси А.Р.²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова
г. Актау, Казахстан

РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Статья посвящена одной из актуальных и острых проблем психологии в Казахстане является повышение качества знания учащихся и улучшение их образования. В связи с этим развитие коммуникативных навыков учащихся с целью удовлетворения новых потребностей и социального спроса общества, воспитание самостоятельной личности, поколения, склонного принимать независимые решения является сегодня наиболее важной задачей.

Развитие коммуникативных способностей, формирование личности учащихся требует нового взгляда на некоторые аспекты науки педагогической психологии. Развитие коммуникативных навыков у младших школьников в учебе и вне школы является сложной психологической деятельностью в обучении подрастающего поколения. Учитывая, что развитие коммуникативных навыков связано с развитием интеллектуального развития учащихся, важно эффективно организовать учебный процесс, использовать творческие особенности предмета деятельности, забыть о диагностических и творческих задачах во время и вне занятий.

Ключевые слова: интеллект, коммуникативные способности, коммуникативные способности учащихся, предпосылки развития коммуникативных способностей.

Z.Zh. Aijanova¹, A.R. Mukhsi²

^{1,2} Caspian state University of technology and engineering
Aktau, Kazakhstan

DEVELOPING THE COMMUNICATION SKILLS OF JUNIOR SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article is devoted to one of the urgent and acute problems of psychology in Kazakhstan is to improve the quality of students' knowledge and improve their education. In this regard, the development of students' communication skills in order to meet the new needs and social demand of society, the education of an independent person, a generation inclined to make independent decisions is the most important task today.

The development of communicative abilities, the formation of the personality of students requires a new look at some aspects of the science of educational psychology. The development of communication skills in younger students in and out of school is a complex psychological activity in the education of the younger generation. Given that the development of communication skills is associated with the development of the intellectual development of students, it is important to effectively organize the educational process, use the creative features of the subject of activity, and forget about diagnostic and creative tasks during and outside classes.

Key words: intellect, communicative abilities, communicative abilities of students, prerequisites for the development of communicative abilities.

Қазіргі кездегі жас ұрпаққа сапалы білім беру, мектептің оқу үдерісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру дағдыларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Әсіресе әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерін меңгеруде үйретудің бастапқы мақсаты – коммуникативті бағытта оқыту деп санаймын. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді, оқушы үшін өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады. Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрлерінде қалыптасады – тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді. Коммуникативтік оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды. Коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны дұрыс. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді. Бұрынғы сабақтарымда оқушылардың тіл байлығы, сөздік қорлары аз, сөйлемдерді дұрыс орнымен қолданбау, сөздің мағынасын түсінбеу сияқты қиындықтармен үнемі кездесіп отырады

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын,

белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі [1]. Жер бетіндегі ең үлкен байлық – бұл қарым-қатынас байлығы». Сонымен осы оқу процесінің негізінде бұл технология элементтерін пайдаланып, сабақта балалардың білімділігін, іскерлігін, адамгершілік, эстетикалық патриоттық сезімін дамытамыз. Ал нақтылап айтсақ, салыстыру, жинақтау, талдау, нақтылау, жүйелеу байланыс ерекшеліктерімен коммуникативтік оқыту технологиясын пайдалану арқылы топпен, жеке жұппен жұмыс істеу арқылы үлкен жетістіктерге жетеміз. Танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы оқушының бойында коммуникативті қабілеттерін дамыту, бастамашылықты дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп қабырғасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері ашылатын, коммуникативті қабілеттерін дамыту, коммуникативті қабілеттерін дамыту, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру тұрғысындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары айқындалған. Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен тіл мен әдебиет сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады.

Еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мол, білімді, кәсіби біліктілігі жаңалыққа сай жоғары дәрежеде болуын қажет етіп отырғаны белгілі. Мектепке келісімен-ақ бала, бірте-бірте қоғамдық қатынастар әлеміндегі өзінің орнын саналы сезіне бастайды. Бұл өзін оқыту әрекетінің субъектісі ретінде сезінумен тікелей байланысты.

С.Л. Рубинштейннің [2] ойы бойынша қабілеттің дамуы спираль бойынша жүзеге асады: қандайда бір деңгейді көрсететін қабілеттің жүзеге асу мүмкіншілігі қабілеттің ары қарай едәуір жоғары деңгейде дамуы үшін жаңа мүмкіншіліктерді ашады.

Психология ғылымында қабілеттің үш концепциясы қалыптасқан. Оның бірі - қабілет - жеке адамның биологиялық басым қасиеттері, олардың көрінуі мен дамуы тұтастай тұқымқуалаушылыққа байланысты деп дәлелдейді, және қабілеттің тұқымқуалаушылықпен анықталу көзқарасын теріске шығарды.

Қабілеттің бірінші концепциясына қарама-қарсы екінші концепция - қабілет толығымен орта және тәрбиеге байланысты анықталады деп көрсетеді. Өмірлік бақылаулар және арнайы зерттеулер қабілеттің табиғи алғы шарттарын теріске шығаруға болмайтындығын дәлелдейді.

Арнайы іс-әрекеттерде олар ерекше орын алады. Сондықтан кейде жағымсыз ортадан, жағымды ортада болған адамдарға қарағанда үлкен қабілетті адам шығуы мүмкін.

Керісінше, бірдей әлеуметтік жағдайда болған, мысалы, ағалы-әпкелілер, қабілеттерінде айқын байқалатын өзгешеліктер, жалпы даму барысы темпінде аса үлкен өзгешеліктер көруге болады.

Біршама дұрыс концепцияны қабілеттің үшінші концепциясының өкілдері Б.М. Теплов [3], В.А. Крутецкий [4], Я.А. Пономарев [5] еңбектері түсіндіреді.

Үшінші концепция табиғилықтың мәнін жоққа шығармайды, сонымен бірге қабілеттердің әлеуметтік тарихи сипатын ашып көрсетеді.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда осы концепцияларды басшылыққа ала отырып, бастауыш мектеп оқушысына әлеуметтік қолайлы жағдай құру арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамытуға қажеттігін дәлелдеп отырмыз.

Сонымен психология ғылымында қабілеттің пайда болуына әсер ететін факторлардың үш тобын атап көрсетейік: тұқымқуалаушылық, орта, тұқымқуалаушылық пен ортаның өзара әрекеті.

Б.М. Теплов қабілет туа пайда болмайды, нышан туа пайда болады – бұл жүйке жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері деп көрсетеді.

Э.А. Голубева [6] жалпы қабілеттер биологиялық негіз деңгейінде және олардың психикалық көрінулер деңгейінде темперамент қасиеттерімен байланысты деп есептейді.

Бұл еңбекке қабілет, белсенділікті және өзін-өзі реттеу қабілеттерін көрсетеді. Осыдан қорыта келе, В.Н. Дружинин [7] темпераменттік қасиеттер қабілеттің көрінуін анықтайды және осыған орай олардың қызметі мен дамуына әсер етеді деп түсіндіреді.

Бұдан басқа темпераменттік белгілер қабілеттің дамуында болатын индивидтің жүзеге асу тәсілін, ортаны, іс-әрекеттің түрімен ситуацияларын таңдау тәсілдерін анықтайды.

Оқыту барысында бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік қабілеттерін дамыту және қалыптастыру. Әрбір адамның қабілетінде іс-әрекеттің тарихи шоғырланған жеке даралық тәжірибе көрінеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған білімдер - адамдарға жаңа міндеттер қойып оны шешуде негіз бола алады.

Осындай әртүрлі жұмыстар өз күштерін жан-жақты сынап көру - әрбір оқушының жеке даралық қабілеттерінің көрінуіне, дамудың жағдайларын қамтамасыз етуге, оқу процесін балалар үшін қызықты етуге себеп болады.

Л.Ф. Бурлачук және В.М. Блейхер еңбектерінен [8] сабаққа аса үлгермейтін оқушылардың арасынан ақыл-ой дамуы жоғары деңгейдегі оқушыларды кездесетіндігін аңғаруға болады. Олардың сабаққа үлгермеу себептерін аталмыш ғалымдар оқуға деген мотивацияның, болмауымен түсіндіреді.

Әрі орташадан төмен деңгейдегі интеллектілі адамдар - ешқашан жақсы оқитын оқушылар қатарына қосыла алмайтындығын атап өтеді. Е.П. Торренс моделіндегі интеллект пен коммуникативтік қабілеттің арасындағы байланыс аталмыш заңдылықты бекіте түседі.

Е.П. Торренстің [9] айтуы бойынша: интеллект креативтіліктің ең негізгі базасы, интеллектуалды адам творчестволы адам болуы мүмкін, бірақ интеллектісі төмен деңгейдегі адам ешқашан креативті бола алмайды.

В.Н. Дружинин және тағы басқалардың зерттеу нәтижелері мынадай сипатта түсініктеме береді:

1. Вербалды интеллект деңгейі барлық оқу пәндерін, әсіресе гуманитарлық (әдебиет, тарих және т.б.) пәндерді терең нәтижелі меңгеруді анықтайды.

2. Кеңістікті интеллект деңгейі жаратылыс-гуманитарлық және физика-математикалық циклдағы пәндері бойынша сабақ үлгерімін жоғарылатады.

3. Формалы (сандық) интеллект деңгейі математика пәні бойынша сабақ үлгерімін жоғарылатады.

В.А. Самойлова және Л.Я. Ясукованың зерттеулері [10 34 б.], креативті, интеллект және оқу үлгерімінің өзара байланысын көрсету және жалпылау мәселелері үшін өте күшті материал бола алады.

Олардың зерттеулері бойынша негізінен көбінесе оқушылардың өздері қызығатын пәндері бойынша жақсы оқитындар арасынан шығармашылық қабілеті жоғары көрсеткішті көрсететін балалар кездеседі.

Бастауыш мектеп жасындағы дарындылық дегеніміз не? Бұл болашақ таланттың көрінуі ме әлде, оқу іс-әрекетіне жақсы дайындық па?

Қабілеттің өзіне тән ерекшелігін қалай көруге болады және олардың дамуы үшін балаға қалай көмек көрсетуге болады?

Бастауыш мектеп кезеңі – білімнің жинақталу, оған нәрлену кезеңі, мүмкіншілік бойынша меңгеру кезеңі. Осы балаларға тән қабілет мұндай функциялардың нәтижелі орындалуын жүзеге асырады.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән қабілетке: беделдікке сенімді бағыну, қабылдағыштық жоғарылауы, әсерленгіш, өздері келіскен көптеген нәрселерге шынайы - ойындық қатынас құру жатады.

Бастауыш мектеп оқушыларында аталмыш қабілеттердің әрқайсысы өзінің жағымды жақтарынан ең негізгісі және осы жастың өзіне тән қайталанбас қасиеті болып келеді.

Қабілеттің қалыптасуында қандайда бір жасқа байланысты қасиеттерінің қосар үлесі қандай екенін түсіну үшін, жас ерекшеліктер тек ауыспайды, бір-бірін ығыстырады, бірақ қандайда бір деңгейде ерекше із қалдыратынын, бекітетіндігін ұмытпау қажет. Осының негізінде әрбір балада - қандайда бір деңгей өзіндік ерекшелікке тән.

Сонымен, жасқа байланысты құбылыс - дамудың ерекше журу барысы - дарындылық факторы ретінде интеллект жоғары әсер етеді. Тек кейбір өз жасынан алда болатын балаларда осы сияқты ақыл-ой сабақтарының ұстанымдылығы - тұрақты ерекшелік болып қалады.

Басқа осындай балаларда басқа бірдей жағдайларда тынымсыз қажеттілік келешекте ақыл-ойдың күшін төмендетеді – бұл дамудағы қабілеттерде көрінеді.

Мұндай өзгешеліктерді дамудың келесі барысында балалар дарындылығының айқын көрінуі, көбінесе белгілі бір кезеңде пайда болатын, қандайда бір деңгейде отетін ерекшеліктерге байланысты, жас ерекшелікті қолдау ретінде қарастыруға болады.

Балалықтың бір сатысынан, екінші сатысына өтуінде өзгертін ерекше сезгіштік, белсенділіктің бағыттылығы әртүрлі жас кезеңіндегі қасиеттердің бірігуі, араласуы - интеллектің жандануы мен қалыптасуының қажетті жағдайы алғы шарттары болып табылады.

Дегенмен, мектептердегі көпшілік мұғалімдер, толық сыныппен жұмыс істей отырып қай баланың алда жүріп келе жатқандығын бағдарлау мүмкіншілігі бола бермейді.

Көптеген мұғалімдерде творчестволық, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға балалармен жұмыс

істеуге ешқандай уақыттары болмайды, ал кейбіріне көрнекті саналы, ақыл-ой белсенділігі жоғары оқушылар кедергі жасауы мүмкін.

Мынадай жағдайларда кездеседі: педагог бастапқыда көрнекті оқушыға едәуір қиын тапсырмалар беруге, арнайы уақыт бөлуге тырысады. Бірақ кейін мұндай ниеті (ал кейде ата-анаға берген уәдесі) ұмытылады – бұл үшін мұғалімнің не уақыты жоқ, не күші жоқ.

Сондай-ақ сирек кездесетін, әдеттен тыс ақыл-ойы жоғары денгейдегі оқушыдан педагог, ең алдымен үйренуге қабылдағыштық көреді, ал мұндай бала ерекше қатынасты қажет екенін байқамайды.

Кей жағдайда қиыншылық – өз құрбыларынан алда келе жатқан бала үнемі өзіне зейін аударып тұрғанға бейім болуынан басталады.

Тапсырманы орындауға тырысушылық, мұғалім сұрағына дұрыс жауап беруге дайындық – оның сүйікті ақыл-ой жарысы, сондықтан ол басқалардан жылдамырақ қол көтереді, - қуанышты күйде болып, мақтауға ие болады, осының негізінде үнемі жаңа ақыл-ой қорегіне қажеттілік туындайды.

Балалардағы творчестволық мінез әрекеттерінің қалыптасуына, оған ілтипатпен, сыйластықпен қарайтын айналасындағы ересектердің мәні зор. Сондықтан ересектер балалардың творчестволық жемісін жетілдіруге ықпалын тигізіп, баланың творчестволық бастауын құптауы қажет.

Қандай да бір творчестволық ойын кезінде құрылған жағымды, қолайлы жағдайлар баланың ойлау иілгіштігін, өз ойларын өңдеп нақтылауға машықтануын дамытады.

Балалардағы творчестволық қабілет даму үшін ең негізгі потенциал - ішкі мотивациялық әрекет - творчестволық ойын арқылы туындайды.

Автор мектеп жасына дейінгі балалардағы творчествоны белсендіру, дамытушы ойындарды ұйымдастыру әдістері арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді [11].

Қабілеттің өте ерте жаста дамып жетілген балалардың кейбірінде - жалпы ортақ талаптарға әйтеуір бір бейімделу болады. Мұндай балаларды өзгешелейтін бірқатар негізгі ерекшеліктер жоғалмаса да құндылығының мәні төмендеуге әкеп соғады.

Олар өзбеттілікті амал жоқ аз көрсететін болады, өзінің білуге құмарлығы мен творчестволық қасиеттерін тежейтін болады. Олардың ерекше мүмкіншіліктері керек болмай қалады.

Жоғары қабілетті оқушыларға басқа оқушыларға қарағанда, мысалы үй тапсырмасын орындау формасы бойынша сабаққа тақырыпта қамтылмаған қандай да бір нәрсені айтқанына, жазбаша жұмыстарындағы жазу көріністерінің ұқыпты еместігіне баға көбірек қойылады. Ал, бірқатар жанұяларда кезкелген төмен баға драма ретінде қабылданады.

Осы сияқты педагогикалық жағдайларда бастауыш сынып оқушыларында оқытудың танымдық мотивтерінің қалыптасуы үлкен қиындықпен жүзеге асады, бұл әсіресе міндетті шешудің жалпыланған тәсілдеріне оқушыны бағыттауға арналған оқу-танымдық мотивтерге қатысты [12, 155 б.].

Бастауыш мектептің алдында қазіргі таңда үлкен міндет тұр: ол оқытуды дамытушы сипатта құру.

Әрекетке сол немесе өзге ойлау амалдарының қосылуын жүзеге асыратын маңызды фактор тапсырманың мазмұны болады. Нақ осы оқу әрекетінің мазмұны арқылы мұғалім мектеп оқушыларының ойлау әрекеттеріне педагогикалық басшылықты бағдарлай алады.

Қоғамның күнделікті мектепке қояр талабы қатты күшею үстінде. Оқу бағдарламасы ұдайы күрделеніп, қиындауда, білімнің меңгерілу қарқыны артуда.

Осы жағдайларда әсіресе өткір болып тұрған мәселе - оқушылардың оқыту тиімділігін арттыру мәселесі. Сондықтан да, оқушыларды терең талдауға, ұғынуға, алған білімдерін ой елегінен өткізіп, оны қолдануға үйрету қабілеттерін дамыту маңызды да, шешілуі күттірмейтін жайт болып отыр [13, 79 б.].

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық процестерінің бағалануы туралы проблеманы бастамас бұрын, осы аталған жас кезеңіне, қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік.

Мектепке келісімен-ақ бала, бірте-бірте қоғамдық қатынастар әлеміндегі өзінің орнын саналы сезіне бастайды. Бұл өзін оқыту әрекетінің субъектісі ретінде сезінумен тікелей байланысты.

Жаңа әлеуметтік ортаға түсе отырып бала өзінің, ерекше орнына ие болуға тырысады, өзіне жаңа әлеуметтік рөлді алуға икемделеді, өзі секілділермен қарым-қатынасқа түсуді ойластырады. Мұндағы ең маңызды жайт: бала тек мектеп оқушысының рөлін ғана қабылдап қоймай, оқушының рөлін, бағытын ұстануы тиіс.

В.И. Слободчиков және Г.А. Цукерман былай деп есептейді: "бастауыш мектеп кезеңінің аяғындағы психикалық дамудың нормасы болып оқушының позициясының құрылуы" есептеледі және бұл позиция авторлар пікірінше оқушының "өзінің білмейтіндігін мойындауы" және ересектерден көмек алуға дайын тұруы сияқты әрекеттермен сипатталады [14, 21 б.].

Баланың өзіндік сана-сезімінің өзгеруімен қатар, оның құндылықтары, қызығушылық, мотивтері де өзгеріске ұшырайды. Енді бала эмоция, қайғыруларын қатты сезінеді әрі жақсы есінде сақтайды. Бұл

эмоция, қайғырулар баланың өзін-өзі бағалауын дамытуға тікелей әсер етеді. Баланың ішкі және сыртқы өмірін дифференциялауы жүзеге асады да, тікелей мінез-құлқына, тәртібіне ықпал етеді.

Біз зерттеу жұмысымызда кіші мектеп кезеңін алып отырған себебіміз, оқушылардың коммуникативті қабілеттерін дамыту, жеке адам ретінде дамуына бұл кезеңнің мәні зор. Сондай-ақ қабілетті балалардың коммуникативті шығармашылық потенциалын дамытуда оқыту жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізу, оқыту үрдісін біршама жаңаша ұйымдастыруды да негізге алуы қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Общение и речь: развитие речи у детей в общении со взрослыми/под. Ред. Лисиной М.И. – М.: Педагогика, 1985.*
2. *Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. – М.: Изд-во АН СССР, 1959. – 354 с.*
3. *Теплов М.Б. Психология. – М., 1996. – 210 с.*
4. *В.А. Крутецкий [22], Вопросы психологии способностей. /Сб. статей. Под ред. В.А. Крутецкого. – М., Педагогика, 1973. – 216 с.*
5. *Пономарев Я.А. Психология творчества. – М., 1989. – 212с.*
6. *Голубева Э.А. Способности и индивидуальности. – М.: Прометай, 1993. – 306 с.*
7. *Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – СПб.:Издательство “Питер”, 1999. – 368. (серия “Мастера психология”)*
8. *Блейхер В.М., Бурлачук Л.Ф. Психологическая диагностика интеллекта и личности. – Киев: Высшая школа, 1978. – 200 с.*
9. *Torrance P. The search for satori and creativity. – Buffalo, 1979.*
10. *Одаренные дети: Пер. с англ. /Общ. ред. Г.В. Бурменской и В.М. Слущкого; Предисл. В.М. Слущкого. – М.: Прогресс, 1991. – 376 с.*
11. *Рубцов В.В., Ривина И.В. Уровни системности в формировании учебно – познавательной деятельности // Вопросы психологии. - 1985. - №2. – С. 155-159.*
12. *Бабич Н.И. Психологические особенности детей младшего школьного возраста. – М.: Знание, 1970. – 80 с.*
13. *Л.А. Петровская Компетентность в общении. Социально-психологический тренинг. – М.:Изд-во МГУ, 1989.*
14. *Развитие и диагностика способностей //отв. ред. В.Н. Дружинина, В.Д. Шадриков. – М.: Наука., 1991. – 300 с.*

МРНТИ 15.21.61

Қасен Г.А.¹, Баймолдина Л.О.²

^{1,2} *Казахский национальный университет им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан*

ТЕХНИКИ НЛП В ПРЕВЕНЦИИ СУИЦИДАЛЬНО-НАПРАВЛЕННЫХ ЛИЧНОСТНЫХ РАССТРОЙСТВ

Аннотация

Авторы обосновывают, что цель техник НЛП в работе с личностными расстройствами заключается в снижении уровня тревоги, депрессии, паранойи, агрессии, в преодолении глубоких личностных проблем, вызванных посттравматическим стрессовым расстройством. А все это в свою очередь должно содействовать снятию суицидального аспекта в структуре личности консультируемого.

В статье представлены техники НЛП-консультирования на основе Модели стратегий НЛП. Модель стратегий НЛП описывает стратегии, вызывающие нарушения и патологические состояния в жизни людей, а также предлагает способы их преодоления и необходимые для этого навыки и умения. Красной нитью по статье проходит идея, что в НЛП процесс помощи людям по изменению их личностных расстройств – это процесс изменения их жизненных стратегий. Подробно описываются такие техники, как «Встраивание новой стратегии», «Изменение субмодальностей», «Изменение физиологического контекста» и «Использование заданий».

Анализ исследований зарубежных ученых и ознакомление с выдержками из их трудов, позволил авторам прийти к убеждению в том, что клиенты, испытавшие на себе воздействие НЛП, более ответственно относятся к своей жизни и обладают более эффективными жизненными навыками.

Статья будет интересна специалистам по НЛП и психотерапии, школьным психологам, а также всем, кто интересуется современными методами изменения поведения, развития и гармонизации личности.

Ключевые слова: НЛП, НЛП-консультирование, субмодальности, личностные расстройства, психические расстройства, суицид, суицидальное поведение, суицидент, якорение, рефрейминг.

Г.А. Қасен¹, Л.О.Баймолдина²

^{1,2} ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СУИЦИДАЛЬДЫ-БАҒЫТТАЛҒАН ТҮЛҒАЛЫҚ БҰЗЫЛУЛАР ПРЕВЕНЦИЯСЫНДАҒЫ НЛБ ТЕХНИКАЛАРЫ

Аннотация

Авторлар жеке тұлғаның бұзылыстарымен жұмыс барысындағы НЛБ әдістерінің мақсаты мазасыздықты, депрессияны, паранойяны, агрессияны азайту және жарақаттан кейінгі стресстің бұзылуынан туындаған жеке тұлғалық проблемаларды жеңу болып табылады деп негіздейді. Мұның бәрі, өз кезегінде, кеңес алушы тұлғаның құрылымындағы суицидтік аспектіні жоюға ықпал етуі керек.

Мақалада НЛБ стратегиясының моделі негізінде НЛБ-кеңес беру техникалары көрсетілген. НЛБ стратегиясының моделі адамдардың өміріндегі бұзылыстар мен патологиялық жағдайларды тудыратын стратегияларды сипаттайды, сонымен қатар оларды жеңудің жолдары мен қажетті дағдыларды ұсынады. Мақалада жиі кездесетін мәселе - НЛБ -да адамдарға жеке басының бұзылыстарын өзгертуге көмектесу, олардың өмірлік стратегияларын өзгерту процесі.

«Жаңа стратегияны енгізу», «Субмодальдылықты өзгерту», «Физиологиялық мәнін өзгерту» және «Тапсырмаларды қолдану» сияқты техникалар егжей-тегжейлі сипатталған.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау және олардың шығармаларындағы үзінділермен танысу авторлардың НЛБ әсерін бастан кешірген клиенттер өз өмірлерінде анағұрлым жауапкершілікті және тиімді өмірлік дағдылары бар деген қорытындыға келуіне ықпал етті.

Мақала НЛБ және психотерапия саласындағы мамандарға, мектеп психологтарына, сондай-ақ мінез-құлықты өзгерту, тұлғаны дамыту және үйлестірудің заманауи әдістеріне қызығушылық танытқан адамдардың бәріне қызықты.

Кілттік сөздер: НЛБ, НЛБ-кеңес беру, субмодальдылық, тұлғалық бұзылыстар, психикалық бұзылыстар, суицид, суицидтік мінез-құлық, суицидент, якорь салу, рефрейминг.

G.A. Kassen¹, L.O. Baimoldina²

¹ al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

² al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

NLP TECHNIQUES IN THE PREVENTION OF SUICIDAL PERSONALITY DISORDERS

Abstract

The authors argue that the purpose of NLP techniques in working with personality disorders is to reduce the level of anxiety, depression, paranoia, aggression, in overcoming deep personal problems caused by post-traumatic stress disorder. And all this, in turn, should contribute to the removal of the suicidal aspect in the structure of the personality of the consulted.

The article presents the techniques of NLP counseling based on the Model of NLP strategies. The NLP strategy model describes strategies that cause disorders and pathological conditions in people's lives, and suggests ways to overcome them and the skills and abilities needed to do so. The main thread of the article is the idea that in NLP the process of helping people to change their personality disorders is the process of changing their life strategies. Techniques such as "Embedding a new strategy", "Changing sub modalities", "Changing the physiological context" and "using tasks" are described in detail.

The analysis of the studies of foreign scientists and familiarization with excerpts from their works, allowed the authors to come to the conviction that clients who have experienced the impact of NLP, more responsible attitude to their lives and have more effective life skills.

The article will be of interest to specialists in NLP and psychotherapy, school psychologists, as well as anyone interested in modern methods of behavior change, development and harmonization of personality.

Keywords: NLP, NLP counseling, sub modalities, personality disorders, mental disorders, suicide, suicidal behavior, suicidal, anchoring, reframing.

Введение

Суицидологами доказано, что большая часть суицидов совершается из-за аффективных и личностных расстройств, особенно тяжелых депрессий.

Анализ последних работ показал, что зарубежные исследования не разграничивают психические расстройства; аффективные расстройства, расстройства, связанные с употреблением психоактивных веществ, шизофрению и расстройства личности. В основном исследователи выделяют их как личностный фактор - Britton P.C., Conner, K.R. [1]; Schneider B. [2].

Такие хронические факторы риска, как психические расстройства (например, депрессивное или биполярное расстройство), при взаимодействии с острыми факторами, например, стрессовой ситуацией в связи с прекращением отношений, существенно увеличивают вероятность суицидального поведения (Annette L. Beautrais [3]; King C.A., Foster C.E., Rogalski K.M. [4]).

Греческий философ Теофраст (370-285 гг. до н. э.) описал 30 типов расстройств личности [5]. Немецкий психиатр Курт Шнайдер в 1923 г. – 10 категорий, которые представлены в книге «Психопатические личности», он же ввел понятие личностных расстройств. Его ярлыки, такие как «злая» или «фанатичная» личность, приблизили его к традициям времен Теофраста [6].

На Востоке классификация типов личности и личностных расстройств основана на взаимоотношениях между телом и разумом. Примером может служить Система пяти элементов в традиционной китайской медицине [7]. Эта система предполагает, что у каждого человека один из основных меридианов (или одна из систем органов) имеет тенденцию быть в большей степени подверженным стрессам. В результате возникают как физические последствия, так и психологические проблемы. В этой системе выделяют пять основных психологических проблем - гнев, безумие, ригидное мышление, печаль и страх [8].

Самым часто применяемым диагностическим инструментом в западной психиатрии является «Руководство по диагностике и статистической классификации психических расстройств», издаваемое Американской психиатрической ассоциацией (АПА) [8]. АПА включила в это руководство десять типов личностных расстройств, а Всемирная организация здравоохранения в своей классификации психических и поведенческих расстройств ICD-10 насчитывает их всего десять [9].

С точки зрения таких исследователей, как Ганс Айзенк, существует лишь небольшое количество черт личности (метапрограмм), которые можно продемонстрировать исследованиями. В вопроснике Айзенка [10] выделяются только три метапрограммы: «экстраверсия», «психотизм» и «нейротизм». Айзенк утверждает, что эти черты личности в своих экстремальных формах порождают клинические расстройства, а в менее экстремальных, но несбалансированных формах они приводят к личностным расстройствам [11]. Их комбинация составляет основу для личностных различий в пределах нормы.

Сегодня уже многими западными исследователями, с трудами которых только в последние годы мы получили возможность ознакомиться (как в переводах, так и в оригинальных текстах) доказано, что вмешательство, основанное на нейролингвистическом программировании (НЛП), приводит к снижению уровня тревоги, депрессии, паранойи, агрессии, помогает решать проблему компульсивного поведения и другие личностные проблемы. При этом самыми опасными при личностных расстройствах, по мнению большинства из них (Ричард Болстад, Марго Хэмблетт, Роберт Дилтс, Ричард Бэндлер, Джудит Делозье, Джордж Миллер, Юджин Галантер, Карл Прибрам и др.), все-таки, являются суицидальные тенденции, т.к. именно они наносят тяжелейшую травму близким суицидента, опровергают ценность человеческой жизни и являются специфическим психогенным фактором, снижающим уровень оптимизма и активности членов общества.

В соответствии с этим, мы предполагаем, что превенция личностных расстройств на ранних возрастных этапах снизит уровень суицидальности молодежи.

Личностные расстройства легкой и тяжелой степени как предвестники суицидальных тенденций личности

В психиатрическом руководстве DSM-IV Американской психиатрической ассоциации [8] депрессия характеризуется наличием чувства печали или опустошенности, отсутствием интереса или удовольствия, ощущением никчемности или вины, неспособностью мыслить, постоянно возвращающимися мыслями о смерти, бессонницей или повышенной сонливостью, потерей или набором веса, возбуждением или

замедленными реакциями. Это психофизиологическое расстройство угрожает жизни. Исследования показали, что чем более выражены эти симптомы, тем ниже реактивность лимфоцитов и уровень иммуноглобулина в крови у депрессивных людей, то есть их иммунная система повреждена и они больше подвержены заболеваниям.

Распространенность депрессии различается в зависимости от социальной группы и времени. Тщательно выверенные исследования [12] показывают, что за прошедшее столетие область распространения депрессии выросла втрое. Она достигла такого уровня, что 25% людей находятся хотя бы в легкой степени депрессии [11]. Эти и другие статистические данные показывают, что «депрессия» является результатом личного опыта, а не наследственности [13].

Обобщая многие исследования депрессии, Р. Болстад, утверждает, что депрессия есть результат объединения и ассоциации человека в прошлых проблемных ситуациях, «застывания» в кинестетических реакциях и привязанности к аудиальным дигитально-кинестетическим петлям [14].

Міне, бағалаудың өзектілігі бүгінгі таңда бізді де педагогтарды да қатты ойландырып, зерттеуге тура келеді.

1. Психология, яғни бұл ғылым бағалауды оқытудың негізін құрайтын және негізгі оқыту шарты деп қарайды.

2. Педагогикада яғни, жоғары оқу орнында бағасына тәрбиелік, ынталандырушы рөлге, сипатқа ие болу жағын көздейді.

3. Кибернетика, яғни әрбір жүйеде кері байланыс механизмінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетінің болатындығын растайтын ғылым. Мақсатты әрекетке жағдай болып ауыспалы қалыптың тіркелуі және соның негізінде алынған мәліметтер арқылы процесті басқару болып табылады.

Оқытудың мақсаты – баға алу, ұпай жинау емес. Баға қою-сыртқы мотивацияны, сонымен бірге “өзін-өзі бақылау”, “өзін-өзі бағалауға” негізделген ұпайлар саны соның ішінде негізгі ұпай – мақтауды не сыйлықты білдірмей, оқыту шарасы, тексеру техникасы, жұмыстың мазмұнын сипаттайтын ішкі мотивация болады.

Ішкі мотивтер – бүкіл әрекетке, оқытуда да сыртқыға қарағанда тиімдірек болады.

Оқыту технологиясының тұрғысынан өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалаудың маңыздылығын жоғарыда айтылған жайлардан білуге болады.

Мұғалімнің бағалау әрекеті өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауды ауыстыра алмайды. Білімгер өз әрекетінің нәтижесін көре білуі тиіс. Оқыту процесінде қателіктер табу, жұмысқа толықтыру енгізу, дұрыс, қате жақтарын көре білу өте маңызды. Студент нәтижелі орындайтын тапсырма арқылы оның мотивациялық аумағы үлкен әсер алады (білім мен шеберлігін тиімді қолдануда қуануы).

“Адам өзі не жасай алатын болса, соны жасауды ұнатады”, – дейді психолог С.В. Олпорт.

С.М. Жақыпов өзінің зерттеулерінде былай дейді: “біздің зерттеулеріміз көрсеткендей-ақ оқыту барысында танымдық процестердің өнімді бірлігін ұйымдастырудың қажетті шарты – оқыту үрдісіне қатынасшылардың, яғни оқытушы мен білім алушының танымдық әрекеттерінің қалыптасуы және дамуы болады [5,55 б.]. Ұйымдасқан оқыту жағдайларында алдын-ала жоспарланған білім алушының танымдық әрекеті оқыту үрдісіндегі өзара әрекеттесуші индивидтердің субъект-субъектілі кеңістігінде өрби отырып, оқып-білім алушылардың танымдық әрекеттерін дамытып, қалыптастыру үшін алғашқы жағдайларды жасайды оқыту үрдісінде танымдық әрекет ерекше психологиялық феномен бола отырып, оқыту жағдайларында танымдық процестер негізінде (әсіресе қабылдау, ес пен ойлау) қалыптасқан, танымдық әрекеттің тұтас жүйесін құрайды, онда ойлау жүйе құраушы фактор рөлін орындайды.

Оқыту үрдісінде танымдық әрекеттердің психологиялық негізі-білім беруші мен білім алушылар әрекеттерінің бірлігі шарасында қалыптасатын біріккен-диалогты танымдық әрекет болып табылады. Оқып-білім алушылардың танымдық әрекеті интериоризацияланған біріккен-диалогты танымдық әрекет сияқты болады.

Таным тәсілі ретіндегі теориялық ойлау сипаттамаларын қарастыру және жоғарыдағы ғалымдар еңбектерін терең талдай келе бірқатар жобаларды негіздеуімізге тура келді.

Анатолий Залманович Зак өз жұмысында ойлауды логикалық және психологиялық жағынан тұтас нәрсе деп зерттеді. Балалардың міндеттерді шешуіне орай (теориялық, эмпирикалық тәсілдер арқылы

жүзеге асуына байланысты) таным теориясын зерттеген мамандар жасаған ойлау түрлерінің сипаттамаларына бұл автор сүйенген (танымды зерттегендер: Э.В. Ильенков, Л.К. Науменко, П.В. Копнин, М.К. Мамардашвили, С.Л. Рубинштейн, В.С. Швырев, В.А. Штафф және т.б.).

Біріншіден, теориялық ойлау танылатын объект жөнінде яғни, оның мәнді, ішкі, қажетті байланыстары жайлы түсінік, ұғымның қалыптасуына бағытталған.

Ал, эмпирикалық ойлау керісінше, танылатын объектілердің дайын анықтамаларына сүйене, олардың сезімдік қабылданатын сыртқы қасиеттері мен байланыстарын бейнелейді.

Психологиялық тұрғыдан, теориялық ойлау мәселесі психикалық құбылыстарды әрекеттік қатынаста оқып-меңгеру бағытында зерттелді.

Теориялық ойлау-заттардың мәнін бейнелеуге қажетті объективті шындықты адамның тану тәсілі. В.В. Давыдовтың жалпы теориясына сәйкес, бұл кезең эмпирикалық тәсілден теориялық бағытталу тәсілдеріне көшуімен сипатталады. Студенттердің ойлауының дамуын анықтау, даму кезеңдерін және деңгейлерін айқындау – оқыту сапасын арттыруға мотивация жасаудың мәнді формасы болады.

Студенттердің интеллектуалды дамуын зерттеген үлгілер көрсеткендей-ақ, оқыту тек қана оқу материалын меңгеруге қажетті психикалық қабілеттердің қалыптасу деңгейіне сәйкес келгенде ғана жүзеге асуы мүмкін. Мұндай негізгі, түпкілікті қабілеттің бірі ретінде – жүйелілікті алуға болады.

"Оқытудағы белсенді әдістер" термині 1960 жылдардың соңында пайда болды. "Жаңа дегеннің өзі-жақсы ұмытылған ескі" дегендей-ақ, белсенді оқыту әдістерін тіпті ерте грек оқымыстылары Сократ) б.э.д. 399-469) басқарылатын диалог ретінде қолданған екен. Онда тыңдаушылар пікірталасқа тартылып, тек қана мәселесін шешіп қоймай, оған қажетті білімді игеруге тырысқан екен.

Ал, қазіргі күндегі белсенді оқыту әдістерінің негізінде топтық пікірталас орын алады.

Белсенді оқыту әдістерінің философиялық негізі болып біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет табылады, ол өз кезегінде оқыту процесінің мүмкін болатын жоғарғы тиімділігіне қол жеткізу шарты болады. Бұл дегеніміз, біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет белсенді оқыту әдістерінің философиялық критеріі ретінде болады деген сөз немесе басқаша айтқанда, біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мүмкін болғанда белсенді оқыту әдістері жайлы айтуға болады. Бұл әдістердің ең қарапайым түрі: имитациялық жаттығулар. Олар шартты-белгілілік формалар арқылы беріледі.

Ұйымдастырушы – техникалық күрделілігіне қарай белсенді оқыту әдістерінің келесі түрі – нақты жағдайларды талдау.

Студенттердің әлеуметтенуіне оқу мотивациясының әсерін психологиялық тұрғыда көп тараған түрлерінің бірі – топтық пікірталас болып табылады. Топтық пікірталастың модификациясы болып "ми шабуылы" табылады. "Топтық пікірталас" термині батыс еуропалық философиялық әдебиеттерде, ал "ми шабуылы" термині – ағылшын-американ философиялық әдебиеттерінде қалыптасып бекіді.

Оқыту мотивациясының негізгі құрылымдарының бірі – міндеттің шешілуіне бағытталған тәсіл ретіндегі оқу-танымдық мотивтер болып табылады. Студенттердің әлеуметтенуіне оқу мотивациясының әсерінен қалыптасуы олардың оқу әрекеттерінің сипатымен анықталады және де ең алдымен олардың теориялық білімді игеруге бағыттылығымен байланысты болады. Бұл білімдердің мазмұны оқылатын материалдық мәнді қатынастары, әрі соған байланысты міндеттерді шешудің жалпыланған тәсілдері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. – М.: Изд-во. АН СССР, 2008. – 147 с.*
- 2. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: Соч.: В 2-х т. – М.: Педагогика, 2003. – 392 с.*
- 3. Ленард Ф., Андрущак В.М. Научно-педагогические основы повышения качества знаний учащихся средней школы. – Киев, 2010. – 250 с.*
- 4. Менчинская Н.А. Психологические вопросы анализа развивающего эффекта обучения. Вопросы организации и методов исследования знаний, умений и навыков //Материалы научной конференции. – М.: Изд-во НИИ СуМО, 1973. – С. 17-23.*
- 5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: Автореф. д-ра психол. наук. – М., 1998. – 35 с.*

М.К. Ибраева¹, Ж.К. Адаханова²

^{1,2} PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада балалардың танымдық белсенділігін ерте жастан дамытудың психологиялық-педагогикалық астарлары қарастырылады.

«Баланы ерте жастан дамыту» ұғымының мәнін анықтау барысында ерте жастағы баланың жас ерекшелігі кезеңдері мәселесі қарастырылған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, сөздіктерге, мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасалады.

Авторлар тарапынан ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін педагогикалық жағдайлар тудыру қажет деп санаған кейбір ғалымдардың ғылыми жұмыстары қарастырылады.

Түйін сөздер: ерте жас, ерте жастан дамыту, танымдық белсенділік, іс-әрекет

Ибраева М.К.¹, Адаханова Ж.К.²

^{1,2} PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАННЕГО РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты раннего развития познавательной активности детей.

При определении значения понятия «раннее развитие ребенка» проведен анализ научных исследований и литературы, словарей, государственных программ, на которых рассматривались проблемы возрастных периодов раннего возраста ребенка.

Авторы проанализировали научные работы некоторых ученых, считающих необходимым создание педагогических условий для развития познавательной активности детей раннего возраста.

Ключевые слова: ранний возраст, раннее развитие, познавательная активность, деятельность

Ibrayeva M.K.¹ Agazhanova J.K.²

^{1,2} PhD, senior lecturer, Kazakh national pedagogical University named after Abay
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF EARLY DEVELOPMENT OF COGNITIVE ACTIVITY OF CHILDREN

Abstract

The article deals with psychological and pedagogical aspects of early development of cognitive activity of children.

In determining the meaning of the concept of "early development of the child" the analysis of scientific research and literature, dictionaries, government programs, which considered the problems of age periods of early childhood.

The authors analyzed the scientific work of some scientists who consider it necessary to create pedagogical conditions for the development of cognitive activity of young children.

Key words: early age, early development, cognitive activity, activity

Жалпы республикада баланы ерте жастан дамыту мәселесінің қарастырылуы ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарда арналған мемлекеттік бағдарламасы жарық көргеннен кейін қарқынды қолға алына бастады. Бағдарламада «таяу уақытта туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балаларды ерте жастан дамыту жүйесін құруға көп көңіл бөлінетіндігі» атап көрсетілген [1].

Сондықтан бір жағынан, ерте жастан дамыту проблемасының республикада алғаш зерттеу пәні болып отырғандықтан, екінші жағынан «баланы ерте жастан дамыту» ұғымының мәнін анықтау барысында ерте жастағы баланың жас ерекшелігі кезеңдері мәселесі қарастырылған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, сөздіктерге, мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасалды (кесте 1).

Осы талдау әртүрлі кезеңдерде баланың жас ерекшелігін айқындауға байланысты көп талқылаулар, зерттеулер бар екендігін, дей тұрғанмен күні бүгінге дейін ғалымдар адам дамуының жас кезеңдері мәселесінде бірыңғай пікірге келмегендігі байқалды. Солардың арасынан біз, қазіргі ғылымда қызығушылық тудыратын ең көп таралған балалық кезең жіктелеріне тоқталып өткенді жөн көрдік. Осы тұста айта кететін жәйт, ұсынылған диссертацияда ғалымдардың және сөздіктердегі адам дамуының жас кезеңдері жіктелері мазмұнынан (балалықтан кәрілікке дейін берілгендіктен) барынша тек ерте жас аралығын ғана бөліп алып талдауға тырыстық.

Л.Аберти, Ф.Барбаро, М.Пальмиери ерте жастағы балаларды қабылдау сезімінің дамуына қарай екіге бөледі: 1) нәрестелік кезең – бұл сөйлеу және жүре бастағанға дейінгі бала өмірінің кезеңі; 2) нәрестелік кезінен бастап шамамен 7 жасқа дейін – баланың түрлі ғылымдарды қабылдауға дайын болуы кезеңі. Демек, италияндық гуманистер баланың 1 жастан бастап танымдық қабілеттерін, белсенділіктерін дамыту қажеттігін жоққа шығармайды. Ал, Дж.Биррен бірінші кезең – сәбилік, 2 жасқа дейін; екінші кезең – мектепалды жасы 2 жастан 5 жасқа дейін деп жіктейді. Дж.Биррен жіктелесінің кемшілігін Б.Г. Ананьев, жіктеудің бірыңғай қағидасын ұстанбауында екендігін айтады. Өйткені, екінші кезеңді – мектепке дейінгі жасты бөлуде жас ерекшелігінің әлеуметтік-педагогикалық белгілерге сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Дегенмен, осы кезеңде баланың психикасын дамытудағы қажеттілік пен маңыздылыққа баса назар аударылғанын атап өтеді [2].

Кесте 1 – Бағдарлама, сөздіктердегі және ғалымдардың еңбектеріндегі ерте жастағы балалардың жас аралығының жіктелесі

Бағдарлама, сөздік атауы, автордың аты-жөні	Жас кезеңдер жіктелесі
Э.Геккель	Онтогенетикалық дамуына қарай: Перинаталды-құрсақтағы кезең: эмбрионалды даму (эмбрион) – 1,5-2 айға дейін ұрықтың қалыптасуы; плацентарлы даму (ұрық) – 3-10 ай, ұрықтың өсуі. Босанғаннан кейінгі кезең: ерте; жетілген; соңғы
Б.Ц. Урланис	Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуына қарай: - ясли жасы – үш жасқа дейін - балабақша жасы – 3-6 жас
Э.Эриксон	Әлеуметтік-психологиялық дамуына қарай: сәбилік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін); ерте балалық шақ (1-3 жас); ойын жасы, мектепке дейін (4-6-7 жас)
Д.Бромлей 1966 ж.	Жалпы дамуына қарай: құрсақтық кезең, балалық шақ кезең: сәбилік шақ (туғаннан 18 айға дейін); мектепке дейінгі балалық шақ (18 ай – 5 жас)
П.П. Блонский	Тістің пайда болуына қарай: тіссіз балалық (8 айдан 2-2,5 жас); сүт тісі кезіндегі балалық (2-2,5 жастан 6,5 жас)
Л.С. Выготский	Тұрақты және дағдарыстағы дамуы кезеңдеріне қарай: туған кездегі дағдарыс (2 айға дейін); сәбилік шақтағы дағдарыс (1 жасқа дейін); 1 жастағы дағдарыс; ерте балалық шақ (1-3 жас); 3 жастағы дағдарыс
Д.Б. Эльконин	Өмір сүруіне қарай: ерте балалық шақ - Нәрестелік шақ (0-1 жас) - Ерте балалық шақ (1-3 жас)
Я.А. Коменский	Тәрбиелеу оқытуға қарай: Бірінші кезең: баланың туғанынан 6 жасқа дейінгі кезеңінде әрбір отбасында – «Ана мектебі»

К.Қожахметова	Психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты: туылғаннан 1 жасқа дейін – «нәресте»; 1-ден 7 жасқа дейін – «сәби»
Қ.Шалғынбаева	Еңбек етуге икемділігіне қарай - балбөбектік (1-6 жас)
С.Ғаббасов	...адам физиологиясының кезеңдері мен халық педагогикасының негіздеріне қарай: тән құрылысы - жан дүниесі; ұрық тазалығы – тек, тұқым қуалау; ана құрсағындағы тоғыз ай – түйсік, ішкі сезім, жүрек тәрбиесі; нәресте кезеңі – бесік жыры, ақыл тәрбиесі; балбөбек кезеңі – тіл, ой, зерде; сәбилік кезең – табиғатқа сүйсіну, тандау
Ұ.М. Әбдіғалбарова	Қолөнерін үйренуіне қарай: 1- 6 жас – көріп-білу, байқау кезеңі
М.Құрсабаев «Атамекен» бағдарламасында	Халықтық педагогика негіздеріне қарай: 1) ана құрсағындағы кезең; 2) сәбидің дүниеге келуі (1-12 ай); 3) сәбилік кезең (1-3 жас)
Демографиялық энциклопедиялық сөздік	Өмір кезеңдеріне қарай: - 1-10 күн – жаңа туған нәресте - 10 күн-1жыл – омыраудағы балалар - 1-3 жас – ерте балалық шақ
Мәскеуде (1965 ж.) ССРО Педагогикалық ғылымдар Академиясының симпозиумында	- Жаңа туған нәресте 10 күнге дейін. - Омыраудағы жас 10 күн – 1 жыл. - Ерте балалық шақ 1–2 жас. - Балалық шақтың бірінші кезеңі 3–7 жас
Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	1. Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін) 2. Нерестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін); 3. Ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін)
Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2012 ж.)	Ерте жас –туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең: - нәресте - туғаннан1 жасқа дейінгі кезең - сәби - 1-3жас
Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2016 ж.)	Бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін: ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ); кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ)
Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты (2018 ж.)	
Педагогикалық энциклопедиялық сөздік	Туғаннан 6 жасқа дейін - кіші жастағы балалар

Біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудыратын баланың зияткерлік дамуына әсер ететін Ж.Пиаже-нің жіктемесі: 1-кезең – сенсомоторлық зият (алғашқы кезеңдері: өз денесіне бағыну және тәжірибелік зиятты объективтеу); 2-кезең – репрезентативті зият және арнайы операциялар (алғашқы кезеңдері: алдын ала операциялық зият және нақты операциялар) [3].

Пиаже әр адам белгілі бір сатылардан өтіп, оларды жаңа деңгейге көтеріп, келесі қадамдарға шығады деген қорытынды жасайды. Бірақ бұл жіктемеде, біздіңше баланың үздіксіз дамуы есепке алынбағандығы байқалады.

Д.Бромлей жіктемесінде адам дамуының бес циклін көрсеткен: құрсақтық, балалық, жастық, ересектік, кәрілік. Айта кету керек, автор баланың ақыл-ой дамуында құрсақтық циклге мән беріп, оны төрт сатыға бөліп ерекше анықтайды: ұрықтану; эмбрион; тұқым; дүниеге келу сәті. Д.Бромлей топтамасында бізге қызығушылық тудыратыны, балалық кезеңі. Ол «балалық» кезеңін үш сатыға бөледі: сәбилік шақ (туғаннан 18 айға дейін); мектепке дейінгі балалық шақ (18 ай – 5 жас); мектептегі ерте балалық шақ (5-11-13 жас) [4].

Онтогенез ұғымын 1886 жылы Э.Геккель енгізген. Ол баланың онтогенездік дамуына байланысты екі маңызды кезеңді атап өтеді: перинаталды-құрсақтағы (жатырда пайда болғаннан дүниеге келгенге

дейінгі) кезең; босанғаннан кейінгі-құрсақтан кейінгі (адамның дүниеге келгенінен өмірден кеткенге дейінгі) кезең. Перинаталды-құрсақтағы кезеңнің бөлінуі: эмбрионалды даму (эмбрион) – 1,5-2 айға дейін ұрықтың қалыптасу кезеңі; плацентарлы даму (ұрық) – 3-10 ай, ұрықтың өсу кезеңі. Баланың тез өсуімен және дамуы, анасының ағзасы арқылы қоректенуімен сипатталады, сондықтан жүктілік кезеңіндегі анасының созылмалы науқасы, оның тамақтану ерекшелігі, психикалық және физикалық ауыртпашылығы болашақ баланың дамуына маңызды әсер етеді. Босанғаннан кейінгі кезеңдегі сатылар: ерте; жетілген; соңғы. Дүниеге енді ғана келген адам ересек адамнан бірнеше сапалық ерекшеліктерімен өзгешеленеді, оның қарапайым кішірейген көшірмесі ғана болып есептелмейді. Дамып келе жатқан баланың ересектердің деңгейіне жету уақыты ағзаның негізгі физиологиялық көрсеткіштерін ескергенде 16-20 жылды құрайды. Онтогенез процесінде жеке ағзалар мен жүйелер бірте-бірте жетіледі және өзінің дамуын әртүрлі кезеңде аяқтайды. Бұл әртүрлі жастағы балалар ағзасының жұмыс істеу ерекшеліктерінің пісіп-жетілуін негіздейді [5].

Құрсақтағы кезеңде ағза мен тіндер қаланады, олардың саралануы жүреді. Босанғаннан кейінгі кезеңдегі онтогенезде ағза мен жүйенің пісіп-жетілуі әртүрлі жастағы балалар ағзасы қызметінің мүмкіндіктерін, оның сыртқы ортамен өзара байланысының ерекшеліктерін анықтайды.

Баланы ана құрсағынан дамыту пікірін қазақстандық ғалым С.Ғаббасов та қолдап, негіздеген. Ол адам дамуының жас ерекшелігін адам физиологиясының кезеңдері мен халық педагогикасының негіздеріне қарай бөледі: тән құрылысы - жан дүниесі; ұрық тазалығы – тек, тұқым қуалау; ана құрсағындағы тоғыз ай – түйсік, ішкі сезім, жүрек тәрбиесі; нәресте кезеңі – бесік жыры, ақыл тәрбиесі; балбөбек кезеңі – тіл, ой, зерде; сәбилік кезең – табиғатқа сүйсіну, таңдау; балиғат кезеңі – білім және логика; кәмелет кезеңі – орта білім сана. Соның ішінде ұрық тазалығына, ана құрсағындағы тәрбиеге аса мән береді [6].

Осындай ой М.Құрсабаевтың ұлттық тәрбие құндылықтарына негізделген «Атамекен» бағдарлама-сында да тұжырымдалған. Ол балалар жас ерекшеліктерін мынадай кезеңдерге бөліп қарастырған: 1) Ана құрсағындағы кезең; 2) сәбидің дүниеге келуі (1-12 ай); 3) Сәбилік кезең (1-3 жас)... Автор тәрбие жұмыстарының бағыттары мен мазмұнын осы кезеңдерге сәйкестендіріп ұсынған. Соның негізінде тілін, дінін, салт-дәстүрін меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару мүмкіндігін айтады [7].

Ал. П.П. Блонский балалардың жас ерекшелігін тістің пайда болуымен байланыстырады. Ол балалық шақты үш кезеңге бөледі:

- тіссіз балалық (8 айдан 2-2,5 жас),
- сүт тісі кезіндегі балалық (2-2,5 жастан 6,5 жас),
- тұрақты тістер кезіндегі балалық [8].

Анри Уолло балалардың онтогенетикалық дамуына қарай жас шекарасын 7 кезеңге бөліп көрсетеді:

- 1) импульсивті кезең «6 айға дейін»;
- 2) эмоционалды кезең (6 айдан 10 айға дейінгі кезең) – эмоцияның жинақталуы;
- 3) сенсомоторлық кезең (10 айдан 14 айға дейінгі кезең) – тәжірибелік ойлаудың қалыптасуы;
- 4) жобалау кезеңі (14 айдан 3 жасқа дейінгі кезең) зерттеушілік белсенділіктің қалыптасуы;
- 5) жеке-даралық кезең (3 жастан 6 жасқа дейін) – «Меннің» қалыптасуы;
- 6) оқу кезеңі (6 жастан 12-14 жас) – объективті жетістік;
- 7) жыныстық жетілу кезеңі 14 жастан бастап) – өзіндік «Мен» көзқарасына бағытталуы мен өзіндік ойлау қабілетінің қалыптасуы [9].

Л.С. Выготский балалардың даму сатысын тұрақты және дағдарыс кезеңіне қарай бөледі: бір жылдық дағдарыспен аяқталатын дүниеге келер алдындағы кезең; үш жылдық дағдарыспен аяқталатын ерте балалық шақтағы кезең; жеті жасқа дейінгі дағдарыстан тұратын мектеп жасына дейінгі кезең. Тұрақты кезеңде балада сырттай ешқандай елеулі өзгерістер болмайды, ұзақ уақытқа созылатын даму бірте-бірте жүреді. Дағдарыс кезеңінде қоршаған ортадағы шынайы заттармен қақтығысқа, барлық мүмкіндіктерге қарсылық білдіруге негізделген дамуда елеулі секіріс болады. Л.С. Выготскийдің тұжырымдауынша тұрақты және дағдарыстағы дамуы кезеңдері: туған кездегі дағдарыс (2 айға дейін); сәбилік шақтағы дағдарыс (1 жасқа дейін); 1 жастағы дағдарыс; ерте балалық шақ (1-3 жас); 3 жастағы дағдарыс; мектепке дейінгі жас (3-7 жас); 7 жастағы дағдарыс - мектеп жасы (7-13 жас); 13 жастағы дағдарыс - жеткіншек жас (13-17 жас) 17 жастағы дағдарыс [10].

Д.Б. Эльконин баланың дамуын ерте жастағы балалық кезең, балалық кезең және өсу кезеңі деп үшке бөледі. Әр кезең баланың іс-әрекетінің жетекші түрімен байланысты екі кезеңмен алмасып отырады. Бірінші кезеңде «міндетті, мотивті және адамдармен қарым-қатынас нормасын басым игеру және осы негізде мотивациялық-қажетсіну аясын дамыту жүреді», екіншіде – «қоғамда өндірілген заттармен әрекет жасау тәсілдерін басым игеру және осы негізде балалардың зияткерлік-танымдық күшін, олардың

операциялық-техникалық мүмкіндіктерін қалыптастыру жүреді». Элькониннің жүйесі бойынша жас ерекшелік аралығы: ерте балалық шақ - нәрестелік шақ (0-1 жас); ерте балалық шақ (1-3 жас); балалық - мектепке дейінгі жас (3-7 жас); кіші мектеп жасы (7-11/12 жас); жеткіншек - жасөспірім жасы (11/12-15 жас); ерте жастық шақ (15 жасқа дейін). Ол осы кезеңдер аралығындағы баланың даму өзгерістерін былайша сипаттайды:

- нәрестелік кезеңді қамтитын тікелей-эмоциялық қарым-қатынас;
 - ерте жастағы балалықты қамтитын заттық-қимылдық кезең;
 - мектеп жасына дейінгілер үшін іс-әрекеттің жетекші түрі болып табылатын рөлдік ойындар [11].
- Э.Эриксон адамның әлеуметтік-психикалық дамуын сегіз фазаға бөледі:
- Сәбилік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін)
 - Ерте балалық шақ (1-3 жас)
 - Ойын жасы, мектепке дейін (4-6-7 жас)...

Бірінші кезең (туғаннан бір жасқа дейінгі кезең) «базалық сенім базалық сенімсіздікке қарсы». Бұл кезеңде ана мен баланың жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Егер анасы баланың қажеттілігіне сай сезімтал қамқорлық, сүйіспеншілік пен нәзіктік көрсетсе, бала өзінде барлығы ойдағыдай екенін сезінеді, ол өзімен өзі болады және баланың мінез-құлқы басқа адамдардың күткеніне сәйкес келеді. Сәби әлемге деген сенімді сезінеді, балада елеулі ауытқушылықтар мен аурушаңдыққа әкеп соғатын өзгерістер болмайды. Бір жастан үш жасқа дейінгі кезеңге сәйкес келетін екінші кезең «ұялуға қарсы автономия» деген атауға ие болды. Баланың тез дамуы оның барынша дербес болуына мүмкіндік береді. Ата-аналар баланы жиі бақылауға алады, тыйым салады, шектеу қояды. Үнемі тыйым салу балада өзін түкке тұрғысыз сезімінің пайда болуына негіз болады. «Шамадан тыс ұялта беру шынайы дұрыс мінез-құлқыға апармайды, керісінше жағдайдан шығу үшін жасырын шешім қабылдауға, байқатпай кетуге қадам жасатады». Бала осы жастан бастап балалық дәрежелігімен қоғамның назарын аударып бастайды. Сондықтан ересектердің міндетіне баланы құрметтей білу және оны шамадан тыс еркелете бермеу жатады. Осы жағдайда ғана бала өмірде әділдікті сезіне отырып алға қарай жүреді және қоғамның толыққанды мүшесі ретінде «бастама кінәні сезінуге қарсы» деп аталатын келесі кезеңге өтеді [12].

Кеңестер Одағы тұсында Мәскеуде (1965 ж.) педагогикалық ғылымдар Академиясының симпозиумында келесі жас кезеңдері қабылданды:

- Жаңа туған нәресте 10 күнге дейін.
- Омыраудағы бала 10 күн – 1 жас.
- Ерте балалық шақ 1–2 жас.
- Балалық шақтың бірінші кезеңі 3–7 жас.
- Балалық шақтың екінші кезеңі ер балалар үшін 8-12 жас, қыз балалар үшін 8-11 жас.

Ал, көпшілікпен мақұлданып қабылданған демографиялық энциклопедиялық сөздікте адамның өмірінің кезеңдері, соның ішінде балалық шақтың (салыстырмалы шектерін ескере отырып) аралығы төмендегідей берілген:

- жаңа туған нәресте – 1-10 күн
- омыраудағы балалар – 10 күн-1жыл
- ерте балалық шақ –1-3 жас
- алғашқы балалық шақ – 4-7 жас [13].

Қазақ халық педагогикасында және отандық ғалымдар еңбектерінде де балалардың жас ерекшелік аралығы қарастырылған.

К.Қожахметова өзінің монографиялық еңбегінде халықтың түсінігінде қалыптасқан жас ерекшеліктері кезеңінің үш тәсілін көрсетеді:

Бірінші тәсіл адамның психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты:

- туылғаннан 1 жасқа дейін – «нәресте»,
- 1-ден 7 жасқа дейін – «сәби»...

Екінші тәсіл, қазақ халқының мал шаруашылығымен байланысты:

- туғаннан – 10 жасқа дейін – «қозы жасы» (бұл жаста балалар қозы баққан);

Үшінші тәсіл, мүшел жасқа байланысты [14].

Ал, С.Қалиевтің еңбегінде қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасына мазмұндық сипаттама беріледі [15].

Сондай-ақ, Қ.Шалғынбаева балалардың еңбек тәрбиесіндегі жас кезеңдері мәселесін жыныстық ерекшеліктеріне қарай жүйелеген:

Ер балалардың жас кезеңдері:

- балбөбектік (1-6 жас);
- балиғаттық (7-15 жас);
- бозбалалық – жетілген азамат (16-18 жас).

Қыз балалардың жас кезеңдері:

- балбөбектік (1-6 жас);
- балиғаттық (7-15 жас);
- бойжеткендік (16-18 жас) [16].

Ұ.М.Әбдіғалбарова қазақ халық педагогикасындағы балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудегі жас кезеңдерін айқындаған:

- 1-6 жас – көріп-білу, байқау кезеңі;
- 5-9 жас – қолөнерінің қарапайым жұмыстарына қатысу кезеңі;
- 10-14 жас – қолөнерінің негізгі жұмыстарына үйрену кезеңі;
- 15-19 жас – қолөнерінің бір түрі бойынша мамандану кезеңі [17].

Сонымен, мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін физиологиялық және психикалық дамуына қарай топтастырған ғалымдардың еңбектеріндегі, бағдарламалар мен сөздіктердегі жіктеме-лерге жасаған талдау олардың құрсақтық – туғанға дейінгі кезең (Д.Бромлей, С.Ғаббасов, М.Құрсабаев және т.б.) және нәрестелік – туғаннан 1 жасқа дейін (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, Э.Эриксон), 1,5 жасқа дейін (Д.Бромлей), 2-жасқа дейін (Г.Крайг), 3 жасқа дейін (В.Квинн.); ерте балалық шақ туғаннан 2 жасқа дейін (А.В. Петровский), 1-2 жас (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин), 1-3 жас (В.С. Мухина, Э.Эриксон), 1,5 – 5 жас (Д. Бромлей), 2-6 жас (Г.Крайг), 3-6 жас (В.Квинн), мектепке дейінгі балалық шақ – 3-6 жас (Л.С. Выготский, А.В. Петровский, Д.Б. Эльконин) кезеңдерін қамтитынын көрсетті.

Қазақ халық педагогикасы аясындағы еңбектерде ерте балалық шақ кезеңін нәрестелік – 1 жасқа дейін (К.Қожахметова), сәбилік 1-3 жас (С.Ғаббасов, М.Құрсабаев), 1-7 жас (К.Қожахметова), балбөбектік – 1-6 жас (Қ.Шалғынбаева) деп қарастырылғаны байқалды.

Жоғарыда талдау көрсеткендей, ерте балалық шақ кезеңі, олардың жас шекара аралығының бірыңғай жүйеге келмегендігін көрсетті. Балалардың жас кезеңіне берілген теориялық тұжырымдар мен жіктеме-лердің алуан түрлілігі, бірыңғай пікірге келмеуі ерте балалық шақтың әлі де зерттеле түсу қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында баланың жас ерекшелік шекарасын:

- 1) жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін);
- 2) нәрестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);
- 3) ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін) деп көрсеткен [18].

2012 жылғы ҚР МЖМБС-нда ерте жас –туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең: нәресте-туғаннан 1 жасқа дейінгі кезең, сәби-1-3жас деп көрсетсе, 2016 жылғы ҚР МЖМБС- бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін: ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ); кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ) деп берілген [19].

Аталған мемлекеттік бағдарлама мен стандартта да баланың ерте жасы 1-3 жас аралығы екендігін нақты көрсетеді.

Біз де ғалымдардың баланың үйлесімді дамуының негізі үш жасқа дейін қаланады деген тұжырым-дары негізінде, халықтық педагогика және психолог ғалымдардың (Л.Выготский, Д.Эльконин, Э.Эриксон және т.б.), сондай-ақ аталған мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттардағы балалық шақ кезеңдері жіктелуіне сүйене отырып, ерте жас аралығын шартты түрде былайша бөлеміз: Ерте жас – туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең:

- 1) нәресте – туғаннан 1 жасқа дейін
- 2) сәби – 1- 3 жас

Енді анықтап алған жас аралығындағы баланың қай кезеңінен бастап танымдық белсенділігін дамытуға баса көңіл бөлу керектігін анықтау үшін олардың физиологиялық және психикалық даму ерекше-ліктері туралы теориялар мен тұжырымдарға мән бердік.

Аса көрнекті чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменский баланың сезім ерекшеліктеріне байланысты оқыту жүйесін құру керектігін айтты. «Ұлы дидактика» еңбегінде мектепке дейінгі тәрбиенің жүйесін жасады [20].

Ж.Ж. Руссо мектеп жасына дейінгі психологиялық ерекшеліктерін толық ашып берді. Ол баланың ақыл ойының, ықылас-тілегінің өзіндік ерекшелігінің болатынын, оларға барлық уақытта бала деп қарауға болмайтындығын, кейде үлкендермен түрліше араласу баланың табиғи дамуына кері әсер етеді [21].

Г. Песталоцци баланың жеке басының қалыптасуына жанұяның әсіресе ананың ролі зор деп бағалады. Ол танымның басталар сәті сезімді қабылдау деп есептеді, әрбір баланың бойында бақылау мәдениетін қалыптастыруды талап етті [22].

Әсіресе біздің еңбегіміз үшін қызығушылық тудырған және зерттеу барысында негізге алынған В.С. Мухинаның «Балалар психологиясы» еңбегі болды [23].

Нәрестенің физиологиялық дамуында ол ересектерге толық тәуелді болады, тілді қолдана алмайды. Физикалық тұрғыдан қарқынды өседі (1,5-2 есеге). Қозғалу белсенділігі дамиды. 1 айлығында иегін көтереді, 2 айлығында кеудесін көтереді, 3 айлығында затқа ұмтылады. 4 айлығында сүйемелдеумен отырады, 5-6 айлығында затты қолымен ұстай бастайды, 7 айлығында басқалардың көмегінсіз отырады, 8 айлығында басқалардың көмегінсіз отыра алады, 9 айлығында сүйемелдеумен тұрады, ішімен еңбектейді, 10 айлығында қолымен тізесіне сүйеніп еңбектейді; екі қолымен ұстап жүреді. 11 айлығында сүйемелдеусіз тұрады, 12 айлығында бір қолымен ұстап жүреді.

Нәрестенің психикалық дамуындағы басты іс-әрекет – ересектер мен эмоциялық қарым-қатынас: заттар арқылы байланыс; біріккен қызмет ретіндегі байланыс. 4-5 айлық кезеңде қарым-қатынас таңдау сипатына ие болып, күлкі, қимыл реакциясы пайда болады, ересектердің субъектілі, жеке қарым-қатынасы арқасында нәресте өзін-өзі қарым-қатынастың жеке субъектісі ретінде сезіне бастайды; бірінші жарты жылдықтың соңына қарай өзіне жақын ересектермен аффективті – жеке байланыс қалыптасады. Ересектермен эмоциялық қарым-қатынас нәрестенің қоршаған заттарға бағытталған танымдық белсенділігін ынталандырады. Психикалық сезіну, қабылдау үдерістері дамиды. Екі айлық кезеңде көруінің шоғырлануы пайда болады және жетіледі. Үш айлық кезеңде оның ұзақтығы 5-7 минутқа созылады. Екі айдан бастап қарапайым түстерді ажырату қабілеті біліне бастайды. 3-4 айлық кезеңде заттардың түрін қабылдауы байқалады (иілген заттарға көп көңіл бөледі). Есту және көру қабілеттерінің ересектерден айырмашылығы болмайды. Бала көргеніне ұзақ қарай алады, естігенін және көргенін дұрыс байланыстыра алады. Кеңістікті қабылдауы белсенді дамиды. 4 айлық кезінде бала жай ғана көрмейді, қарайды. 6 айлық кезінен бастап түске деген белсенді қызығушылығы байқалады. 8-10 айлығында бала кеңістіктегі заттарды қабылдай бастайды. Алған әсерлері қабылдауға айналады. Зейіннің басында шоғырлану реакциясы ретінде көрінеді. Кейіннен айналасындағыларға танымдық қарым-қатынас түрінде дамиды. Зейіннің пайда болуы мінез-құлық пен іс-әрекеттің барынша күрделі түрінің тууына ықпал етеді. Есте сақтау тану және бейнелеу түрінде пайда болады. Есте сақтауда бірінші танудан басталады (3-4 айлық кезеңнен кейін бала кез келген уақытта анасын таниды). Ассоциативті есте сақтау пайда болады. 8 айдан кейін қайта жаңғырту пайда болады. «Ішкі» сезіну мен қабылдау іс-әрекеті істей бастайды. Бірінші қозғалмалы, эмоциялық және бейнелі есте сақтау дамиды, бір жастың соңына қарай сөзді есте сақтаудың алғышарттары қалыптаса бастайды. Ойлау- сезімдік және қозғалыс үдерістерін дамыту көрнекі-әрекетті ойлаудың алғашқы түрін дамытудың негізі болып табылады. Бір жастың соңына қарай сезімдік зияттың алғашқы белгілері пайда болады. Көрнекі-әрекеттік зияттың пайда болуы басқа жетістіктерге жету үшін өлшем құралы ретінде пайдаланылады. Сөзге қатысын айтсақ, ересектердің сөзіне назар аударады. 1,5 айдан 4 айға дейінгі кезеңде үілдеу сипатындағы қысқа дыбыстар шығарады. Алғашқы жартыжылдықта сөзді есту қалыптасады, сонымен бірге баланың өзі де гуілдеген дыбыстар шығарады. Алты-жеті айлық кезеңінде диалогтің түрі мен құралы барынша күрделене түседі. Тіпті баланың жылауының өзінен бірінші күнге қарағанда көптеген өзгерістер байқалады. Қорқыныштан жылау мен жайсыздықтан жылаудың, шақырып жылау мен шағынып жылаудың айырмашылығы байқалады. Бала екінші жартыжылдықта дыбыс шығарып былдырлай бастайды. Бір жастың соңына қарай 10-20 шақты сөзді түсінеді және оған көңіл бөледі, сонымен бірге өзі де бір немесе бірнеше сөздерді айтады. Автономды сөзі қалыптасады. Мағыналы сөздерді қолдануы қарқынды дамиды. Заттардың атауы мен олардың арасындағы өзара байланысты қолдана алады. Эмоциялық дамуы - екі айлығында анасын тани бастайды. «Кешенді тіршілік» – жақындарына эмоциялық-жағымды сезімдік реакция пайда болады (күлу, үілдеу, көз алмай қарап қалу, назарын шоғырландыру). Бұл алғашқы әлеуметтік қажеттіліктің – қарым-қатынас қажеттілігінің пайда болғанын куәсі болып табылады. 3-4 айлығында балада эмоциялық жағдай: таңырқау, мазасыздану (физикалық жайсыздық жағдайында), қажеттілігін қанағаттандырған кезде босансу, еркінсу пайда болады. Таныстарына күледі, таныс еместерді көргенде күлкісін тоқтатады. Жағымды эмоциясын білдірген күлкісі кейіннен айқайға ұласады. 7-8 айлығында таныс еместерін көргенде мазасыздануы күшейе түседі. 7 ай мен 11 айдың арасында «ажырасудан қорқу» – анасы жоқ боп кеткенде қайғыру немесе қорқыныш пайда болады. Жылаудың барлық түрін көрсетеді. Жүру – ескі даму жағдайын ауыстыратын нәрестелік жастың жаңалығы. Алғаш рет бірыңғай әлеуметтік жағдайдағы, енді баланы

анасы бастамайды, баланың өзі қалауы бойыншы анасын бастап жүреді. Осы шақта оның бойында «Біз» пайда болады [24].

Л.И. Божович жаңадан пайда болу, баланың есіндегі заттардың аффективті бейнелері оның қажеттілігін ынталандыру арқылы өтеді деп есептейді. Л.И. Божовичтің тұжырымдауынша, үш жастағы дағдарыс өзін-өзі бағалауды дамытумен, барлығын өзі жасауға деген ұмтылыстан талап етіледі. Дағдарыс себебі «жасаймын» және «жасай аламын» деген талаппен қақтығыстан пайда болады. Қарым-қатынастың ескі жүйесін қайта қарау, өзінің «Мен» дағдарысы. Жақын ересек адамдардан психологиялық бөлектену. «Жетістігі үшін мақтаныш» пайда болады [25].

Осыған байланысты бірінші жылдағы дағдарыс жүрудің дамуы есебінен және сөздік іс-әрекетті игерумен пайда болады. Ата-аналар мен балалардың арасында жаңа өзара байланыс орнайды. Л.С. Выготский осы дағдарыстың белгісін эмоциялық қырсық мінез көрсетумен пайда болатындығын (бала өалағанын талап етеді және ересектердің қарсылығына ұшырайды, оның көңілі қалады, нәтижесі – аффективті мінез-құлық) негіздейді. Л.С. Выготский: «Фазалық жағынан – сөз, семиотикалық жағынан – сөйлем. 2-3 жасар кезінде бала сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысты екенін түсіне бастайды (екінші сөздік «жаңалық»)». Бала алғашында дұрыс тыңдауды, содан кейін дұрыс сөйлеуді үйренеді. Үш жасар кезінде көлемі жағынан да, сапасы жағынан дасөзді түсінуі өседі. Балалар тек нұсқау-сөзді ғана емес, әңгіме-сөзді де түсінетін болады. Сөздің көрсеткіштік қызметінен мағыналық қызметіне өту жүреді. Жағдаяттық сөз пайда болады. Тек коммуникативтік қана емес, сөздің реттеушілік және қорытындылаушы қызметі дамиды. Балалар өздеріне таныс сөздерді бір-бірімен ауыстырып қолдануды тарата бастайды [26].

Сонымен жоғарыда айтылып өткендерді қорытындылап, тұжырымдап көрейік. Баланың өмірінің алғашқы үш жылында дамуы қарқынды жүреді. Бұл кезеңде барлық сезім мүшелерінің іс-әрекеті, әсіресе көру және есту, тез жетіледі. 11-12 айда бала негізгі қозғалыстарды игереді. Бір жасқа толғанда оның сөздік қорында 6-10 сөз болады. Олардың саны өсіп, екі жаста 200-300 сөзге дейін, ал үш жаста 1000-нан асып 1500 сөзге дейін жетеді.

Сонымен жоғарыда жас кезеңдеріне, баланың физиологиялық, психикалық дамуы, ерте дамуы ерекшеліктеріне берілген талдау бізге «ерте жастан дамыту» ұғымына анықтама беруімізге мүмкіндік берді. Біздің тұжырымдауымызша «ерте жастан дамыту дегеніміз - баланың туғаннан 3 жасқа дейінгі аралығында дене, ақыл-ой тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру». Олай дейтініміз, дене тәрбиесі – баланың физиологиялық (бойы, салмағының өсуі, денсаулығы, еңбек әрекеті) дамуын жүзеге асырады. Ал, ақыл-ой тәрбиесі – психикалық үйлесімді дамуын (сенсорлық, танымдық, эстетикалық, адамгершілік және т.б. сезімдерін, ой-өрісін, белсенділігін) қамтамасыз етеді.

Сонымен, ерте жас – 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың психикалық және дене бітімінің даму сатысы, ол үлкен жартышарлар қабығы қызметінің дамуындағы сапалы өзгерістермен сипатталады. Бұл кезеңде баланың жеке-дара дамуында жүрісі, қозғалысы, ұсақ моторикасы қалыптасады, соның арқасында қоршаған ортаны тану мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейе түседі; үлкендермен және құрдастарымен жағдайлық-іскерлік қарым-қатынасы дамиды; когнитивті үрдістер қалыптасады; пассивті және белсенді тілді игеру орын алады; қызбалық және ерік өрістері анығырақ бола бастайды, өзіндік сана қалыптасады. Ал бұл болса, баланың осы жас аралығында танымдық белсенділігін дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.*
2. *Психология детства: учебник / под редакцией члена-корреспондента РАО А.А. Реана. – СПб.: «прайм-ЕВРО-ЗНАК», 2003.*
3. *Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – Просвещение, 1969. – С.61-69.*
4. *Бромлей Д. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983. – 412 с.*
5. *Геккель Э., Мюллер Ф. Основной биогенетический закон. – М.; Л., 1940.*
6. *Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Әл-Фараби, 1995. – 460 б.*
7. *Құрсабаев М. Қазақнама. – Астана, 2008. – 507 с.*
8. *Блонский П.П. Избранные педагогические произведения. – М.: «Академия педагогических наук РСФСР», 1961.*
9. *Валлон А. Психическое развитие ребёнка. – М.: Просвещение, 1967.*
10. *Выготский Л.С. Психология развития как феномен культуры / под ред. М.Г. Ярошевского. – М.: Изд-во ин-та практ. псих-и, 1996. – 512 с.*

11. Эльконин Д.Б. Психическое развитие ребёнка от рождения до поступления в школу. Психология. - М., 1956.
12. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; общ. ред. и предисл. А.В. Толстых. - М.: Прогресс, 1996.
13. Демографический энциклопедический словарь/ главный редактор Д.И. Валентей. - М.: Советская энциклопедия, 1985.
14. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998. - С. 220-221.
15. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Рауан, 1998. - Б.26-27.
16. Шалғынбаева Х. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі: пед. ғыл. док. ... автореф. - Алматы, 2006. - 43 б.
17. Әбдіғаббарова Ұ.М. Қазақ халық педагогикасында балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2008.
18. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
19. Қазақстан Республикасында Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - 2015, сәуір 10.
20. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Великая дидактика. - М., 1939. - Т.1.
21. Руссо Ж.Ж. Избранные педагогические сочинения. - М.: АПН РСФСР, 1961. - Т.1.
22. Песталоцци Г. Избранные педагогические произведения. - М., 1965. - Т. 3. - 615 с.
23. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі психология. - Алматы: Мектеп, 1986. - 241 б.
24. Возрастная психология: учебно-методический комплекс / сост.: Л.А. Семчук, А.И. Янчий. - Гродно: ГрГУ, 2006. - 226 с.
25. Божович Л.И. Проблемы формирования личности: избранные психологические труды / под ред. Д. И. Фельдштейна. - М.: Воронеж: Ин-т практической психологии, 1995.
26. Выготский Л.С. Развитие высших форм внимания в детском возрасте // В кн.: Избранные психологические исследования. - М., 1956.

МРНТИ 15.01.11

Ж.Т. Джаксынқаева¹, Л.И. Шалабаева²

^{1,2}Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада спортшылардың психологиялық-педагогикалық дайындығы мәселесіне талдау жасау, спортшылардың психологиялық дайындығын шешуде педагогикалық жолдар мен жаттықтыру сабақтары арқылы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Спортшылардың жарыс алдындағы психологиялық дайындығының құрылымын жақсарту мен дамыту, білікті жаттықтырушылардың психологиялық дайындықтағы қолданатын негізгі әдістемесіне байланысты ізденістер, зерттеулер біздің елімізде Кеңес үкіметіне дейін қарастырыла бастады. Бұған себеп спорттың жедел дами түсуі осы саладағы психологияны да қажетсіне бастады, спорт пен психология ұштаса түсті.

Спортшылардың психологиялық дайындығы деп спортшының жоғарғы ұйымшылдық және басқармалық іске асыру процесі, оның потенциалдық мүмкіншіліктер нәтижесіне тең болар мүмкіндіктерін айтады. Сондықтан психологиялық дайындық жалпы системалы-спорттық жаттығулардың қосалқы бөлігі болып табылады және оның физикалық, техникалық, тактикалық сияқты басқа түрлеріне тәуелді болып келеді.

Түйінді сөздер: спорт психологиясы, дене жұмысына қабілеттілік, спортшы ізбасарлар, дене тәрбиесі, арнайы дене дайындығы, дене жаттығулары.

Джаксынкаева Ж.Т.¹ Шалабаева Л.И.²
^{1,2} Казахская Академия Спорта и Туризма
г. Алматы, Қазақстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СПОРТСМЕНОВ

Аннотация

В данной статье анализ проблем психолого-педагогической подготовки спортсменов позволяет достичь результатов через педагогические подходы и тренировочные занятия в решении психологической подготовки спортсменов.

Исследования, поиск, связанные с улучшением структуры и развитием психологической подготовки спортсменов к соревнованиям, основными методиками, применяемыми в психологической подготовке квалифицированных тренеров, начали рассматриваться в нашей стране до Советского правительства. В связи с этим, ускоренное развитие спорта стало необходимым и психологией в этой области, сопряжено с спортом и психологией.

Под психологической подготовкой спортсменов понимают высокий организационный и управленческий процесс реализации спортсмена, его равные возможности в результате потенциальных возможностей. Поэтому психологическая подготовка является вспомогательной частью общесистемно-спортивных упражнений и зависит от физических, технических, тактических видов.

Ключевые слова: психология спорта, физическая работоспособность, спортсмены последователи, физическая культура, специальная физическая подготовка, физические упражнения.

Z.T. Dzhaksynkaeva¹, L.I. Shalabayeva²
^{1,2} Kazakh Academy of Sport and Tourism
Almaty, Kazakhstan

(Dr. PhD, acting assoc. Prof. The Kazakh academy of sport and tourism¹, Almaty, Kazakhstan)

THEORETICAL BASES OF PSYCHOLOGICAL TRAINING OF ATHLETES

Abstract

In this article the analysis of problems of psychological and pedagogical preparation of athletes allows to achieve results through pedagogical approaches and training sessions in the solution of psychological preparation of athletes.

Research, related to the improvement of the structure and development of psychological training of athletes for competitions, the main methods used in the psychological training of qualified coaches, began to be considered in our country before the Soviet government. In this regard, the accelerated development of sport has become necessary and psychology in this area, coupled with sports and psychology.

Under psychological preparation of athletes understand high organizational and managerial process of realization of the athlete, his equal opportunities as a result of potential opportunities. Therefore, psychological training is an auxiliary part of the system-wide-sports exercises and depends on other types of physical, technical, tactical.

Key words: sport psychology, physical performance, athlete followers, physical culture, special physical training, physical exercises.

Қазіргі таңда тұлғаның қалыптасуы мен тәрбиелеу үрдісінің құрамдас бөліктері болып табылатын бірлік, өзара ықпал ету, өзара үйлесімділік мәселелерінде педагогикалық үрдістің жаңаруын дәлелдейтін тұжырымдар анықталады.

«Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының толық мәтінін жариялады. Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеген жөн. Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу – аурудың алдын алудың негізі. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар [1].

Спорт психологиясының қазіргі кездегі спортшының дене, техникалық, тактикалық және психологиялық даярлығы, ерік-жігер, спорттық іс-әрекеттің психикалық күйі, спорт түрлерінің психологиялық ерекшелігі, жарыс пен жаттығудың сипаты, психогигиеналық мәселелері, психодиагностикалық әдістер т.б. өзекті мәселелері Н.А. Айманбетова, М.Т. Бегалин, А.Я. Гльвяк, А.М. Кимнің еңбектерінде кеңінен қарастырылады.

Спортшыдан ерекше жинақтылықты, күштерін жұмылдырып, барын салуда, жоғары шеберлікті қажет ететін психологиялық дайындық жоспарлы түрде іске асырылады. 1920-30 жылдары спорт психологиясында негізгі мәселе-дағдылар болды. Одан кейін 1950-60 жылдардың басында бірінші орынға спортшы ерік-жігері қойылды. Ал қазір міне, жиырма жылдан көп уақыттан бері, басқа көптеген мәселелерді артта қалдырып, психологиялық дайындық мәселесі ғылыми-практикалық да, ғылыми зерттеу жұмыстарында да алдыңғы орынға шықты. Спортшының психологиялық дайындығы – бұл спорттағы оқу-тәрбие жұмыстарының үлкен бір бөлігі. Психологиялық дайындықтың түпкі мақсаты-спортшы қарым-қатынас жүйесін өзгерте отырып, жеке тұлғада спорт үшін маңызы бар қасиеттерді қалыптастыру және жетілдіруді айтамыз. Жарыс алдында жаттықтырушының міндеті спортшының тиімді әрекет етуін қамтамасыз ететін көңіл-күйін қолдап қана қою емес, сонымен қатар спортшының экстремалдық жағдай кезінде туындауы мүмкін жағымсыз психикалық жағдайын жедел реттейтін тәсілдерді қолдануға дайын болу. Жарыс үдерісі кезінде спортшының мінез-құлқы мен әрекетін басқарудың психологиялық әдістері мынандай мәселелерді шешеді:

Спортшының дәл осы спорттық карьерасы кезіндегі ең жетекші болып табылатын әлеуметтік құндылықтарына бағытталуы керек:

– Олимпиадада сәтті өнер көрсету немесе кәсіпқой клубқа мүше болу.

– Өз күшіне, жедел әрекет ете білетініне сену және т.б..

– Психологиялық кедергілерді, әртүрлі қорқыныштарды, әсіресе нақты бір бақталаспен кездесу кезінде пайда болатын қорқыныштарды жеңе білу.

– Өз бейнесін қалыптастыру.

– Бақталасының образын қалыптастыру.

– Алдағы тартысты жағдайдың психологиялық моделін жасау.

– Жарыс басталар алдындағы әрекеттің психологиялық бағдарламасын жасау [2].

Спортшының психологиялық дайындығында негізгі психологиялық құбылыстардың үш тобын: процесстер, жай-күйлермен қасиеттерді жетілдіру негізінде психика дамуының классикалық жалпы кестесі айқын көрініс табады. Тәрбиелену мен өзін-өзі тәрбиелеу барысында психикалық жай-күйлер мен процесстердің өзгерулері болып тұрады. Осы айтылғандардың бәрі спортшының психологиялық дайындығының мақсаты-спорттық жарыс пен жаттығудың табыстылығын білдіреді. Жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру мен жетілдіру болып табылатындығы дәлелдейді. Сонымен қатар спортшылардың психологиялық дайындығы мәселесін қарастырғанда спорт психологиясына соқпай кетуге болмайды.

Спорт психологиясы - жарыс және жаттығу әрекетіндегі адам психикасының білінуі мен дамуының, сондай-ақ топтық өзара әрекеттестіктердің заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымының саласы. Спорт психологиясының қазіргі уақыттағы негізгі міндеттері-спортшылардың спорттық жоғары нәтижелерге жетуіне жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар спортшы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның жалпы және психологиялық мәдениетін көтеру болып табылады. Спорттық жарыстардың алдында спортшылардың психикасын сол үрдіске бейімдеп жаттықтыру және бәсекелестік мәселесінен жеңімпаз ететіндей нұсқалармен қаруландыру.

Спорт психологиясының негізгі міндеттері – спортшылардың спорттық жоғары нәтижелерге жетуіне жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар, спортшы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның жалпы және психологиялық мәдениетін көтеру болып табылады. Спорттық жарыстардың алдында спортшылардың психикасын сол үрдіске бейімдеп жаттықтыру және бәсекелестік мәселесінен жеңімпаз ететіндей нұсқалармен қаруландыру. Жарыс барысында өзін-өзі басқара алатын дәрежеге жеткізу. Сондықтан жарыс алдындағы дайындықта әр түрлі психикалық процесстер мен қалыптар үлкен мәнге ие болды [3]. Сондай-ақ психологиялық факторлар мен жарысқа қатысу үшін спортшыларды психологиялық дайындаудың рөлі өсуде. Мұндай дайындықтың әдіс тәсілдері өңдеу – спорт психологиясының негізгі қызметінің бірі. Бұл қызметті жүзеге асыру үшін мыналарды іске асыру қажет:

а) жарыс жағдайында психика қызметінің заңдылықтарын зерттеу және жарыстық әрекеттің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыратын әдістерді өңдеу;

б) жарыс алдындағы және жарыс жағдайында пайда болатын психикалық қалыпты зерттеу;

в) психопрофилактиканы дамыту, спортшыларды шынықтырудың психологиялық жолдарын, әдістерін және тәсілдерін қалыптастыру және психологиялық жарақатқа төзімділігін арттыру [4].

Спортшылардың психологиялық дайындығы-спортшыларға жарыстарда жеңіске жету мақсатымен, өзінің күнделікті физикалық және психологиялық жүктеме салуға мүмкіндік береді.

Спортшылардың дайындығын жетілдіру үшін психологиялық жаттығулардың тиімділігін арттыру керек. Ол үшін психологтар ұсынған төмендегі әдіс-тәсілдерді қолдану керек:

- спорттық жаттығулардың әдіс-тәсілдерін психологиялық негіздеу;

- психологиялық функцияны дамыту арқылы және жаттығудың аппараттық әдісін жасау арқылы спортшы ағзасының барлық мүмкіндіктерін максималды қолдана алу үшін жолдарды қарастыру;

- спорттың жеке түрлерін психологиялық сипаттау әдісін, әлеуметтік құрылым және спорттық команданың психологиялық ахуалын, спорттық мүмкіндіктерді психодиагностикалау әдісін өңдеу;

- жаттығу жағдайында жарыстық жағдайды ғылыми негізделген модельдеу әдісін өңдеу [5].

Спортшыны дайындау процесі көп қырлы. Шартты түрде оны үйрету және жаттығу кезеңі деп екіге бөледі, дегенмен, ол бірегей және үзіліссіз педагогикалық процесс. Жаттығу деп-осы меңгерілген дағдылар, білімдер мен тәсілдерді пысықтап, жетілдіруге бағытталған дайындық кезеңін айтамыз. Жаттығудың негізгі міндеті-әдістерді жекелей және топтық тәсілдік қимылдарды жетілдіру, дене шынықтыру дағдыларын, психологиялық процестерде дамыту, адамгершілік және ерік-жігерді тәрбиелеу болып табылады.

Спортшыны жарысқа психологиялық дайындау жүйесі оның психикалық қалыптарының реттеу мен өзін-өзі реттеудің алуан түрлі тәсілдерін біріктіреді. Бұл тәсілдердің көп түрлілігін төмендегідей топтастыруға болады:

– мақсаты жүйкені шаршатпай, бұлшық еттер шириғыуын әлсірететін жаттығулар жиынтығы;

– жарыс алдындағы қолайсыз қалыптарды, көңіл-күйді жоятын сергіту және де сергіту жаттығуларының ырғағын, ұзақтығын спортшы көңіл-күйіне қарай таңдалады;

– жаттықтырушы беделінің әсерлі күші. Спортшының әсіресе жас спортшының спорттық жарыстарға қатысу тәжірибесі болмағандықтан, бұл фактордың маңызы ерекше болады.

Спортшының жарысқа психологиялық дайындығы деп жарыстарда табысты өнер көрсету мүмкіндігі түсініледі. Психикалық дайындыққа сенімділік, ерік және т.б. үлкен рөл беріледі, олар өлшеуге және формализациялауға келмейді және сондықтан алынған зерттеулердің объективті деректерін толықтыра алады.

Көптеген спорт психологтары жарыстың экстремалды жағдайларына әсер ететін спортшының психологиялық дайындығының мәнін және нақты жағдайда, іс-әрекет пен жай-күй бірлігінде, үздіксіз бақылауда және мінез-құлықты реттеуде уақтылы оңтайлы шешім қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

Жаттықтырушының негізгі міндеті – спортшылардың мақсаткерлігін дамыту, бұл психологиялық дайындықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Оны спортшының өнерге деген терең қызығушылығын және спорттық жетістіктерге деген жеке қызығушылығын танытатын жағдайда тәрбиелеуге болады. Жаттықтырушы спортшымен оның барлық оң және теріс тұстарын бөлшектеуге міндетті.

Спорттағы «психологиялық кедергілерге» мыналар жатады:

- жарыс алдында қорқыныш (ол өзін-өзі сүйгіштікке және мұқият болуға, команданы немесе ұжымды көтеруден қауіптенуге, жақын адамдардың немесе жаттықтырушының нашар сөзін теріс бағалау туралы ойға себеп болуы мүмкін);

- қарсылас алдындағы қорқыныш, оның күшті жақтарын білу немесе оның жетістіктері туралы дұрыс емес ақпарат, немесе ырымшылдық, немесе өз мүмкіндіктерін жете бағаламау;

- жоғары қарқынға төтеп бермеуден қорқу;

- жаңа жарақат немесе қайта жарақат алуға қорқу;

- төрешіліктен, олардың қарсыластарға субъективті қарауынан қорқу;

- барлық мүмкін ақылсыз суеверия (ырымға сену), әлі күнге дейін спортшылар арасында кең тараған.

Жаттықтырушы әр спортшының темпераментін білуі тиіс, өйткені спорттық қызмет барысында темперамент маңызды рөл атқарады. Бір спортшының спорттық іс-әрекет барысында өмірге қарағанда мүлдем басқа сипаттағы психикалық қасиеттерді көрсете алатынын ескеру керек. Нақты жарысқа психологиялық дайындықтың негізгі факторлары:

1. Психологиялық өзін-өзі әзірлеу.

Бұл дегеніміз – нақты жарыстарға байланысты спортшыда болатын психологиялық көзқарас – ойлар, күйзелістер, ерік-жігер құбылыстары. Спортшы жарыс алдында міндетті түрде алдағы жарыстармен өмір сүруі тиіс. Алайда, бұл оның күшін жұмылдыратын, жауынгерлік икемдейтін және сайып келгенде жеңіске жетуге елеулі түрде көмектесетін күйзелістер болмауы тиіс.

2. Жаттықтырушының әсері.

Өзінің тәрбиеленушісін жақсы білетін жаттықтырушы мінез-құлықтың сыртқы белгілері бойынша оның эмоциялық саласындағы өзгерістерді анықтай алады. Егер жаттықтырушылардың қатысуымен әрқашан жанданған жас жігіт (қыз) тұйықталған болса, онда ол алдағы жарыстарға қатысумен байланысты ауыр психикалық күйзеліс жағдайында екенін білдіреді. Жаттықтырушы өзінің шәкіртін осы күйден байқамай шығарып, оның назарын басқасына аударуы керек [6].

Психологиялық дайындықтағы жаттықтырушының міндеттерінің бірі – алдағы жарыс қарсаңында психикалық шамадан тыс көңіл-күйдің алдын алу болып табылады. Кейбір жағдайларда алдағы жарыстарға байланысты мәселелерді ұжыммен және жеке әңгімелесумен шешу керек. Жаттықтырушы спортшыға қарсыластың өз күштері мен күштерін бағалауға көмектесуі керек, сонымен қатар жаттықтырушы жаттығу режимін бірнеше рет өзгертуі керек.

3. Ортаның әсер етуі.

«Орта» түсінігін бірінші кезекте құрамында спортшы алдағы жарыстарда өнер көрсетуі тиіс спорттық ұжымды түсіну керек. Ұжым мүшелерінің психологиялық жағдайы оларға өзара әсер етеді. Сондықтан алдағы жарысқа қатысты барлық ұжымды орнату өте маңызды. Ұжым жауынгерлік тұрғыда көңілге қонған кезде, өз күштеріне, жеңіске сенімді, бұл жарысқа психологиялық даярлықтың маңызды факторы болып табылады [7].

Психологиялық дайындықта отбасы, достары, таныстары да үлкен мәнге ие. Мұнда спортшының ортасы оң да, теріс да рөл атқара алатынын ұмытпаған жөн. Әңгіме, атап айтқанда, ортаның әсері спортшыны белгілі бір аса ауыр жағдайға жеткізген, оны тепе-теңдіктен шығарған жағдайлар туралы болып отыр («жігерлендіру» қалыпты шекаралардан өтетін кезде).

Спортшының психологиялық дайындығы бірнеше кезеңдерге бөлінеді.

Жарыстан келесі жарысқа дейінгі кезең.

Осы кезеңде жеңіске немесе жеңіліске сүйене отырып, спортшы келесі жаттығуларға және алдағы жарыстарға қатысты қандай да бір амалдарды қабылдайды. Келесі жарыс айлар арқылы болуы мүмкін. Алайда оған психологиялық дайындық алдыңғы жарыстар аяқталғаннан кейін басталады. Жеңіске жеткен жағдайда спортшының алдына барынша жоғары мақсаттар қою керек, ал жеңіліс болған жағдайда реваншқа ұмтылу керек, барлық жағдайларда техникалық, тактикалық және психологиялық кемшіліктерді нақты анықтау керек, бұл жарысқа психологиялық дайындықтың осы кезеңінде орындау маңызды.

Жарыс алдындағы жаттығу кезеңі.

Бұл кезең-ең ұзақ.

Негізгі міндеті: жалпы психологиялық дайындық мәселелерін шешу, яғни спортшының психикалық қасиеттерінің ерекшеліктерін зерттеу және олардың жарыс кезінде көрініс табуы және осы қасиеттерді дамыту үшін қажетті іс-шараларды таңдау. Психологиялық дайындық спортшыны алдағы жарысқа дайындау үдерісінің маңызды бөлігі болуы қажет.

Жарысқа тікелей дайындық кезеңі.

Бұл кезең спортшының эмоционалдық саласында болатын қозғалыстармен анықталады. Алға жылжулар соншалықты маңызды, бұл спортшының көңіл-күйіне белгілі бір із салады. Осы уақытта алаңдатарлық ойларды таратып, алаңдатуды жойып, спортшының жауынгерлік дайындық жағдайын жасауға тырысу керек.

Жарыстың өз үдерісі.

Жарыс барысында, әсіресе, жарыс күндері, апталар жалғасқанда, психологиялық күйге келтіру маңызды. Спортшының жарысқа психологиялық жағдайы-жүйелі түрде жасалып жатқан өте күрделі процесс, алдын ала әзірленген жоспар бойынша және жарыстарда табысқа жету үшін маңызды, кейде тіпті шешуші мәнге ие.

Бұл үдерісте спортшы, жаттықтырушы және ұжымға, бірлескен күш-жігермен маңызды рөл атқарады, оларға дұрыс және қажетті психологиялық дайындыққа қол жеткізуге және алдағы жарыстарда табысты болуын қамтамасыз етуге болады [8].

Жарыс іс-әрекеттеріне ішкі психологиялық дайындық – бұл жеке тұлға-спортшының жеке интеллектуалды-психологиялық қызметінің нәтижесі. Бұл нәтижеге, рас, әдетте, уақытша немесе бір реттік сипатқа ие сыртқы әсерлер де әсер етеді.

Ішкі психологиялық дайындық – бұл өз күштеріне сенбеу, қарсыластарынан қорқу (әрине, өз қарсыластарынан қорқу, өйткені әр спортшының өз шеберлігі мен нәтижелеріне сәйкес келеді). Спортшы қарсыластықта тең дәрежеде бір-екі қатені шеше алатынын түсінеді. Өзінің ағымдағы мүмкіндіктерін үнемі сезіну өзінің осы мүмкіндіктерін іске асыру қабілетіне психологиялық сенімділіктің қалыптасуына ықпал етуі тиіс. Шығармашылық эмоционалдық плюс суық ақыл-ой барынша сенімді нәтиже бере алады [9].

Шеберліктің ағымдағы деңгейін дұрыс сезіну, яғни нақты мүмкіндіктер, сондай-ақ эмоционалдық және ақыл-ой іс-әрекеттері арасындағы қырлар қажетті психологиялық көңіл-күйді қамтамасыз етеді және тиісінше сенімді сөйлеу үшін оңтайлы ішкі психологиялық жағдайды қалыптастырады. Нақты қол жетімді мақсаттарды дұрыс қою – психологиялық дайындықтың шешуші сәті. Өз жағдайын дұрыс сезінбеген жағдайда спортшы оны асыра көтеріп немесе төмендетіп, өз мүмкіндіктерінің құнсыздануына қарай одан әрі дергания үшін негіз жасайды, онда артық өзін-өзі сезіну, соның нәтижесінде спортшының алдында бастапқы қызба немесе апатия пайда болуы мүмкін.

Спортшы өз эмоцияларын реттеуі керек, өйткені бұл жарыста нәтиже соған байланысты. Спортшы психологиялық тұрғыдан төзімді болған сайын, ол қашықтықтағы қателіктерді аздатады [10].

Эмоцияға жақсы әсер жарыс алдында үйреншікті техника-тактикалық жаттығуларды орындау. Бұл жаттығулар өте күрделі болуы керек, көп көңіл бөлуді талап ету және сол арқылы жағымсыз ойлардан арылту керек.

Алдағы іс-әрекетке кейде арнайы психологиялық «күйге келтіру» - жарыс, жаттығу немесе жеке жаттығу үлкен мәнге ие. Мақсатты нақты қою, жеткілікті Ақпарат және әзірленген іс-әрекет жоспары алаңдаушылықты төмендетеді.

Жарыс алдындағы жаттығуларға идеомоторлық жаттығуларды – жарыс кезінде өз іс-әрекеттерін ойлы көрсетуді қосу пайдалы. Мүмкіндігінше толық ұсынуға ұмтылу керек. Старт алдындағы қозу ойлы көріністі мазаламауы үшін, жаттығуларда идеомоторлық жаттығуларды орындауда жаттықтыру керек.

Эмоционалдық жағдайларды реттеудің тағы бір негізгі жолы – өзін-өзі реттеу. Бұл жерде әр спортшы жаттықтыру керек, сондай-ақ қазіргі заманғы жүйке кернеуінде өзін-өзі реттеу дағдылары әркімге пайдалы. Дегенмен, оларды пайдалану жеке болуы керек, өйткені әрбір спортшы үшін эмоционалдық қозу деңгейі оңтайлы болады [11].

Міне, О.А. Черепанова «спорттағы бәсекелестік, тәуекел, өзін-өзі ұстау» кітабында сипатталған бірнеше тәсіл:

1. Мәнерлі қозғалыстардың көрінуін немесе өзгеруін әдейі кешіктіру. Кедергі жасай отырып күлкі немесе күлкі болады жаншып дауысы көңілді, ал жымыйып көңіл күйін көтеру. Бет мимикалық бұлшық ет тонусын еркін басқаруды үйреніп, адам өз эмоцияларын меңгере алады.

2. Арнайы қозғалыс жаттығулары. Жоғары қозған кезде бұлшық еттің түрлі топтарын босаңсуға, кең амплитудасы бар қозғалысқа, баяу қарқынмен ырғақты қозғалысқа арналған жаттығулар қолданылады. Күшті, жылдам жаттығулар қозғайды.

3. Тыныс алу жаттығулары. Баяу дем шығару жаттығулары тыныштандырады. Маңызды шоғырлануы негізінде орындалатын қозғалысы.

4. Арнайы түрлері самомассаж, қозғалыс энергиясына өзін-өзі массаждың әсер ету сипаты байланысты.

5. Еркін зейінді дамыту. Өз ойларыңды саналы түрде іскери арнаға жіберіп, сенімділік сезімін белсендендіру қажет.

6. Бұлшықеттердің түрлі топтарының босаңсуы мен шиеленісуіне арналған жаттығулар эмоционалдық жағдайға әсер етеді.

7. Өз-өзіне бұйрық және өзін-өзі сендіру. Ішкі сөйлеу арқылы сенімділікті немесе эмоцияны тудыруға болады.

Сонымен жарыс жағдайындағы спортшының психикалық қалпын реттеу спортшының жеке басындағы ерекшеліктеріне тікелей тәуелді болады.

Қорыта келе спортшыны дайындау үдерісін жетілдірудің психолого-педагогикалық бірқатар ұсыныстарын келтірейік:

1. Спортшыны үнемі өзін жетілдіруге тәрбиелеу. Мұнда өзін жетілдіру жұмыстарын қарастыру, өзін жетілдіру әрекеттерін дамыту, өз ісіне және нәтижесіне жауап беру айтылады.

2. Жаттығу кезінде психологиялық қиын тапсырмалары арқылы және жарыстың басты кезендерін моделдеу жолымен спортшыларда «жарыстық төзімділік қорын» қалыптастыру. Психологиялық құралдардың нақты мазмұны спорт түрлерінің спецификасына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.*

2. *Бахтин Ю. К. Валеология – наука о здоровье: тридцать пять лет на трудном пути становления // Молодой ученый. – 2015. – №17. – С. 36-42.*

3. Бальсевич, В.К. Перспективы развития общей теории и технологий спортивной подготовки и физического воспитания / В.К. Бальсевич // Теория и практика физической культуры. – 1999. – № 4. – С. 21-26.
4. Запорожанов В.А. Физическая активность человека /В. А. Запорожанов. – Киев : Здоров'я, 1987. – 224 с.: ил. – Библиогр.: – С. 214-221.
5. Матвеев Л.П. Общая теория спорта и ее прикладные аспекты: 4-е изд., испр. и доп. / Л.П. Матвеев. — Санкт-Петербург: «Лань», 2005. – 384 с.
6. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: дидактический аспект [Текст] / Ю. К. Бабанский. - Москва : Педагогика, 1982. - 191 с. : табл. - Библиогр.: с. 188-190.
7. Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1970.
8. Сериков В.В. Личностно ориентированное образование: поиск новой парадигмы. Монография. Москва 1998.
9. Слостенин В.А. и др. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Слостенина. – М.: Издательский центр "Академия", 2002. – 576 с.
10. Усова А.В. Формирование у учащихся учебных умений / [А.В. Усова](#), [А.А. Бобров](#). – Москва: Знание, 1987. – (Педагогика и психология).
11. Ақпаев Т.А. Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі жүйесін қалыптастыру негіздері: оқу құралы / Т.А. Ақпаев, Қ.І. Адамбеков, Ә.Ж. Тастанов. – Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. – 111 б.

МРНТИ 15.21.51

Э.И. Қалиева¹, А.М. Джанисенова²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТІ

Аңдатпа

Бұл мақалада кәсіпкерлік мәдениет білім, білік және дағдылардың механикалық жинақталу нәтижесі емес екендігі, ол тұлғаның жан-жақты – когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық-еріктік (ықыластылық) және әрекеттілік дамуын білдіретін және жалпымәдени, кәсіби, тұлғалық құзыреттіліктің жиынтығынан көрінетіні қарастырылған және айқындалған.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, кәсіпкерлік мәдениет, когнитивтік, эмоционалдық, мотивациялық-еріктік (ықыластылық), тұлғаның әрекеттілік жағы.

Қалиева Э.И. ¹, Джанисенова А.М. ²

^{1,2}Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ КУЛЬТУРА ЛИЧНОСТИ

Аннотация

В данной статье рассмотрено и определено, что предпринимательская культура не может быть результатом механического накопления знаний, умений и навыков, она предполагает развитие всех сторон личности – когнитивной, эмоциональной, мотивационно-волевой (намерение) и операциональной, – и выражается в совокупности компетенций – общекультурных, профессиональных, личностных.

Ключевые слова: предпринимательство, предпринимательская культура, когнитивная, эмоциональная, мотивационно-волевая (намерение) и операциональная стороны личности.

ENTREPRENEURIAL CULTURE OF PERSONALITY

Abstract

This article considered and determined that an entrepreneurial culture cannot be the result of a mechanical accumulation of knowledge, skills, it involves the development of all aspects of the personality - cognitive, emotional, motivational-volitional (intention) and operational - and is expressed in the totality of competencies - general cultural, professional, personal.

Key words: entrepreneurship, entrepreneurial culture, cognitive, emotional, motivational-volitional (intention) and the operational side of the personality.

Білім алушы студенттердің кәсіпкерлік мәдениетінің дамуы кәсіпкерлік университеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Оны шешудің қажеттілігі білім беруге қатысты сырттай, әлеуметтік-экономикалық факторларға да, сондай-ақ білім берудің сұраныстарына да қатысты.

Экономикалық қатынас тек жеке тұлғаға ғана емес, бүкіл қоғамға байланысты болатын әрбір адамның өмірінің ажырағысыз бөлігі болып табылады. Бұл жағдай бізге тұлғаның экономикалық мәдениетін, оның ішінде кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді [1].

«Кәсіпкерлік мәдениет» ұғымының анықтамасын айқындау үшін алдымен бұл феноменді құраушы элементтердің мәндік қырлары мен сипаттарын анықтауымыз керек.

Л.Н. Коган, В.П. Кузовлев, т.б. ғалымдар адамдар мен әлеуметтік топтардың мәдениетті өркениет құндылықтары ретінде игеруінің мынадай сипаттарын анықтады: 1) қоғамнан тыс өмір сүре алмайды; 2) адамдар қызметінің барлық салаларын қамтиды; 3) бұл – өз заңдылықтарымен қарқынды дамитын құрылым; 4) қоғамның тарихи дамуы процесінде пайда болатын құндылықтар жиынтығы; 5) халықтардың, ұрпақтардың арасын байланыстырушы элемент болып табылады; 6) тек қызмет қана емес, сондай-ақ адамдар қызметін ұйымдастыру мен дамытудың тәсілі де болып табылады. Осыдан келіп, мәдениетке адамдардың қауымдастыққа араласуының негізгі шарты және процесі болатын индивидумдар қызметінің ажырағысыз саласы болып табылатын күрделі жүйе ретінде анықтама беруге болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік феномені мен оның қалыптасу тәжірибесін экономикалық дамыған елдердегі кәсіпкерліктің теориясы мен практикасының дамуын ескере отырып қарастыру қажеттігін айтуымыз керек [2-3].

«Кәсіпкерлік» терминінің сонау римдік құқықта қарастырылғандығына қарамастан, осы кезге дейін кәсіпкерліктің қандай да бір көпшілік мойындалған теориясы жоқ. Кәсіпкерлік феноменіне алғаш рет жаңа заман тарихын сипаттаған ағылшын Р.Кантильон (1680–1734) назар аударды. Ол жер иеленушілер қатарына адамдардың жаңа тобы – өздерінің қорқыныштары мен тәуекелдеріне қарамастан, пайда табу мақсатында нарықтық айырбастауға тырысушы кәсіпкерлердің пайда болғанын атап өтті [4].

Бұл феноменді өз еңбектерінде басқа да ғалымдар қарастырған болатын:

- Кәсіпкерлік өндірістік факторларды әрекеттеуші ретінде, Ж.Б. Сэй;
- «Факторлар комбинациясы» мен «алмастыру принципі» ұғымдарын бірімен бірін ауыстыру; кәсіпкерліктің жаңа ендірулермен байланысы; жаңашыл кәсіпкер – революционер емес, экономиканың жалпы эволюциясының қажетті шарты, ол – экономикалық процестерді жеделдетуші, А.Маршалл;
- Жаңашыл кәсіпкердің қызметіне талдау жасау; кәсіпкер өндірістің бұрынғы формаларын батылдықпен бұзып, қоғам өмірін ұйымдастырушы жауынгер белсенді тұлға ретінде, экономикадағы революционер, әлеуметтік және саяси төңкерістердің бастаушысы, ұдайы «жасампаз қиратуларды» жүзеге асырушы, Й.А. Шумпетер;
- Кәсіпкерлік белсенділік тепе-теңдікке қарай қозғалыс факторы ретінде, Ф.Хайек;
- Нарықтық сұраныстар мен ұсыныстардың тепе-теңдік жағдайының уақыт жағынан ұзаққа созылмауы, Питер Ф.Драккер;
- Кәсіпке икемділік кәсіпкердің жетекші сипаты ретінде, шығармашылық еркіндігі, меншіктік сезім кәсіпкердің тоталитарлық мемлекеттегі мекеме жетекшісінен даусыз артықшылығы ретінде, Г.К. Гинс;
- Адам капиталының теориясы, Г.Беккер и Т.Шульц;
- Фирмашілік кәсіпкерлік, Г.Пиншо [5-6].

Жаңашыл кәсіпкердің қызметінің тәуекелдермен және бастаған істің табысты боларының айқындал-мауымен байланысты екендігі сөзсіз. Сондықтан осындай күрделі және жан-жақты міндеттерді шешу кәсіпкерлікпен айналысушы адамның жеке қабілеттеріне мейлінше қатаң талаптар

қоятындығына күмән болмаса керек. Бұл жерде білім де, білік те, қабілет пен мінез де маңызды. Кәсіпкерлік еңбектің айқын ерекшелігі бұрынғы жұмыс формасын жаңғыртушы еңбек, яғни «жұмысты жаңғыртушы еңбек» болып табылады. Кәсіпкердің қызметінің нәтижесі тек материалдық өндіріс саласындағы материалдық мазмұнды, еңбек формалары мен тәсілдерін өзгерту ғана емес, сондай-ақ сауда, қамсыздандыру қызметі, банк ісі, сауықтамалық индустрия, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары – қызметтің кез келген саласындағы өзгертулер болып табылады.

Тұлғалық даму тұрғысынан талданатын мәдениет дегеніміз – адам дамуының өлшемі, тұлғаның өркениет құндылықтарын игеру деңгейі екені мәлім. Мұнда мәдениет тек бүкіл адамзат қауымдастығы барысындағы меңгерілетін құндылықтар мен олардың көлемін ғана емес, адамның осы құндылықтарды жинақтау тәсілін де сипаттайды. Мәдениет адамдарды қалыптастырады, дамытады және сонымен бір мезетте олардың әлеуметтік белсенді, кәсіби жетілген және мақсаткер болып шығуларына көмектеседі.

Мәдениет өзіне адамның ойлау стилі мен мінез-құлқын жинақтайды, өйткені ол қоғамдық өмірдің барлық жақтарын, адамдар қызметінің кез келген түрлерін қамтиды. Ол тек адам білімінің кеңдігі мен тереңдігін – білімділікті ғана емес, сонымен қатар оның тәрбиелігін, зиялылығын – өз ойын нақты жеткізе білу, мұқият тыңдау, дұрыс кері әрекет ету, өзін жағдайға қарай дұрыс ұстай білуді де сипаттайды. Әрине, кәсіпкерлік мәдениет экономикалық мәдениет деген кең ұғымның құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіпкерлік мәдениет – кәсіпкерлер мүшесі болып табылатын әлеуметтік топтың экономикалық мәдениеті.

Кәсіпкерлік мәдениет тұлғаның түрлі қырларымен байланысты: когнитивті, эмоционалды, мотивациялық-еріктік (ықыластылық), әрекеттілік. Мұндай көзқарасты жақтаушы ғалымдар В.Б. Орлов, О.Г. Мизерова, т.б. ондағы мынадай мазмұнды ашып көрсетеді [7].

Кәсіпкерліктің когнитивтік жағы ойдың, жадының, елестетудің дамуымен, білім меңгерумен, яғни адам ойының дамуымен, оның ойшылдық қабілетімен байланысты. Оның көрінісі оқу процесінде меңгерген білімдер, өздігінен білім алу, қарым-қатынастар болып табылады. Шетелдік психологияда алдыңғы орынды алатын когнитивті психология бойынша (өкілдері – Д.П. Озбел, Дж. Брунер), тиімді оқу тек бұрынғы меңгерілген білім-біліктерге қатысты жаңа материалдар қолда бар когнитивті құрылымға ендірілгенде ғана мүмкін болады. Осылайша, кәсіпкерліктің когнитивтік қыры өз мазмұнына білімді ғана емес, сонымен қатар тек ойшылдық сипаттағы ғана емес біліктер мен дағдыларды да қамтиды.

Кәсіпкерліктің эмоционалды жағы, бәрінен бұрын, сыртқы ықпалдар мен ішкі қиналыстарға деген әсерлерден көрінеді. Маңызды ықпалдар эмоционалдықпен көрінеді, эмоциялы қиналыстар тудырады, бұл тұлғалық құрылымға қасыбір білімдерді, біліктер мен фактілерді жинақтайды. Тұлғаның эмоционалды жағы сезімді тәрбиелеуді, эмоцияларды реттеуді қажет етеді, демек, ашығын айтқанда, адам – аффектілі, сезімтал, эмоционалды жан иесі.

Кәсіпкерліктің мотивациялық-еріктік (ықыластылық) жағы тұлғаның барлық жақтарына, әсіресе әрекеттілік саласына тікелей қатысты болады. Еріктік әрекетсіз ойластырылған, мақсатты қызмет те болмайды [4]. Тұлғаның мотивациялық-еріктік (ықыластылық) жағы сананың затқа бағыттылығын (талпынысын) көрсетеді. Оның үстіне, онда қажеттіліктер, мотивтер, көзқарастар, құндылықтар, нормалар, ережелер, қатынастар, мақсаттар, мінез-құлық пен қызметтер моделі болады. Мұндай алғышарттар мақсат бар жерде жағдай жасалатын тұлғаның мақсатқа бағыттылығына немесе, басқаша айтқанда, еріктік күш-жігерге байланысты болады.

Тұлғаның әрекеттілік қыры интеллектуалдық және заттық-тәжірибелік біліктер мен дағдылардың қалыптасуына, алынған ақпараттардың шындығын тексеруге, оқуды – өзіндік оқуға, тәрбиені – өзіндік тәрбиеге айналдыруға, таңдалған өзін жүзеге асыру саласындағы практикалық қызметке байланысты болады. Қызметтен тыс тұлғаның дамуы болмайды. Кәсіпкерліктің бұл қыры мінез-құлықтан, қарым-қатынас пен қызметтен көрінеді.

Осылайша, біз тұлғаның кәсіпкерлік мәдениетінің эмоционалды, когнитивтік, мотивациялық-ерік (ықыластылық) және әрекеттілік жақтарын (қырларын) атап көрсетеміз.

Психолог А.Н. Леонтьевтің «Қызмет. Сана. Тұлға» теориясына сүйенсек, тұлғаның білімі оның образдарының мазмұнын өзгертетінін, мотивациялық-ерік жағын байытатынын, сөйтіп қызметтің мазмұны мен сипатына ықпал ететінін білеміз [8]. Бұдан шығатын қорытынды, тұлғаның қызмет мәдениеті тұлғаның барлық салаларын қамтуы керек: эмоционалды, когнитивтік, мотивациялық-ерік (ықыластылық) және әрекеттілік.

Егер мәдениетті психологиялық-педагогикалық ракурста қарастырсақ (бұл аспектіні жалпы мәдениетке қатысты Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн т.б. қарастырғанын еске саламыз), яғни тұлға құрылымы мен оның қалыптасуы контекстінде қарастырып, бұл ракурсты «кәсіпкерлік» ұғымымен кіріктірсек, онда біз төмендегідей анықтаманы аламыз: ел дамуының нарықтық жағдайындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға дайындығы мен қабілеттілігін көрсететін болашақ маманның кәсіпкерлік мәдениеті эмоционалды, когнитивтік, мотивациялық-еріктік және әрекеттілік жақтарының интеграция-

сын көрсетеді, атап айтқанда: а) тиісті эмоциялар мен сезімдер; б) контекстік білімдер (экономикалық, құқықтық, этикалық, коммуникативтік, басқарушылық, экологиялық), біліктер мен дағдылар; в) көзқарастар, құндылықтар, нормалар, ережелер, қарым-қатынастар, мақсаттар, мінез-құлық пен қызмет модельдері; г) қызметтер, мінез-құлық пен қарым-қатынастар.

Аталған әрбір компонентті қарастыралық. Күрделі құрылым ретінде кәсіпкерлік мәдениет түрлі салада түрліше көрінеді. Эмоционалдық салада ол инновациялық сипаттағы толқулардан, кәсіпкерлік қызметке деген қызығушылықтан, кәсіпкерлік құмарлықтан, тәуекелдерге бейімділіктен, кәсіпкерлік сипаттағы жаңғыртушылық қызметке құштарлықтан, өзгенің меншігіне деген құрметтен, бизнестің бейізгі саласын қабылдамаудан, кәсіпкерлік ортаға жататындығына деген мақтаныштан көрінеді.


Эмоционалдық сала студенттердің арнайы пәндерді де, гуманитарлық сипаттағы пәндерді де оқу процесінде, сондай-ақ тәжірибелік шаралар процесінде, кәсіпкерлермен кездесулерде т.б. дамиды.

Кәсіпкерлік мәдениеттің когнитивтік саласы контекстік білімдерді (экономикалық, құқықтық, этикалық, коммуникативтік, басқарушылық, экологиялық), сондай-ақ бизнес жобаларды жасау мен дамыту біліктері мен дағдыларын, іскерлік келіссөздерді жүргізуді, келісім-шарт жасасуды, команда құруды қамтиды. Бұл сала оқу процесінде білімдермен толығыады және, әсіресе практикалық қызметтегі біліктермен және дағдылармен байиды.

Кәсіпкерлік мәдениеттің мотивациялық-еріктік жағы құндылықтарды, қарым-қатынастарды, мақсаттарды, ережелерді, нормаларды, мінез-құлық, қызмет және қарым-қатынас модельдерін қамтиды. Ол талап-тілектердің жаңғыру жолымен, жаңа мен ескінің интеграциясымен, нәтижесінде сананың ішкі жұмысының нәтижесінен синергетикалық эффектілер тууымен толығып отырады.

Әрекеттілік сала кәсіпкерлік қызметке белсенді, саналы түрде, мүдделілікпен қатысуды, тиісті коммуникациялар мен мінез-құлықтың болуын білдіреді. Оның қалыптасуындағы маңызды фактор – кәсіпкерлік сипаттағы тәжірибелік қызмет.

Сонымен, біздер кәсіпкерлік мәдениеттің қажетті және жеткілікті компоненттерін анықтадық: 1) қажетті эмоциялар мен сезімдер; 2) контекстік білімдер (экономикалық, құқықтық, этикалық, коммуникативтік, басқарушылық, экологиялық), біліктер мен дағдылар; 3) көзқарастар, құндылықтар, нормалар, ережелер, қарым-қатынастар, мақсаттар, мінез-құлық пен қызмет модельдері; 4) қызметтер, мінез-құлық пен қарым-қатынастар. Тұлғаның барлық қырлары өзара тығыз байланысты болғандықтан, оның графикалық бейнесін төмендегіше көрсетуге болады және бұл «кәсіпкерлік мәдениет» ұғымын таныта алады.



Сурет 1 – Кәсіпкерлік мәдениеттің өзара байланысты элементтері

Тұлғаның кәсіпкерлік мәдениеті жалпымәдени, кәсіби, тұлғалық құзіреттіліктерінің жиынтығынан тұрады.

Л.А. Трусова кәсіпкерлік мәдениеттің жалпымәдени құзіреттіліктерін былайша көрсетеді:

- табыстар мен жетістіктер (мүмкіндіктерді пайдалану, бастамалар, ақпараттарды алу және пайдалану, қайсарлық, міндеттемелерге жауапкершілік, тиімділікті арттыру);
- ықпалдастық пен қарым-қатынастар (сенімділік пен айқындылық, іскерлік қатынастардың маңызын түсіну, имидж, іскерлік байланыстарды дамыту);

- білім (өздігінен жетілуге талпыныс, кәсіби саладағы бағдарлылық);
- жеке мүмкіндіктер (жұмыс қабілеті мен еңбексүйгіштік);
- өзін-өзі ұйымдастыру (өз мүмкіндіктерін ұғыну, креативтілік пен стандарттан тыс ойлау, кезектілік);
- көшбасшылық (өзіне сенімділік, ықпал мен көз жеткізу, командада жұмыс істей білу, басқарушылық қабілет);
- кәсіпкерлік ойлау (мақсаткерлік және жоспарлау, проблемалық жағдаяттарды шешу, тиімділік, нәтижелілік т.б. [9].

Кейбір ғалымдар (Матвеева Т.М., Гатиятуллин М.Х., Сулаева Е.П., Романова М.Ю.) тұлғалық-кәсіби сапалар мен күзiреттілікке мынадай блоктарға бөле отырып, кәсіпкерлік мәдениетті қосады:

- когнитивті блок (жинақтау қабілеті, елестету қабілеті, шығармашылық фантазия, дамыған интуиция, перспективалық ойлау).

- эмоционалды блок (өз ойын қысқа да нұсқа жеткізе білу, дәйектеу қабілеті, өзінің кәсіби позициясын қорғау т.б.;

- мотивациялық-еріктік блок (тәуекел аймағында жауапты шешімдерді қабылдау қабілеті, жағдаятты бақылау қабілеті, көздеген міндеттерді шешу жолында қиындықтарды жеңуге талпыну, өзін өзектендіру мен қоғамның мойындауы қажеттілігі, сәтсіздіктен қашу мотивінен табысқа жету мотивінің басымдығы [10].

- әрекеттілік блогы – ұйымдастырушылық, коммуникативтік, жобалау қабілеттері, стандартты және стандартты емес жағдайларда жаңашыл шешімдер шығару қабілеті, пайда табу мақсатында жаңа технологияларға айналдыру үшін идеяларды жинақтау қабілеті, инновацияның барлық түрлерін шұғыл бағалай білу, тәуекелден қорықпау, тәуекелдерді басқара білу, өзіне жауапкершілік алуға дайын болу т.б. [11-12].

Кәсіпкерлік мәдениет білімдер, біліктер мен дағдылардың механикалық түрде жинақталуының нәтижесі бола алмайды. Ол тұлғаның барлық жақтарының – когнитивтік, эмоционалды, мотивациялық-еріктік (ықыластылық) және әрекеттілік қырларының дамуының және жалпымәдени, кәсіби және тұлғалық күзiреттіліктерінің жиынтығы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. – М.: Ин-т практич. Психологии; Воронеж: МОЛЕК, 1996. – 384 с.
2. Арустамов Э.А. Организация предпринимательства: учеб. пособ. / Э.А. Арустамов, [и др.]. – М.: Изд.- книготорг. центр «Маркетинг», МКПК, 2001. – 249 с.
3. Дуранов М.Е. Личность обучающегося и ее развитие: учеб. пособ. / М.Е. Дуранов, В.Б. Орлов. – Челябинск : ЧГПУ, 1997. – 158 с.
4. Конференция без границ – Режим доступа : <http://www.wse-wmeste.ru>
5. Кушлин В.П. Экономика предпринимательства: курс лекций / В.П. Кушлин
6. Лапуста М.Г. Предпринимательство: учебник / М. Г. Лапуста [и др.]. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: ИНФРА – М., 2003. – 534 с.
7. Орлов Б., О.Г. Мизерова, Е.В. Орлова Предпринимательская культура: сущность и содержание понятия/ Вестник Югорского государственного университета, 2009, Выпуск 4(15). – С.13-25.
8. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
9. Трусова Л.А. Формирование предпринимательских компетенций школьников в условиях социального партнерства: автореферат дис. ... канд. пед. наук 13.00.05 [Текст] / Л.А. Трусова. – Москва, 2012. – 23 с.
10. Гатиятуллин М.Х. Педагогическая система подготовки студентов технического вуза к предпринимательской деятельности: автореф. дис. ... докт. пед. наук 13.00.08 [Текст] / М.Х. Гатиятуллин. – Казань, 2009. – 467 с.
11. Сулаева Е.П. Формирование предпринимательской компетентности у студентов техникума: дис. ... канд. пед. наук 13.00.08 [Текст] / Е.П. Сулаева. – Шуя, 2011. – 151 с.
12. Романова, М.Ю. Подготовка старшеклассников к предпринимательской деятельности в условиях профильного обучения (на примере социально-экономического профиля): автореф. дис. ... канд. пед. наук 13.00.01 [Текст] / М.Ю. Романова. – Москва, 2007. – 187 с.

А.М. Байкулова¹, А.С. Курманбекова², Р.К. Керимбаева³

^{1,2} Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз қ., Қазақстан

³ М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДЫ БАСҚАРУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада педагогикалық ұжымды басқару аспектілері қарастырылған. Білім берудегі заманауи басқарудың өзіндік ерекшеліктері анықталып, білім беру саласындағы басқарушылық әрекеттің әртүрлі тәсілдері сипатталған. Оқу процесі үшін қолайлы жағдай жасау, тиісті психологиялық климат, басқарудың ұтымды модельдерін, басшылардың рөлі айқындалған. Педагогикалық ұжымның сипатта-масы, оның өзіндік ерекшеліктері мен басқа еңбек ұжымдарынан айырмашылығы түсіндірілген. Жалпы басқару ұғымының негізі желгі ежелгі және орта ғасыр философтарының басқару мәселесіне қатысты еңбектері талданып, қорытылған. Түркі ғұлама ойшылдары Жүсіп Баласағұнидан бастап, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмед Иүгінеки, Махмуд Қашқаридың еңбектеріндегі ел басқару мәселесіне, мемлекет басқарушысының кемелденген, парасатты адам болу керектігіне мән беріліп, олардың бойында болуға қажетті ізгілік, парасаттылық, еңбексүйгіштік, алғырлық, әділеттілік сынды адамгершілік сапалары көрсетілген.

Тірек сөздер: басқару, басшы, басқару стилі, педагогикалық ұжым, психологиялық әсер.

Байкулова А.М.¹, Курманбекова А.С.², Керимбаева Р.К.³

^{1,2} Таразский инновационно-гуманитарный университет, г. Тараз, Казахстан

³ Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз Казахстан

АСПЕКТЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИМ КОЛЛЕКТИВОМ

Аннотация

В данной статье рассматриваются аспекты управления педагогическим коллективом. Определены специфические особенности современного управления образованием, описаны различные способы управленческой деятельности в области образования. Определены благоприятные условия для учебного процесса, соответствующий психологический климат, рациональные модели управления, роль руководителей. Объясняется характеристика педагогического коллектива, его особенности и отличие от других трудовых коллективов. Основные понятия общего управления были проанализированы и обобщены труды философов древнего и средневекового века, касающиеся проблемы управления. В трудах тюркских мыслителей Жусупа Баласагуни, Ходжа Ахмета Яссауи, Ахмеда Иугинеки, Махмуда Кашгари особое внимание было уделено вопросам управления страной, о том, что правитель государства должен быть зрелым, умелым человеком, а также отражены такие нравственные качества, как добропорядочность, трудолюбие, терпимость, честность, справедливость.

Ключевые слова: управление, руководитель, стиль управления, педагогический коллектив, психологическое влияние.

¹Baikulova A.M., ²Kurmanbekova A.S., ³Kerimbayeva R.K.

^{1,2}Taraz Innovative-Humanitarian University, Taraz c., Kazakhstan

³Taraz state University named M.H.Dulati, Taraz c., Kazakhstan

ASPECTS OF TEACHING STAFF MANAGEMENT

Abstract

In this article the aspects of management of pedagogical collective are considered. Specific features of modern management of education are defined, various ways of administrative activity in the field of education are described. Favorable conditions for the educational process, the appropriate psychological climate, rational management models, the role of managers are determined. Due to the characteristics of the teaching staff, its peculiarities and difference from other labor groups. The main concepts of general management were analyzed

and summarized the works of philosophers of the ancient and medieval centuries, concerning the problem of management. In the works of turkic thinkers Zhusup Balasaguni, Khoja Ahmed Yassawi, Ahmed Iugineki, Mahmoud Kashgari, special attention was paid to the issues of governance, that the ruler of the state should be a mature, skillful person, and also reflected such moral qualities as integrity, diligence, tolerance, honesty, justice.

Key words: management, manager, management style, teaching staff, psychological influence.

Тәрбие мен оқыту әрдайым педагогикалық процестің субъектісі ретінде танылады, сәйкесінше оларды басқару мақсатты түрде жүзеге асырылады. Сондықтан білім беру жүйесіндегі менеджменттің маңызды қағидасы жоспарлау және ұйымдастыру негізіндегі мақсат қоюдың нақты принципінен тұрады. Білім берудегі менеджмент теориясы мен практикасының маңызды концепциясы - басқару қызметінің мазмұны туралы мәлімет беретін функциялар. Қазіргі уақытта педагогикалық тәжірибеде білім алушыларды ғылыми басқару тарапынан оқыту және тәрбиелеу үрдісінің мағынасына анық тенденция пайда болды. Басқару жүйесін оқыту мен тәрбиелеуді оңтайландыратын, адам тұлғасын және оның басқа да қасиеттерін қалыптастырушы ретінде сапаттауға болады. Басқару үрдісіне педагогикалық шарттар жиынтығы ұсынылса, жалпы білім беретін оқу орнының педагогикалық құрамын ұйымдастыру тиімді болады. Қызметтің бұл саласы әр түрлі мектеп қызметтері мен мамандары арасындағы тиімді ынтымақтастық моделін құруды қамтамасыз етеді. Модель - жүйелік, оңтайландыру, коммуникациялық-диалогтық, тұлғаға бағытталған тәсілдерге негізделген.

Жалпы басқару процесі белгілі бір нәтижеге жету үшін адамдардың жалпы әрекеті жүзеге асырылатын қызметте көрініс табады. Басқару жүйесінің жалпы заңдылықтары стихиялы түрде бағытталған. Ғылыми білімнің қазіргі деңгейі педагогикалық процесті ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолданудың мүмкіндігін көрсетеді. Басқару тұрғысынан сипаттайтын болсақ, педагогикалық үрдіс келесі үлгімен құрылуы мүмкін: басқарудың объектісі және субъектісі, интеграцияланған іс-әрекет пәні, педагогикалық қарым-қатынастың басты құралы және оқыту мақсаты. Олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты және оның өмірлік қызметіне әсер етпес үшін жүйеден бірде-бір элементті алып тастауға болмайды. Басқарудың субъектісі мен объектісі педагогикалық жүйенің негізі ретінде шартты белгіні қолдайды, басқару деңгейінде оның иерархиялық орны жоғары немесе төмен тұрғанына байланысты педагогикалық жүйенің әрбір қатысушысы субъектінің де объектінің де орнында бола алады. Мұғалім мен білім алушының белсенді іс-әрекеттері олардың әрқайсысының өзінің қызметтерінде және іс-әрекеттерінде, сондай-ақ басқа да қызметкерлердің іс-әрекетін басқарудың субъектісі ретінде көрініс табатындығынан айқындалады.

Ал педагогикалық ұжым дегеніміз – бірлескен қызмет процесінде ұйымдастырушылық және психологиялық дамудың жоғары деңгейіне жеткен, ортақ мақсаттар мен міндеттермен біріктірілген мұғалімдер тобы. Мұғалімдер ұжымының педагогикалық және басқарушылық іс-әрекеті оқушылар ұжымымен өзара тығыз әрекеттестік процесінде қалыптасады. Педагогикалық қызмет барысында мақсаттар мен міндеттерді айқындау үрдісі оқушылар ұжымының жалпы мүмкіндігі қандай деңгейде іске асырылатындығына тікелей тәуелді болып келеді. Басқару саласының категориясының негізінде педагогикалық ұжым басқарушы, ал білім алушылар ұжымы басқарылушы болады. Мұғалімдер ұжымы өзінің қызметі бойынша балалар ұжымына ғана емес, педагогикалық ұжымға тиістілігіне байланысты тәрбие субъектісі ретінде қызмет жасайды. Ал қазіргі әрекет пен қатынастың субъектісі ретінде әрбір жеке тұлғаға басты назар аударылған жағдайда профессор-оқытушылар құрамы мен оқушылар ұжымы басқарудың да, өзін-өзі қалыптастырудың да субъектісі ретінде көрініс тауып отыр. Педагогикалық құрамдағы қатынастардың сипаттамалары: ұйымшылдық, ұжымдық өзін-өзі анықтау және сәйкестендіру, топ мүшелерінің жоғары сенімі, бірлескен оқытушылық іс-әрекеттегі жауапкершілікті қабылдауда объективтіліктен тұрады.

Педагогикалық ұжымның басты ерекшелігінің бірі – оның жоғары деңгейде өзін-өзі басқара алуында. Ұйымдағы мектеп кеңесі, әдістемелік комиссиялар мен қоғамдық ұйымдар мұғалімдердің сайлану арқылы өкілеттік алуы ұжымда қоғамдық дұрыс пікір қалыптастырып дербестік пен белсенділікті дамытуға үлес қосады. Педагогикалық ұжым мүшелерінің, оның басшыларының өзіндік қызметтік міндеттері, нұсқаулары арқылы дәл анықталуы да ұжымның ұйымдастырушылық сипатын дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді. Көптеген оқытушылар құрамының ерекшелігі ретінде қызметтерінің ұжымдық сипаты мен нәтиже алу мақсатындағы ұжымдық жауапкершілігін айтуға болады. Егер жекелеген мұғалімдердің, әсіресе орта және жоғары сынып мұғалімдерінің іс-әрекетін өзге мұғалімдердің қызметтерімен сараланбаса, білім алушылардың білімін бағалау, мектеп жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай ұйымдастырылған талаптар болмаса, табысқа жету көрінісі бәсеңдейді. Педагогикалық ұжымның біртұтастығы олардың құндылық бағдарлары, көзқарастары мен сенімдерінен көрініс табады, дегенмен бұл жағдай педагогикалық технологияның бірсарындылығын білдірмейді.

Қазіргі уақытта педагогикалық ұжым құрамының дамуы білім беру мекемелерінің стратегиялық мақсаттарының бірі. Жанартуға байланысты білім беруді басқаруда педагогикалық және басқарушылық қызметтегі қызметкерлердің іс-әрекет моделін өзгертуге деген талаптар артып келеді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде реформа жүріп жатыр, оқу орындарын біріктіру белсенділігінің артуына байланысты басқару қызметінің өзектілігі артып отыр.

Осы тұста аталмыш ұғымға қысқаша тоқталып өтуді жөн санадық. Жалпы басқару ұғымының негізі ежелгі философтар: Конфуций, Платон, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінен бастау алады. Мәселен, Конфуций (551-478 жж. б.д.д.) – «ізгілікті басқаруға» мән берген. Ол басқаруды - үнемі адамдарға қамқорлық жасау, сонымен қатар қоғам мүшелері арасында міндеттерді бөлуде қатаң әлеуметтік дифференциация иерархиясы деп түсіндіреді [1]. Ал Платон (427-343 жж. б.д.д.) – басқаруды – мемлекетте әрбір қоғам мүшесі өз ісімен шұғылданду қажет, өзге адамдар ісіне кірігуге болмайды, бұл талап тұтас құрылымға бағынуды және соған еңбек етуді нұсқайды. Оның пайымдауынша, «заң күші жүрмейтін, өзгеге бағынушы мемлекет құрдымға кететіндігін», адамды басқара білу «өте күрделі және еңбекпен қолжеткізуші білік» екендігін айтты [1, б. 25]. Аристотель (384-322 жж. б.д.д.) «әрбір мемлекет белгілі бір қоғамдық тұрғылықты орын» екендігін дәлелдесе, Платонның идеалды мемлекетіне сын айтып, жеке мүлік және қоғамдағы отбасын сақтау қажеттілігін қорғау керектігіне жете көңіл бөлді [2]. Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.). –басқару рөліне, оның адамгершілік құндылықтарына басты назар аударған [3]. Ал түркі ғұлама ойшылдары Жүсіп Баласағұнидан бастап, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмед Иүгінеки, Махмуд Қашқари өздерінің еңбектерінде ел басқару мәселесіне, мемлекет басқарушысының кемелденген, парасатты адам болу керектігіне мән беріп, олардың бойында болуға қажетті ізгілік, парасаттылық, еңбексүйгіштік, алғырлық, әділеттілік сынды адамгершілік сапаларды: көрсеткендігі мәлім [4]. Сонымен ежелгі және орта ғасыр философтарының еңбектерінде басқару ұғымын кім басқару керек және қалай басқару керек делінген екі бағытты анықтадық.

Дейтұрғанмен кез келген қоғамда, әр уақытта басқарушылар қатарына 1-ден, білімі бар, 2-ден, тәрбиелі, 3-ден, лауазымды отбасы ұрпақтары кіргендігін білеміз. Себебі бұл кезеңде басқаруға арнайы оқытпаған. Ал басқарудың ғылыми мектебін негізін салушыларға келер болсақ, олардың алғашқылары: Ф.Тэйлор, Ф.Гилбрет, Л.Гилбрет, Г.Эмерсон, Генри, Канттың есімдерімен тығыз байланысты. Олардың пікірінше, басқару – бұл ерекше мамандық, ал ол туралы ілім дербес пән. Олар логикалық талдау мен бақылауды қолдана отырып, жұмысты тиімді орындау үшін жекелеген операцияларды ғылыми жетілдіруді ұсынады, ғылыми басқаруды ұстанады [5].

Сол себепті де әр түрлі адами қатынастарды қамту арқылы, сонымен қатар көптеген жауапкершілігі жоғары түрлі жағдайлар мен басқару нәтижесіне байланысты - басқару қызметі басқа еңбек түрлерінен түбегейлі ерекшеленеді. Оған А.Л. Егоршиннің көзқарасы бойынша басқару қызметінің келесідей маңызды белгілерін атап өтуге болады:

- іс-әрекеттің әртүрлі деңгейлеріндегі басқарудың иерархиялары;
- алгоритмдік емес, қызметтің шығармашылық сипатта болуы, ақпараттың жетіспеуі және жиі өзгеретін, жиі қайшылықты жағдайлар;
- шешілетін басқару міндеттерінің болжалды сипаты;
- коммуникативті функцияның маңызды рөлі;
- шешім қабылдау барысындағы үлкен жауапкершілікке байланысты жоғары психикалық шиеленіс [6].

Білім беру ұйым басшыларының басқаруға байланысты қызметтері бүгінгі күні көптеген пікірталастардың түрткісі болып отыр. Бұл тақырыпты зерттеу психологиялық қолдау тұрғысынан салыстырмалы түрде жүргізіледі.

Оқытушылар құрамын басқару білім сапасын көтеру мақсатына жетуді қамтамасыз етеді және оған мыналар кіреді:

- мұғалімдер мен олардың өзін-өзі тануына жағдай жасау және өз жұмысына қанағаттануын қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің кәсіби шеберліктері пен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;
- қолайлы моральдық-психологиялық климат құру;
- мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Білім беру саласында мұғалім - қайталанбас ерекше тұлға, сондықтан білім беру мекемесіндегі басқарушының әр қызметкерге бірдей басқару әрекеттері мен әдістерін қолдануы тиімді бола бермейді. Қызметкерлер белгілі бір жұмысқа сай немесе мүлдем сай келмейтін болмайды, тек қана белгілі бір нақты тапсырмаға сәйкес болуы мүмкін. Мәселен, тәжірибе, ынталандыру түрлері жеткіліксіз болуы мүмкін. Көптеген ғалымдар (Бабанский Ю.К., Архангельский С.И., Талызина Н.Ф., Хмель Н.Д., т.б.) әлеуметтік құбылыстарда оқыту мен тәрбиелеу қалай қажет болса, басқару да дәл солай қажет және де осы орайда, басқару стилін дұрыс таңдау аса маңызды қызметтің бірі деп атап көрсетті. Ескере кететін жайт, психо-

логтардың көзқарасы бойынша қызметкердің мінез-құлқында рационалды ғана емес, сонымен бірге интуитивті эмоционалды қасиеттері көрініс табады. Осылайша, оның шешімдері мен әрекеттеріне рационалды ғана емес, эмоционалды факторлар да әсер етеді. Адам бір жағынан ішкі бейімділіктеріне және өзіндік шешімдеріне, екінші жағынан сыртқы орта жағдайларына сәйкес әрекет етеді.

Адамның кез келген шешімді қабылдауы мен әрекет етуіне әсер ететін жағдайлар:

- 1) оның жеке басының ерекшеліктері;
- 2) оған генетикалық немесе жаттығу кезінде дамыған мүмкіндіктер;
- 3) өзіндік өмірлік тәжірибе барысында қалыптасқан көзқарастар;
- 4) қызметке қатысты мотивация деңгейі [7].

Тәжірибелі басшы адам табиғатының ұйым қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыруда маңызды орын алатынын түсінеді. Егер ұйымдастырушылық мінез-құлықты басқару процесі ретінде қарастыратын болсақ, ең алдымен мәні мен ұйымдастырылуына қарай басшыларға тиесілі рөлді анықтау керек.

Қазіргі білім беру саласын басқарудың өзіндік ерекшеліктері:

1. Педагогикалық талаптар арқылы жүзеге асырылатын біртұтас жүйе, құндылық бағдарларының біртұтас жүйесі.

2. Ситуациялық тәсіл, басқарушылық шешімдер ағымдағы жағдайдың негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар кезінде шұғыл шешімдер қабылдау үшін жоспардан тыс жиналыстар өткізіледі.

3. Ұйымдастырушылық мәдениетті үздіксіз жетілдіру мақсатында білім беру ұйымына басқарушы-оқытушы құраммен, жоғары деңгейдегі мамандарды тарту арқылы кәсіби және жалпы мәдени деңгейді жоғарылату.

4. Жеке тұлғаға бағдарланған және индивидуалды тәсіл, ұжымның әрбір мүшесінің мүмкіндігін анықтау және пайдалану, білім беру процесінің барлық қатысушыларының таңдау еркіндігін құрметтеу, қолайлы моральдық-психологиялық климатты құру, оқу орнының психологиялық қызметінің зерттеу жүргізуі, білім беру ұйымының қызметін жетілдіру мәселесінде басшының қызметкерлермен жеке пікір алмасуы.

5. Шешімдер қабылдауда қызметкерлердің пікірін қарастыруға мүмкіндік беруге бағытталған демократиялық тәсіл [8].

Осылайша, педагогикалық ұжымның жұмысына психологиялық қолдау көрсету - білім беру ұйымы басшыларының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Білім беру ұйымының басшысы ұйымда тиімді психологиялық-педагогикалық жағдайларды ұйымдастыруы қажет. Оған сәйкес ұжымның әр мүшесі өзін жұмыс орнында ұйымдастырушы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беру керек, ол қызметкерлермен және студенттердің іскерлік қарым-қатынас процесін басқарудың тиімді модельдері мен стильдерін енгізу арқылы қол жеткізіледі. Басқару стилі – бұл басшының (жетекшінің) ұжымға әсер ету немесе оларды әрекетке талпындыру мақсатындағы қарым-қатынасы бойынша мінез-құлық манерасы [9]. Сондықтан басқару стилі басқару әрекетін тиімді және сапалы орындау мақсатында ұжымға әсер ету тәсілдері, әдістері, амалдарының тұрақты, тұтас жүйесі болып табылады. Сол себепті стратегиялық мақсаттар қоюға қабілетті, күрделі міндеттерді шеше алатын пікірлес адамдар тобын құру – көпқырлылық өнерін меңгерген басшыларға тән қасиет.

Демек, кәсіби біріккен адамдар тобы ретінде педагогикалық құрам жалпы ұжымдық қасиеттерге ие. Педагогикалық ұжымның өзіне тән ерекшеліктері: жұмыс уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни жұмысты орындау уақыт бойынша дұрыс шектелмегендігі, қызметтің ұжымдық сипатта көрініс табуы мен жұмыс нәтижесіне ұжымдық жауапкершілік. Бұл мәселе өз кезегінде педагогикалық ұжым әрекетінің деңгейін төмендете отырып, мұғалімдерге көптеген міндеттердің жүктелуіне, олардың кәсіптік дамуына бос уақытының жетіспеуіне себепші болады, ал бұл өз кезегінде мұғалімнің күйзеліске түсуіне, шиеленісті жағдайлардың артуына және де ұжымдағы адамдардың қызығушылықтары мен мақсаттарының келіспеушілік кезеңінде туындайтын қақтығыстарға түрткі болады. Осы орайда, ұйым басшысының атқаратын қызметі аса маңызды сипатта болады.

Қорыта келе, басқарушы өз қол астындағы қызметкерлерге дұрыс басшылық ету стилін таңдай білсе, қызметкерлерді ынталандыра отырып, қызметкерлердің жұмысқа ынтасының төмендеуі мәселесіне алдын-ала болжам жасаса, шиеленісті жағдайларды болдырмау жолдарын ашық қарастырса - тек қарапайым басшы емес, көшбасшы атауына лайық болады. Сондықтан да, басшының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – жұмыс процесін тиімді ұйымдастыру болып табылады. Білім беру саласының орталық тұлғасы - мұғалім болғандықтан, мақалада мұғалімнің жеке басына ерекше көңіл бөлінеді, сонымен қатар мұғалімдердің іріктелуі мен ұйымдастырылуындағы, олардың кәсіби дайындығының маңыздылығына тоқталдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 1999. – 272 б.
2. Сагадеева А.В. О ДУШЕ / пер. П.С. Попова., исправленный и дополненный М.И. Иткиным с примечаниями // В кн.: Аристотель: Соч.: в 4 т. – М.: Мысль, 1976. – Т. 1. – С. 371-448.
3. Әбу Насыр әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 272 б.
4. Х. Сүйіншіәлиев VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 279 б.
5. Умбиталиев А.Д., Сатымбекова К.Б., Керімбек Ғ.Е. Басқару психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2017. – 464 б.
6. А.П. Егоршин. Персоналды басқару: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / 3-басылым. – Новгород, 2013.
7. Антонова Н.В. Психология управления. М, 2010.
8. Н.С.Ахтаева., А.И.Абдиганбарова., З.Н.Бекбаева. Басқару психологиясы / Оқу құралы. – Алматы, 2018.
9. Усенова А.М., Құралбаев С.А. Басшының басқару стилінің еңбек ұжымына психологиялық әсері Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы // «Психология» сериясы №1(58), 2019. – 82-87 б.

МНРТИ 15.31

Б.Ж. Бекжанова¹

¹*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан*


Key words: professional competence, the key competences, personal development, the model of education.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 1-бабында «...білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін мольқыту үшін білікті қызметкерлер мен мамандарды даярлау...» мемлекеттік білім беру тапсырысы ретінде қарастырылады [1]. Осыған орай, еліміздегі білім беру саясатының басты мақсаты білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу, әлеуметтік және кәсіптік жинақылыққа, үнемі кәсіби тұрғыда өсуге дайын, өз кәсібін еркін меңгерген және қызметтің ұқсас салаларында бағыт таба білетін, жауапты, құзыретті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлау.

Елбасы «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ елінің болашағын білікті, білімді жастармен байланыстыратынын айтады. Өркениетті елдердің озық ойлы, сыннан өткен тәжірибесін зерттеп, үлгі алу-табиғи құбылыс. Білім берудің тұлғаның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келудің пайда болуын айқындады және ол қазіргі білім жүйесінің әдіснамасы мен нақты білімдік технологиялардың негізі ретінде танылуда. Соңғы жылдары болашақ мамандардың құзыреттіліктерін сипаттап көрсету кәсіби педагогика мәселесімен шұғылданатын ғалымдардың талқылау пәніне айналып отыр. Бұл құбылыстың философиялық, психологиялық және педагогикалық қырлары қарастырылуда.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. «Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (латынның *competentis*-бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Құзыреттілік - жеке тұлғаның білімі, икемділігі мен іс-әрекеттерінің жиынтығы. Білім мен икемділікпен қаруланған, негізгі ой-тұжырым жасайтын және өзіндік әрекет ете алатын тұлғаны құзыретті деп есептеуге болады [2].

Ғалым В.С. Безрукова: *құзыреттілік* – бұл кәсіби, сауатты пайымдау, баға беру, пікір айтуларға мүмкіндік беретін білімдер мен ептіліктерді игеру деп тұжырымдайды. М.А. Чошановтың пайымдауынша құзыреттілік – жекеленген, интегралданған, заттық, құрал-саймандық ерекшеліктерінен құраушылардан тұратын жүйедегі қабілеттілік, білімді игеру ғана емес, ол сол білімдерін үздіксіз дамытып, жаңартуға тырысу және оны нақты жағдайларға қолдана білу, яғни жедел және ұтымды білімдерді меңгеру, икемді әдіс пен сын көзбен қарай білу жүзінде анағұрлым ұшқыр және тиімді шешімдерді таңдау қабілетін танытып, жалғандарынан бас тарту. Еуропа елдерінде, мысалы, Францияда «құзыреттілік» пен «ікемділік» ұғымдары синоним болып табылады. Демек, құзыреттілік деп белгілі бір сала бойынша маман дайындығына алдын-ала қойылатын талаптарды, ал, құзырет деп олардың қалыптасқан тұлғалық сапасы мен сол іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесін түсінген жөн. Оқу үрдісінде жеке тұлғаны білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты [3].

Колледжде болашақ тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін білім берудің түрлі қырларына қатысты тәрбиешінің қызметіне жеке тұлғасына, іс-әрекет тәсілдеріне қарай бөліп қарастыруға болады:

1) жеке тұлғасына қатысты:

- зерделенетін объектілерге қатысты жеке-дара ойын еркін бейнелейді;
- білім берудегі іс-әрекеттік икемділігін сипаттайды;
- күнделікті өмірдегі тұрмыстық мәселелерді шешу мүмкіндіктерін дамытады;
- дамитын тұлғалық сапаларының барлық негізгі топтарын қамтиды;
- дайындық сапасының интеграциялық сипаттамасын көрсетеді.

2) білім, икемділік, дағдыға қатысты:

- білім, икемділік, дағдымен ұштасып жатады;
- іс-әрекет тәсілдері жиынтығын қолдана алу қабілеттілігімен байланысты.

3) білім берудің мазмұны мен құрылымына қатысты:

- көп қызметтік, яғни, балаларға өмірдің түрлі салаларындағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

4) іс-әрекет тәсілдеріне қатысты:

- нақты бір міндеттерді шешу үшін білімдерін пайдалануға мүмкіндік береді;
- белгілі бір іс-әрекетті орындау үрдісі кезінде тексеріледі [4].

Осындай құзыреттіліктерді қалыптастыруда колледждегі дуальды білім берудің маңызы зор. Дуальды оқыту жүйесі арқылы білім беру мектепке дейінгі мекеме мен колледж арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді. Кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты – тұлғаның қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның кәсіби сапаларын жетілдіру. Сондықтан тұлғаның ішкі жан дүниесіне, ақыл-ойына, дүниетанымына, мәдениетінің дамуына жағдай туғызатын жұмыс бағыттарының бірі дуальды білім беруді жүзеге асыру. Дуальді оқыту жүйесі дегеніміз теорияны тәжірибемен ұштастыра оқыту технологиясы. Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – кәсіптік-техникалық оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандар даярлау [5].

Колледж студенттері оқу уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп, өндірістен қол үзбей оқиды. Дуальды оқыту жүйесі маман даярлаудың тиімді әрі жаңаша тәсілі болып табылады. Бұл жүйе Германия, Австрия, Швейцария елдерінде өз нәтижелерін беруде. Дуальді жүйенің негізі - болашақ жас маманды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Дуальді жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды

Дуальды білім берудің оң нәтижелері:

1. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері жоғары болады, себебі оқу барысында тығыз байланыста болған студент жұмыс берушінің барлық талаптарын меңгереді.

2. Жақсы білімді болашақ маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген болып шығады.

3. Теория мен тәжірибені ұштастыра біледі, жұмысқа жауапкершілік сезімі жоғарылайды.
4. Тәжірибеден теорияға принципімен жұмыс жүреді. Теориялық білімін нақты іс жүзінде шешеді.
5. Жұмыс берушінің студентке берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен сипатталады.

Студент білімі мен жұмысқа деген ынтасын пайдалануға мүмкіндік алады.


6. Жұмыс саласы бойынша соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді [6].

Дуальды оқыту жүйесіндегі өткен сабақтың тиімділігі-студент өндіріске келіп, қажетті құрал-жабдықтарды өз көзімен көріп алған теориялық білімнің практика жүзінде іске асыра алады. Осы әдіспен оқыту болашақ маманның қабілетін, икемділігін, жауапкершілігін, белсенділігін және қызығушылығын дамытады. Білім алу үрдісінде студенттің интеллектуалдық және психикалық қабілеттерін арттырады. Білім алушы білімнің жан-жақты дамуына, ойлау қабілетінің артуына пайдасы зор. Білім алушылар қорытынды тұжырым, салыстырулар жасауға үйренеді.

Орал гуманитарлық колледжінде білім берудегі жаңа талаптарға сәйкес қаладағы мектептермен, балабақшалармен әлеуметтік серіктестік жөнінде келісім шарттар жасалып, көптеген істер атқарылуда. Колледж жоспарына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының білім алушылары колледжнің оқу процесінің жоспарына сәйкес, мектепке дейінгі педагогика, мектепке дейінгі психология және жеке пәндер әдістемесінен алған білімдерін тәжірибе кезінде, балабақшаға барып, әр білім алушы өзінің қабілетін, жауапкершілігін, икемділігін, белсенділігін сынап көруде.

Колледжде білім алып жатқан мамандарды кәсіби бағыттағы стандарттарға негіздей отырып даярлау және білім тәрбие мекемелерінің қажеттіліктермен өзара байланыстыру қатаң түрде сақталып келеді. Бұл тұрғыдан әлеуметтік әріптестермен келісім-шарт негізінде жүйелі байланыстар орнатылған. Атап айтатын болсақ, дуальды оқыту жүйесіне негізделген әлеуметтік серіктестермен Кәсіпорын - Колледж - Студент үш жақты келісім-шарт жасалды. Олардың қатарында «Балбөбек», №40 «Болашақ», №49 «Ақниет» т.б. мектепке дейінгі ұйымдары бар. Келісім шарт білім берудің оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының негізінде құрылды. Ондағы басты негіздер – оқу процесінің ғылыми және әдістемелік жұмыстарын бірігіп орындауы, оқу процесіне өндіріс мамандарын араластыруы, кәсіпорындарда өндірістік оқыту орындарының ұйымдастырылуы. Жаңа ортаға бейімделген дайын маман шығуға жұмыстанудамыз.

Дуальды оқу жүйесі негізінде ұйымдастырылған оқу-тәжірибе жұмысы өз нәтижесін беруде. Соңғы жылдары бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жақсы деңгейде. Осы аталған жетістіктер дуальды оқыту жүйесі нәтижесінде іске асатынына біз көз жеткізіп отырмыз. 010100–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығының бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткішінің үш жылдық нәтижелерін салыстыра отырып, жағымды динамиканың бар екенін айтуға болады. (Сурет 1).



Сурет 1 -0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығының бітіруші түлектерінің соңғы үш жылдағы жұмысқа орналасу көрсеткіші

Қорыта келгенде, дуальды оқыту жүйесі колледж студенттері үшін таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Дуальды оқыту жүйесін меңгеру кезінде студенттің өзіндік дүниетанымы қалыптасады, студенттің сабаққа деген ынтасы және жауапкершілігі артады, студенттің өз білімін өзі бағалай білуіне мүмкіндік туды, өз қабілетіне, болашағына сенуіне, танымдық әрекеттерінің қалыптасып, одан әрі шығармашылықпен айналысуына, пәнге қызығушылығының артуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан – 2007. – 15 тамыз. – 3-4 б.
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Педагогика және психология. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен. Салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер бас редакциясының төрағасы А.С. Сәрсенбаев. – Алматы: Республикалық мемлекеттік “Рауан” баспасы, 25 т., 2000. – 59 б.; 270 б.
3. Шәкілікова С.Е., Қазақбаева Д.М., Кәрібаева Ш.Ш., Жұмағұлова Қ.Ә. Білім беру бағыттарын дамыту және компетенция. //Білім.-Образование. – Алматы, №3-2004. – 61-63 б.
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - Москва, 2002.
5. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2007.
6. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

МРНТИ 15.01.29

Ратикова С.А.¹, Беленко О.Г.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

²Государственный университет имени Шакарима
г. Семей, Казахстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ - ПСИХОЛОГОВ К ПСИХОДИАГНОСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы качественной подготовки будущих педагогов–психологов к психодиагностической деятельности. Авторами отмечаются требующие новых подходов направления, влияющие на включенность человека в профессиональную деятельность. В статье представлено описание наиболее перспективных направлений повышения эффективности психологической подготовки педагога к диагностической деятельности. Определены проблемы, сдерживающие эффективную работу в этой области, и основные пути их решения. Выделены причины всевозможных ошибок в деятельности педагога-психолога.

Ключевые слова: психологическая диагностика, педагоги-психологи, каузальная психодиагностика, диагностическая деятельность, поисково-оценочные задачи, психопрофилактика, консультирование, коррекция.

С.А. Ратикова¹, О.Г. Беленко²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Семей қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог-психологтарды психодиагностикалық іс-әрекетке сапалы даярлаудың өзекті мәселелері қарастырылады. Автор адамның кәсіптік қызметке қосылуына әсер ететін бағыттың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мақалада педагогтың диагностикалық іс-әрекетке психологиялық дайындығының тиімділігін арттырудың перспективалы бағыттарының сипаттамасы берілген. Осы саладағы тиімді жұмысты тежейтін проблемалар және оларды шешудің негізгі жолдары анықталды. Педагог-психолог қызметіндегі барлық мүмкін болатын қателіктердің себептері анықталды.

Түйін сөздер: психологиялық диагностика, педагогтар-психологтар, каузальды психодиагностика, диагностикалық іс-әрекет, іздеу-бағалау міндеттері, психопрофилактика, кеңес беру, коррекция.

Rapikova S.¹, Belenko O.²

¹Abai Kazakh national pedagogical university

Almaty, Kazakhstan

²Shakarim University of Semey

Semey, Kazakhstan

PREPARATION OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS FOR PSYCHODIAGNOSTIC ACTIVITY

Abstract

The article deals with topical issues of quality training of future teachers-psychologists to psychodiagnostic activity. The author notes the directions requiring new approaches that affect the involvement of a person in professional activity. The article presents a description of the most promising directions of improving the effectiveness of psychological training of teachers for diagnostic activities. The problems constraining effective work in this area and the main ways of their solution are defined. The causes of various errors in the activities of the teacher-psychologist are highlighted.

Key words: psychological diagnostics, educational psychologists, causal psychodiagnostics, diagnostic activities, search and evaluation tasks, psychoprophylaxis, counseling, correction.

В связи с социальной значимостью службы практической психологии образования представляется важным совершенствование применяемых ею методов и средств обучения. В нормативных документах Министерства образования и науки РК выделяется несколько направлений работы этой службы - психопрофилактическое, консультативное, коррекционное. Все перечисленные направления в качестве обязательного компонента включают в себя психодиагностическую деятельность. Вместе с тем, анализ должностных инструкций и действующих нормативов, а также результаты проведенного изучения мнения практикующих педагогов-психологов и из нескольких вузов позволяют заключить, что специалисты не имеют достаточного времени для отслеживания психического состояния всех субъектов образовательного процесса. Диагностика носит эпизодичный и выборочный характер. Чаще всего она проводится в случае уже заметных и устойчивых отклонений, требующих значительной коррекции. Это связано, в первую очередь, с тем, что организация психодиагностического обследования большого количества испытуемых подразумевает проведение значительного количества первичных измерений, которые требуют больших временных затрат на математическую обработку, что представляется затруднительным без комплексного применения методов и средств информационно-коммуникационных технологий.

Психологическая диагностика направлена на: определение психологических причин трудностей детей в освоении Основной образовательной программы; выявление детских склонностей, способностей, признаков одаренности; изучение готовности ребенка к получению образования в новых образовательных условиях (при поступлении в детский сад, при переходе к начальному образованию, а также в условиях инклюзивного образовательного процесса). Подобная диагностика своевременно выявляет отклонения от нормального хода онтогенеза, что позволяет своевременно их скорректировать, а значит, избежать проблем в дальнейшем психическом развитии ребенка.

Проводя психологическую диагностику, педагог-психолог способствует реализации личностно ориентированного подхода при проектировании деятельности, индивидуализации учебного процесса, учета в образовательной деятельности специфики индивидуального развития ребенка. Кроме того, результаты психологической диагностики позволяют сделать вывод об эффективности условий для удовлетворения образовательных потребностей детей, обусловленных как их возрастными особенностями, так и спецификой индивидуального развития.

Оценка полученных диагностических данных производится следующими способами:

1. Составляются индивидуальные диагностические карты (или диагностические карты на группу воспитанников), в которых отражаются конкретные психологические факты, а также их бальная оценка в отношении конкретного ребенка и группы детей по определенному параметру. Разработанные шкалы балльной оценки позволяют перевести качественные показатели в количественное выражение.

Таким образом, можно получить представление об индивидуальной динамике становления определенного психологического феномена у конкретного воспитанника, а также о степени сформированности каждого диагностируемого показателя у воспитанников данной возрастной группы.

2. Составляются таблицы, в которых отражаются средние баллы. Это позволяет понять, какие общие тенденции наблюдаются у детей данной возрастной группы в становлении психологических феноменов, отражающих успешность решения общеразвивающих задач, а также какие задания у большинства детей вызывают трудности. Эти данные позволяют вносить коррективы в образовательный процесс, то есть поставить его на диагностическую основу.

3. Составляются таблицы, отражающие распределение воспитанников возрастной группы по уровням сформированности (развития) определенных психологических феноменов, выделенных согласно общеразвивающим задачам. Такие таблицы демонстрируют мониторинговую оценку диагностируемых психологических феноменов, отражают успешность решения общеразвивающих задач в конкретной возрастной группе воспитанников.

Разработанные к каждой методике диагностические карты и сводные таблицы позволяют по результатам психологического обследования выявить как характерные особенности, присущие группе детей, так и индивидуальные варианты их психического развития.

Диагностическая деятельность педагога-психолога осуществляется в ходе диагностических, развивающих и психопрофилактических занятий, проводимых педагогом-психологом в соответствии с перспективным планом работы на учебный год, а также в ходе наблюдений за детьми в свободной деятельности и в режимных моментах [1].

Каузальная психодиагностика отвечает за запросы современной педагогической практики. Она прямо ставит задачу повышения эффективности диагностической деятельности педагога-психолога при решении им профессиональных учебно-воспитательных задач. Она направлена на оказание психологической помощи обучающимся на основе распознавания их психологических особенностей. Теоретической основой каузальной психодиагностики выступает концепция решения психодиагностических задач. К числу основных понятий и положений данной концепции относятся такие понятия как диагностическая задача, психологическая причинность, психологическое распознавание (практическая диагностическая деятельность), научные основы психодиагностики, диагностические средства.

Одним из наиболее перспективных направлений повышения эффективности психологической подготовки педагога к диагностической деятельности является разработка и использование новых специальных средств диагностической деятельности. В настоящее время основным средством диагностической деятельности педагога-психолога, опирающимся на данные научной психологии, являются диагностические методики. В лучшем случае это не разрозненные методики, а их пакеты, сгруппированные по какому-либо признаку (возрастными особенностям обследуемых, виду запросов и т.п.). Однако этого недостаточно для эффективного решения задач учебно-воспитательного процесса. Помимо психологических методик к специальным средствам диагностической деятельности педагога-психолога относятся схемы психологической детерминации, психодиагностические таблицы, диагностические алгоритмы [2].

В схемах психологической детерминации в графической форме отображаются связи между характеристиками запроса и наиболее вероятными психологическими причинами. В психодиагностических таблицах выделяется четыре колонки. Первые две по содержанию сходны со схемами психологической детерминации. Они соответственно называются «феноменология трудностей» и «наиболее вероятные психологические причины». Третья колонка имеет название «психодиагностические методики, схемы наблюдения, анамнестические данные», а четвертая - «предложенные мероприятия».

Схемы психологической детерминации и психодиагностические таблицы строятся на основе типичных запросов к психологу в определенной области, основываются на случаях из практики с поставленными диагнозами, опираются на такие запросы, которые поддаются решению посредством оказания психологической помощи.

Другое направление повышения эффективности психологической подготовки педагога-психолога к диагностической деятельности связано с формированием его диагностического мышления. Это можно делать с помощью тренинга решения психолого-педагогических диагностических задач поисково-оценочного типа.

Поисково-оценочные задачи – это задачи, в которых осуществляется поиск действующих психологических причин характеристик запроса среди наиболее вероятных, вероятных и маловероятных. Такие задачи являются учебными моделями реальных случаев из диагностической практики. Их разработка осуществляется на основе принципа причинности, фактической правильности диагноза, активного получения диагностической информации. Реализация принципа причинности предполагает, что в

учебных задачах сохраняются причинно - следственные связи практических диагностических задач. Принцип фактической правильности диагноза означает, что при решении учебных задач в качестве правильного ответа признается не любая возможная при данных характеристиках запроса причина, а фактически действующая причина. Принцип активного получения диагностической информации состоит в том, что диагност на начальном этапе решения задачи имеет небольшой объем диагностической информации, которого недостаточно для ее решения. В основном это информация, содержащаяся в запросе. В ходе решения задачи благодаря собственной активности диагност получает дополнительную информацию [3].

Причины всевозможных ошибок в деятельности практического психолога разнообразны. Возникновение трудностей в работе будущих педагогов-психологов может быть обусловлено различными факторами. Одними из основных причин ошибок в деятельности педагога

- психолога является несоответствие личностных качеств молодого специалиста требованиям, предъявляемым к данной профессии, низкий уровень образования, профессиональная некомпетентность. Причиной непрофессионализма, как отмечает Н.И. Олифинович [4], является работа части педагогов-психологов до переквалификации, а иногда и после нее, педагогами. Педагог и психолог различаются по ряду позиций, и попытка совместить их в одном лице приводит к определенным трудностям и проблемам, так как носители этих профессий имеют различные профессиональные установки и ценности. Кроме того, как отмечает тот же автор, часть педагогов-психологов после переквалификации сохраняет неизменными свои авторитарные педагогические (а возможно, личностные) установки.

Ошибки в деятельности педагога-психолога могут возникать из-за отсутствия психологической готовности к деятельности. Под психологической готовностью, согласно Л.А. Кандыбовичу [4], понимается готовность к деятельности, которая возникает при сформированности ряда ее структурных компонентов. Ведущими из них являются психические образования (знания, умения, навыки). Далее мотивационный компонент –положительное отношение к будущей профессии, потребность выполнять поставленную задачу, стремление добиться успеха и показать себя с лучшей стороны.

В структуру готовности входят и психические процессы: эмоциональные (чувство ответственности, уверенность в успехе, воодушевление), волевые (управление собой и мобилизация сил, сосредоточенность на задаче, преодоление боязни, сомнений).

Е.И. Рогов отмечает, что после получения диплома или свидетельства о переподготовке новоиспеченный психолог нередко полностью утрачивает связь со своим учреждением образования. Предоставленные самим себе, особенно на периферии, люди, решившие посвятить себя психологическому взаимодействию с детьми, оказываются безоружными перед возможными сложностями и проблемами [5].

Таким образом, отмечается недостаточность теоретических исследований в области профессиональной подготовки педагогов к диагностической деятельности, в связи, с чем проблема формирования диагностических умений будущих педагогов приобретает особую актуальность. Необходимость в диагностике обусловлена рядом обстоятельств. Прежде всего, следует отметить, что диагностическая деятельность педагога специального образования является нормативно обязательной. Теоретический анализ литературы показал, что диагностирование является методологическим междисциплинарным понятием, характеризующим важнейшие условия прогностичности и эффективности любой человеческой деятельности. Диагностирование человеком любых объектов может рассматриваться как познавательный процесс, включающий сбор диагностической информации, ее систематизацию и анализ, определение причин реального состояния изучаемого явления.

Список использованной литературы:

1. Ланчкина Д.В. Психологическая диагностика в работе педагога-психолога ДОО [Электрон.ресурс]. – 2006. – URL: <https://nsportal.ru/user/964317/page/psihologicheskaya-diagnostika-v-rabote-pedagoga-psihologa-doo> (дата обращения: 12.10.2019).
2. Ануфриев А.Ф., Бусарова О.Р. *Случаи из школьной консультативной практики.* – М., 2005. – 80 с.
3. Костромина С.Н. *Психология диагностической деятельности в образовании.* – СПб.: Наука, 2007. – 489 с.
4. Олифинович Н.И. *Профессиональная компетентность практического психолога // Вып. 2. – 1998. – С. 61-72.*
5. Сизанов А.Н. *Психологическая служба образования // Вып. 1. – 1995. – С. 7-17*

МРНТИ:15.21.51

Б.А. Тумьшев¹, М.М. Байбекова², Н.К. Тоқсанбаева³, Ұ.Ш. Жамирова⁴

^{1,2} SILKWAY Халықаралық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

⁴ М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ДАМЫТУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы жастардың, жоғары сынып оқушыларының болашақ Қазақстан азаматтары қоғамды дамыту үшін міндетті түрде аса қажетті негіз болатын олардың рухани-адамгершілік тәрбиелерінің жайы, сол аталған адамгершіліктік аса жоғары қасиеттерді дамытып жетілдіруге алғышарт болатын теориялық құны жоғары мәселелер терең сөз етіледі. Аталмыш мәселемен айналысқан әр кезеңдегі көрнекті ғалымдар мен қазіргі таңдағы зерттеушілер аты-жөндері аталып, еңбектеріне үңілу ұсынылады. Рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуға соңғы кезеңде ғана қанатын тереңге жайып дамып келе жатқан негізін ҚР-ң алғашқы ханымы С.А. Назарбаева қалаған маңыздылығы аса ерекше, әрі қажеттілігін дәлелдеген «Өзін-өзі тану» бағдарламасының қосар үлесі орасан. Қазіргі таңда көпмәдени және көптілді білім беруді дамыту аясында және көпұлтты халықтардың қоян-қолтық жалпы халыққа білім беру жүйелерінде тату-тәтті тәрбие-білім алу жағдайында осы жоғарыда аталған рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытудың қажеті бар және ол қажеттілік ешқашан да жойылмақ. Сонымен қатар аталған тәрбиені дамытуда бірқатар қосалқы шаралар, атап айтқанда кітап оқу, көркем шығармалар кейіпкерлері арқылы ықпал ету, сабақта түрлі ойындық т.б әдістерді, жаңа инновациялық технологияларды қарқынды да, тиімді қолдану жолдары мақалада аталады. Осы идеяның табысты жүзеге асуының негізгі факторы оқыту-тәрбие процесінің басты субъектілері арасында кері байланыс, белсенді қарым-қатынас болуы да сөз етіледі.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік тәрбиесі, ұлттық сана-сезім, өзін-өзі тану, толеранттылық, моральдық-адамгершілік, сезімдік-материалдық

Б.А. Тумьшев¹, М.М. Байбекова², Н.К. Тоқсанбаева³, Ұ.Ш. Жамирова⁴

^{1,2} Международный университет SILKWAY, г. Шымкент Казахстан

³ Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

⁴ Таразского Государственного университета им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ИЗУЧЕНИЯ РАЗВИТИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

В данной статье рассматривается проблемы и нынешнее состояние духовно-нравственного воспитания молодежи, в том числе учащихся старших классов, проблемы и теоретические предпосылки которые могут служить основой всего развития общества в целом. Указывается и дается теоретический анализ трудов известных ученых и современных исследователей всех времен. Эффективному развитию данного направления, то есть развития гуманизма в стране вообще огромный вклад оказывает вовремя оправданная и апробированная во всех уровнях в системе образования которая по сей день дает свои плоды - программа «Самопознание» автором идеи которой является первая леди Казахстана С.А. Назарбаева. В наше время когда все нации и этносы дружно и в согласии развивая трехязычие живя в полиэтнических условиях нуждаются в развитии и привития духовно-нравственного воспитания и это потребность была и остается актуальной во все времена. Предпосылкам и дополнительными средствами развития данного вида воспитания можно отнести чтение книг, воздействие персонажами и образами художественных литератур, использование различных игровых методов, эффективное применение новых инновационных методов тоже находят место в данной статье. Главным фактором реализации данных идей является создание обратной связи и активного интерактивного общения между субъектами учебно-воспитательного процесса.

Ключевые слова: духовное-нравственное воспитание, национальное самосознание, самопознание, толерантность, морально-нравственное, чувственно-материальное

B.A. Tumyshev¹, M.M. Baibekova², N.K. Toxanbayeva³, U.S. Zhamirova⁴

^{1,2}International University, Shymkent, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

⁴Taraz State University named M.KH.Dulaty, Taraz, Kazakhstan

THEORETICAL BACKGROUND OF STUDYING THE DEVELOPMENT OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF MODERN YOUTH

Abstract

This article discusses the problems and the current state of spiritual and moral education of young people, including high school students, problems and theoretical premises that can serve as the basis for the entire development of society as a whole. The theoretical analysis of the works of famous scientists and modern researchers of all time is indicated and given. The effective development of this direction, that is, the development of humanism in the country in general, is greatly facilitated by the time justified and tested at all levels in the education system, which to this day is bearing fruit - the "Self-knowledge" program, the author of which is the first lady of Kazakhstan S.A. Nazarbayev. Nowadays, when all nations and ethnic groups, together and in harmony, developing trilingualism while living in multi-ethnic conditions, need to develop and instill spiritual and moral education, this need has been and remains relevant at all times. Prerequisites and additional means of developing this type of education include reading books, exposure to characters and images of fiction, the use of various game methods, and the effective use of new innovative methods also find their place in this article. The main factor in the implementation of these ideas is the creation of feedback and active interactive communication between the subjects of the educational process.

Keywords: spiritual and moral education, national self-awareness, self-knowledge, tolerance, moral, sensual-material

«Оқу процесін басқару оқушының ішкі күштері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жүргізуді қажет етеді», - деген Л.М. Фридманның пікірі де жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқытуды педагогика мен психология ғылымдарының заңдылықтарына сай негіздеуді талап етеді, өйткені оқушылардың білімге деген ынта-ықыласын, зейінін жетілдіріп тәрбиелеу үшін әрбір оқушының жоғарыда айтылғандай, психологиялық ерекшеліктерін білу қажет.

Соңғы кезеңдері біздер өте жиі жағдайда ұлттық сана-сезімді арттыру және нағыз азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігі жайлы көп естиміз. Бұл пікірдің негізі және итермелеуші күші ең бірінші кезекте рухани-адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеуге арналған мемлекеттік бағдарламасында аталған бағдарламаны ендіру қоғамдағы рухани хал-ахуалды артыру қажеттігімен тығыз байланысты.

Аталмыш бағдарлама мазмұны позитивті, бейбітшіл көзқарастағы қасиеттерді тәрбиелеуді білдіреді, әрі ол қасиеттер жауапкершілікті болу, саналы таңдау жасау және Отанымыздың, қоғамның, өз отбасы мен өзінің мүддесі үшін дербес түрде шешімдер қабылдай білу, үнемі өзін жетілдіріп отыру сонымен қатар өзгермелі жағдайларға икемделіп өзгеріп отыратын және жаңа идеяларды қабылдауға жақын келумен пара-пар болмақ. [1].

Мектеп әуел бастан-ақ баланың рухани әлемі жайлы оймен мазаланып оны басты мәселе санауы тиіс. Оның ішінде жастар - ұлт болашағы, қозғаушы күші бола отырып, қоғам дамуы мен мүддесін өз пайдасына орай емес, жоғары адамгершілікті, эстетикалық талғамы жоғары деңгейде қарайтын буын болуы абзал. Жастардың мәдени дамуға көзқарастарына қарай қоғамның рухани жаңаруы мен болашаққа деген құнды бағдарлары дамуы жағымды орын алады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларының бірінде былай деген: «Алда – үлкен әрі қиын жұмыстар күтіп тұр. Пісіп жетіліп кемелдену үшін біздер ақымды жаһандық емтихан тапсыру қажетпіз. Біздер қазақстандықтар арасында өзара кәміл сенімділікті күшейтуіміз қажет! Бір-бірімізге толерантты бола білуіміз керек! Бұлар болашақ Қазақстанға кілттер. Ұлтаралық келісім – бұл аса қажетті маңызды нәрсе. Туылғаннан бастап біздер осы асыл қасиеттерді, адамгершілік ізгі мұраттарды адам бойында қалыптастырып, дамыта білуіміз қажет!» [2].

Балалардың адамгершілік қадір-қасиеттерінің дамуында халықтық педагогикалық бай тәжірибені қолданудың аса қажеттілігін әлемдік педагогикалық ой-пікірдің қайнар көздері, келесі аталатын атакты

ойшылар айтып кетті, олар - Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, және кеңестік педагогтар А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, М.Ф. Шабаева және т.б. [3; 4].

Қазақстанның аты әлемге әйгілі ағартушы-ғалымдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Х.Досмухамедов, М.Жұмабаевтар да өз заманында қазақ халқының өмірінде ұлттық салт-дәстүрлердің алатын рөлі жоғары екенін, болашақ өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі жайлы, ұлттық тәрбиенің тәрбиелік және білімдік құндылықтары жөнінде айрықша басымдылықпен атап кеткен болатын [4]. Қазақстанда жастардың, оның ішінде жоғары сынып, яғни жасөспірімдердің адамгершілік тәрбиесінің әлеуметтік маңыздылығы жайлы Г.А. Уманов, А.П. Сейтешев, Г.Т. Хайруллин, К.Б. Жарықбаев, Э.А. Уринбасарова, Ж.А. Мақатова сынды ғалымдар зерттеген болса; ал мұғалімдердің кәсіби-адамгершілік тұрғыдан дайындығы жайлы мәселелерді Н.Д. Хмель, А.А. Калюжный, Ж.И. Намазбаева, А.А. Сотникова, М.Н. Сарыбековтер өз еңбектерінде қарастырды; ал оқушылардың әлеуметтік-адамгершілік мазмұндағы белсенділіктері мәселелерімен К.К. Жампеисова, Б.И. Мұқанова, З.У. Кенесарина, С.Калиев, Б. Айтмамбетова, А.А. Бейсенбаева, Л.К. Керимов, В.А. Ким және т.б. секілді ғалымдар зерттеп қарастырды. [5]. Қазақ халқының педагогикалық ой тұжырымдарының жалпы мәселелері Т.Т. Тәжібаев, К.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев, К.Ж. Қожахметова еңбектерінде орын алып, мектеп оқушыларын тәрбиелеуде қазақ халқының бай этнографиялық және фольклорлық материалдары негізінде халықтық бай салт-дәстүрді жүйелі түрде тиімді қолдануды ұсынады. [6].

«Рухани-адамгершілік тәрбиесі жеке адамның жан-жақты дамуының жетекші компоненті болады. Қазіргі заманауи таңда болашақ жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық және ұлттық мәдени құндылықтарды игеруге деген сұраныс-қажеттілікті тәрбиелеу жағы аса маңызды және қажетті болып отыр, олар жалпы адами гуманизм нормаларын саналы түрде сезінулері тиіс. Біздер, жастарды өзара келісім, ұлттық татулық пен бірегейлік рухында және өз ұлты мен өзге халықтардың мәдениеті, салт-дәстүрлері мен тілі, дінін сыйлауға тәрбиелеуіміз қажет» - деп үн тастады Н.Ә. Назарбаев [7].

Рухани-адамгершілік тәрбиесі жеке адамның өзіндік санасының дамуына жағдайлар жасауды және олардың моральдық қадір-қасиеттері мен бағдарларын қоғамның дәстүрлері мен нормаларына сай дамытуды білдіреді, Эстетикалық тәрбие әдемілік, сұлулыққа тарту арқылы адамгершілікті-рухани құндылықтарды қалыптастыруды білдіреді, әрі көркем мәдениет пен әлемдік ұлттар мен ұлыстардың бай ұлттық құндылықтарына тартуды да қамтиды. Өнер шаралары арқылы адамды жаңа, сананың өте жоғары деңгейіне, тұжырымды ойлауға қабілетті ете отырып, әлемді тұтастай көріп қабылдауға және ұжымда дұрыс өмір сүре алуға, әрі адамдармен және тұтас әлеммен қарым-қатынаста көрсете алуға үйрету қазіргі даму сатысында тұрған маңызды міндет болып отыр [8].

Руханилық пен адамгершіліктілік- мәңгілік құнды бағдарлар болып қала бермек. Біздің өмірімізге ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен жаңа ақпараттық технологиялар құралдары, бейне, аудио-техника және т.б. озық технологиялар қарқынды түрде мықтап ене отырып, қазіргі таңдағы балалардың өмірінен кітапты ысырып тастады. Бұл жағдай балалардың танымдық процестерінің тиімді қызметі мен олардың ішкі әлемдерінің жалпы дамуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Негізі кітап қана баланың ішкі жан дүниесіне, оның моральдық-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жағымды ықпалды әсер ететін адамзат ой-пікір, сезімдерінің тірі қайнар күші, көзі болып табылады [9].

Адамның адамгершілік тұрғыдан дамуы, адамгершілік тәрбиесі, адамның жетілуі қоғамды үнемі және барлық кезеңде толғандырып келген. Біздердің зерттеу жұмысымыздың да осы тақырып, яғни адамгершілік тәрбиесін дамыту арқылы жастардың өзін-өзі бағалауларына ықпалын зерттеу қазіргі таңда замана ағымына қарай өте қажетті, ауқымы маңызды дүние болып отыр. Қандай қиындық немесе жаңарып өзгерулер болмасын адамзат өзінің жоғары да құнды міндеті адами қадір-қасиеттерін биік ұстауды ұмытпаулары тиіс. Бұл міндеттің шешілуіне авторы Сара Алпысқызы Назарбаева Қазақстан Республикасының бірінші ханымының «Өзін-өзі тану» авторлық жобасының жүзеге асуы да бірқатар себепші болды. Өзін-өзі танудың басты идеясы: «Әлемге ашылсаңыз, әлем де сізге құшағын айқара ашады». Өзін-өзі тану сабақтарының міндетті бөлшектерінің бірі - оқушылардың жеке өздерінің тәжірибиелеріне және талқыланатын тақырыптар бойынша өмірлік ситуацияларды модельдеу арқылы солардың ой-пікірлеріне сүйену болады. Осылай түрлі ойындық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалар түрлі өмірлік ситуацияларды көрсетіп, өзгертіп өмірлік шындық жағдайларға үйрене алады. Осылайша әдебиет пен өзін-өзі тану екі сабақты кейбір шығармаларды қолдану арқылы біріктіруге болады. Рухани-адамгершілік тәрбиесін іс-шарадан іс-шараға дейін деп қана арақидік жүргізбей, жүйелі және үздіксіз түрде сабақта және сабақтан тыс уақытта тығыз бірлікте жүргізген дұрыс. Рухани тәрбие әлемнің әрбір құбылысынан күш алып қуаттануы мүмкін. Сондықтан да, кез-келген оқу пәні адамгершіліктің қалыптасу шарасына айналуы мүмкін, әрбір оқу сабақтары балалар бойында қайырымдылық тәрбиелей алуы мүмкін. Шындап

келгенде, кез-келген өмірлік құбылыстар жалпы адами құндылықтар ұғымына кіре отырып, кез-келген сабақта демонстрацияланып көрсетуге болады [10]. Жеке адамның рухани-адамгершілік қасиеттері – бұл адамның мінезі мен қылықтарының тұрақты жеке-дара сипаттары болады да, олар өзге адамдар мен қоршаған әлемге қатысты қатынастарында көрініс табады [11]. Адамгершілік тәрбиенің мазмұны оқушылардың ең алдымен практикалық іс-әрекеттерінде оқуда, еңбекте, қоғамдық жұмыстарда, олардың сипаты мен өзара әрекет тәсілдерінде және меңгерілген мінез-құлық нормаларында көрініс тауып байқалады. Адамгершілік-рухани құндылықтар мәдениеттің маңызды құрамдас бөлшегі болады, онсыз заманауи қоғамның дамуын елестету мүмкін емес. Баланың рухани-адамгершілік дамуына бағытталған жолдар өте көп. Соның бірі көркем әдебиет құралдары болады. Көркем шығармалар – автордың рухани-мазмұндық ой-пікірі, айтатын ішкі тұжырымы сезімдік-материалдық формада көрініп, эстетикалық құндылықтар критерийлеріне жауап беретін көркем шығарма өнімі болады. Көркем шығармалар өскелең ұрпаққа түрліше ықпал етеді, себебі көркем бейне кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайтын қайталанбас, тұрақты болып келеді. Нақ осы көркем бейне кейіпкерлері арқылы адам қайырымдылық, қастық, әдемілік пен сұрықсыздық, адамгершілік пен адамгершіліксіздік қасиеттер жайлы біліп, ол ұғымдармен танысады. Кітапты оқу процесі кезінде көркем шығармалардың мазмұнында берілетін жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтармен бетпе-бет кездесу ұйымдастырылады. Адамның өзіне және өзгелерге деген қарым-қатынасы тарихи тәжірибе ықпалынан қалыптасады да, қайырымдылық, кішіпейілділік, жақындар жайлы қамқорлық, шыншылдық сияқты кең түрдегі ұғымдар контексіне адамды жақын алып келеді.

Сондықтан да, бұл сабақтардың соңғы мақсаты – осы аталған қадір-қасиеттерді мектеп оқушыларының бойында қалыптастыру болып табылады. Ойындық тәсілдер, жұппен жұмыс, шағын топтарда жұмыс, ситуацияларды талдау әдістері арқылы өзін-өзі тану сабақтарының басты міндеттерінің бірі көркем әдебиет шараларын қолдана отырып, осы міндеттер шешіледі: кейіпкерлер әрекеттеріне өз қатынасын білдіре алу шеберліктері, ол әрекеттерге мінездеме бере алу, сол ситуацияны өз әрекеттерімен және жеке тұлғалық өзіндік қасиеттерімен салыстыра білу және т.б. Өзін-өзі тану сабақтарында көркем әдебиет шығармаларын қолдану балаларға еркін сөйлей білуге, көрермендерден қорықпау, ұялмауға үйретіп, біршама жақсы қасиеттерге баулиды. Бұл шығармалар кішіпейілділік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, қол ұшын бергіштік сияқты рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға себепші болады.

Жалпы, рухани-адамгершілік тәрбиесі қай заманда, қай қоғамда болмасын маңыздылығы мен адам өмірінде құндылығын жоймайтын аса құнды категориялардың бірі, әрі бірегейі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2006-2008 годы. <http://tak-to-ent.net/load/37-1-0-258>
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 11.11.2014 г. <http://news.gazeta.kz/news/poslanie-prezidenta-rk-narodu-kazakhstana-nurly-zhol-put-v-budushhee-newsID405667.html>
3. Вклад ученых. http://revolution.allbest.ru/pedagogics/00261492_0.html
4. Вклад ученых. http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2012/Pedagogica/3_124098.doc.htm
5. Вклад ученых. <http://kzdocs.docdat.com/docs/index-44557.html>
6. Нравственное воспитание школьников - главная проблема современности. http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2012/Pedagogica/3_124098.doc.htm
7. Стратегия развития духовно-нравственного воспитания личности в Республике Казахстан в условиях обновления содержания образования. 29.11.2013 г. <http://nao.kz/blogs/view/2/194>
8. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан. 16.11.2009 г. <http://www.pandia.ru/text/79/017/56277.php>
9. Куангалиева Д.С. Духовно-нравственное воспитание школьников с ограниченными возможностями средствами художественной литературы. – Учебно-методическое пособие (из опыта работы по духовно-нравственному воспитанию школьников на уроках чтения в коррекционной школе). – Алматы – 2010. – С.3.
10. Бахтина О.Б. Самопознание как основа нравственно-духовного воспитания в национальной системе образования Республики Казахстан. // Теория и практика образования в современном мире: материалы III междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, май 2013 г.). – СПб.: Реноме, 2013. – С. 81

М.Б. Таласпаева¹, Г.К. Джумажанова²

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Семей қ., Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада тұлғаның танымдық іс-әрекетін қарым-қатынас арқылы дамыту жолдары көрсетіледі. Қарым-қатынас – бұл танымдық және эмоциялық-бағалаушы сипатты ақпаратпен алмасу болатын, өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, мақалада жағдайларға байланысты қатынас әр түрлі аспектілерде: қызметтің ерекше түрі ретінде, қызмет шарты ретінде, қызметтің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде, өзара әрекеттесу ретінде, қарым-қатынас ретінде, белсенділіктің дербес түрі ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығуы мүмкін екендігі айқындалады. Қарым-қатынас құралы – бұл қарым-қатынас процесінде біреуден екіншісіне берілетін ақпаратты көшіру, жеткізу, қайта өңдеу және түсіндіру тәсілі. Адамдар арасындағы ақпарат сезім, сөйлеу мүшелері және басқа да белгілік жүйелер, жазбаша, техникалық құралдарға жазу және сақтау арқылы беріле алады.

Түйінді сөздер: тұлға, қарым-қатынас, танымдық процесс, танымдық белсенділік, даму, салыстыру.

Таласпаева М.Б.¹, Джумажанова Г.К.²

*Государственного университета имени Шакарима города Семей
г. Семей, Казахстан*

ПУТИ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ОБЩЕНИЕ

Аннотация

В статье раскрываются пути развития познавательной деятельности личности через общение. Отношения – это целенаправленная и характеризующаяся система информационно-энергетических процессов, обеспечивающая взаимодействие, взаимопонимание, взаимодействие, в которой происходит обмен информацией познавательного и эмоционально-оценочного характера. Вместе с тем, в статье определяется, что отношения, связанные с ситуацией, могут продвигаться в различных аспектах: как особый вид деятельности, как условия деятельности, как часть деятельности, как средство, как средство взаимодействия, как общение, как самостоятельный вид активности, как основа интеллектуального и нравственного развития. Средство общения – это способ копирования, доставки, обработки и интерпретации информации, передаваемой от одного к другому в процессе общения. Информация между людьми может передаваться посредством записи и хранения чувств, речевых органов и других знаковых систем, письменных, технических средств.

Ключевые слова: личность, общение, познавательный процесс, познавательная активность, развитие, сравнение.

Talaspayeva M.B.¹, Dzhumazhanova G. K.²

*Shakarim State University of Semey
Semey, Kazakhstan*

WAYS OF DEVELOPMENT OF COGNITIVE ACTIVITY OF THE PERSONALITY THROUGH COMMUNICATION

Abstract

In article ways of development of cognitive activity of the personality through communication reveal. The relations is the purposeful and characterized system of information and power processes providing interaction, mutual understanding, interaction in which there is an exchange of information of informative and emotional and

estimated character. At the same time, in article is defined that the relations connected with a situation can move ahead in various aspects: as special type of activity, as activity conditions, as part of activity, as means, as means of interaction, as communication, as independent type of activity, as basis of intellectual and moral development. Means are a общения-это method of printing-down, delivery, treatment and interpretation of information transferrable from one to other in the process of communication. Information between people can be passed by means of record and storage of feelings, speech organs and other sign systems, writing, technical facilities.

Keywords: personality, communication, informative process, informative activity, development, comparison.

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленіп отыр. Осы кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматтарды даярлау бүгінгі білім мекемелерінің міндеті. Сондықтан, қоғам талабына сай шебер маман болу заман талабы болып тұрғаны анық, яғни ол ізгілігі мол, әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияны толық меңгерген, коммуникативті, бір сөзбен айтқанда, толыққанда құзырлы адам [1].

Қарым-қатынас – бұл танымдық және эмоциялық-бағалаушы сипатты ақпаратпен алмасу болатын, өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі. Жағдайларға байланысты қатынас әр түрлі аспектілерде: қызметтің ерекше түрі ретінде, қызмет шарты ретінде, қызметтің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде, өзара әрекеттесу ретінде, қарым-қатынас ретінде, белсенділіктің дербес түрі ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығуы мүмкін [2].

Сонымен қатар, қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын ашып көрсетсек: біріншіден, коммуникативті жағы, мұнда қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрса, екіншіден, интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастыру, үшіншіден, перспективті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы [3].

Қарым-қатынас құралы – бұл қарым-қатынас процесінде біреуден екіншісіне берілетін ақпаратты көшіру, жеткізу, қайта өңдеу және түсіндіру тәсілі. Адамдар арасындағы ақпарат сезім, сөйлеу мүшелері және басқа да белгілік жүйелер, жазбаша, техникалық құралдарға жазу және сақтау арқылы беріле алады.

Коммуникация ортақ түсінушілікке әкелетін екі жақты ақпарат алмасу болып табылады. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады, тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс [4,5].

Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді.

F2 – интроверсия в отличие от экстраверсии (6,63) – тенденция к повышенным значениям указывает на социальную контактность, успешное установление и поддержание межличностных связей.

F3 – хрупкая эмоциональность в отличие от реактивной уравновешенности (3,3) свидетельствует о наличии чувствительности к нюансам жизни, вежливость, спокойствие, артистические склонности и мягкость.

F4 – подчиненность в отличие от независимости (6,025) – умеренный уровень выраженности фактора. Золотая середина между конформностью и независимостью. С одной стороны, испытуемые нуждаются в поддержке, с другой стороны, наблюдается проявление инициативы, стремление оказывать поддержку людям.

Таким образом, исследование зависимости психологического здоровья от личностных особенностей позволило анализировать на основе опросника 16-PFP.Кеттелла совокупность факторов в блоках: интеллектуальных особенностей, коммуникативной связи и межличностного взаимодействия. Учитывался дополнительный фактор направленности на экстраверсию.

Литература

1. *Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6-ти томах. – М: Педагогика, 2006.*
2. *Шабельников В.К. Психика как функциональная система. – А-та: «Мектеп», 1986.*
3. *Маркс К. К критике политической экономии. – М.: Политиздат, 1990.*
4. *Овчинникова М.Н. Личностные особенности подростков с донологическими формами алкоголизации. Уч.пос. – СПб., 2005.*
5. *Денисов М.Ю. Зависимость опыта переживания психических состояний от личностных особенностей. Уч.пос. – М., 2007.*
6. *Конончук Н.В. Психологические особенности как фактор риска суицида у больных с пограничными состояниями. Метод.рекомендации. – СПб., 2004.*
7. *Крылов А. А., Маничева С. А. Практикум по общей экспериментальной и прикладной психологии. – Санкт-Петербург, «Питер», 2010.*
8. *Жигитбекова Б.Д. Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.*
9. *Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және ролі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.*

С.К. Капалова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері қарастырылады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың психикалық дамуының ерекшелігін дұрыс түсіну үшін олардың қарым-қатынас жасауының заңдылықтарын, сөйлеу тілінің әр түрінің қалыптасу ерекшелігін қарастыру қажет.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептің ең бірінші міндеті есту қабілеті зақымдалған балаларды ауызша сөйлеу тіліне оқыту болып табылады. Бұл міндеттің нәтижесі дайындық сыныптарынан бастап қарастырылады. Есту қабілеті зақымдалған балаларда сөйлеу тілін қалыптастыру оларды оқыту мен тәрбиелеудің аса күрделі де маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің мәселесі бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданады.

Түйін сөздер: есту қабілеті зақымдалған балалар, ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу, фразалық сөйлеу, дактильді сөйлеу, әлеуметтік тұлға, қарым-қатынас.

Капалова С.К.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ОСОБЕННОСТИ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности речи детей с нарушениями слуха.

Для правильного понимания особенностей психического развития детей с нарушениями слуха необходимо рассмотреть закономерности их общения, особенности формирования различных видов речи. Первой задачей школы для детей с нарушениями слуха является обучение детей с нарушениями слуха устной речи. Результаты этой задачи рассматриваются начиная с подготовительных классов. Формирование речи у детей с нарушениями слуха является одной из наиболее сложных и важных задач их обучения и воспитания. Анализируются труды зарубежных и отечественных авторов по проблемам речи детей с нарушениями слуха.

Ключевые слова: дети с нарушениями слуха, устная речь, письменная речь, фразовая речь, дактильная речь, социальная личность, общение.

S.K. Kapalova¹

¹Abay Kazakh National Pedagogical University

FEATURES OF SPEECH IN CHILDREN WITH HEARING IMPAIRMENT

Abstract

This article discusses the speech characteristics of children with hearing impairments.

For correct understanding of features of mental development of children with hearing disorders it is necessary to consider regularities of their communication, features of formation of various types of speech. The first task of the school for children with hearing impairments is to teach children with hearing impairments oral speech. The results of this problem are considered starting with the preparatory classes. The formation of speech in children with hearing impairment is one of the most difficult and important tasks of their training and education. The works of foreign and domestic authors on the speech problems of children with hearing disorders are analyzed.

Key words: children with hearing impairment, oral speech, written speech, phrasal speech, dactyl speech, social personality, communication.

Адам өмірінде сөйлеу тілінің маңызының қаншалықты зор екені бәрімізге мәлім. Ауызша сөйлеу тілі қарым-қатынас және ойлау құралы болып табылады. Бүкіл сурдопедагогика тарихында мүлде естімейтін баланың тек жазбаша және саусақпен сөйлеу тілін ғана қалыптастырып қоймай, ауызша сөйлеу тілін де дамытуға ұмтылған. Ауызша сөйлеу тілін тұрмыста, қоғамдық еңбекте кеңінен қолданады. Ауызша сөйлеу тілін үлкен қашықтықта жеткізуге болатын телефон, радио, теледидар сияқты қазіргі заман байланыс құралдарында ауызша сөйлеу тілін қолдану қарқыны үздіксіз кеңейіп келеді. Міне, сондықтан да естімейтін балалардың арнайы мектептерінде барлық оқу-тәрбие үрдісі баланың жалпы дамуы мен кемістігін түзетумен қатар оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөледі. Өйткені ауызша сөйлеу тілі естімейтін баланың толыққанды дамып, еститін адамдар қоғамына бірігуіне үлкен себепші болады.

Есту қабілеті зақымдалған балалар сөйлеу тілін тек арнайы оқытудың көмегімен ғана меңгереді. Мұнда олар сөздік қимыл-қозғалыс түйсіктерімен толықтырылған көру арқылы қабылдау қабілетіне сүйенеді.

Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың сөйлеу тілінің теориялық негізі қарастырғанда, оны тілдің табиғатымен, адамның танымдық және әлеуметтік дамуындағы рөлімен, есту қабілеті зақымдалған балалардың психикалық және сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерімен байланыстырып қарастыру қажет. Сөйлеу тілін меңгерудің психологиялық негіздері Л.С. Выготский [1], А.Р. Лурия [2], А.Н. Леонтьев [3] еңбектерінде көрсетілген.

Психологтар Л.С. Выготский [1], А.Н. Леонтьев [3], Д.Б. Эльконин [4] және сурдопедагог С.Н. Марциновская [5] зерттеулерінде адам дамуындағы іс-әрекеттің рөлі көрсетілген және есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытуда қарым-қатынастық, оқу-танымдық, заттық, ойындық және еңбек әрекетіне оқытудың педагогикалық технологиясы мен әдістерін жасаған. Заттық және ойын іс-әрекетінің қалыптаспауы, көп түрлі көмекші заттарды қолданудағы тәжірибесінің аздығы, ауызша сөйлеу тілінің және қарым-қатынас жасаудағы жетіспеушілік есту қабілеті зақымдалған балаларда көрнекі ойлауына әсер етеді.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың психикалық дамуының ерекшелігін дұрыс түсіну үшін олардың қарым-қатынас жасауының заңдылықтарын, сөйлеу тілінің әр түрінің қалыптасу ерекшелігін қарастыру қажет. Бұларсыз оқыту және тәрбиелеу үдерісін дұрыс ұйымдастыру және ауызша сөйлеу тілін дамыту үшін педагогикалық үдерісін және психологиялық түзетуді жүзеге асыру мүмкін емес. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу мәселелерін ғалымдар – Ф.Ф. Рау[6], С.А. Зыкова[7], Р.М. Боскис [8], Ж.И. Шиф [9], К.Г. Коровин [10], Е.П. Кузьмичева [11], Л.П. Носкова [12] және т.б. зерттеген және солардың зерттеулерінің нәтижелеріне сүйенеміз.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілі сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау қиындықтарын зерттеу көрсеткендей, есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларында дыбыс айту бұзылыстар, сөздік қорының аздығы және фразалық сөйлеу тілінің қалыптаспағандығы байқалған. Сондай-ақ сөйлеу тілін қабыдау қиындығы, айтқан сөзді түсінбеушілік, құрбыларымен және жақындарымен қарым-қатынасының бұзылуы болады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің даму деңгейін зерттеу кезінде әртүрлі сыныптардағы балалардың 60-70% айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауда қиналатындығын көрсетті.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың психофизиологиялық дамуын зерттегенде профессор Н.Г. Морозова, Л.П. Носкова [12] есту қабілетінің төмендеуі сөйлеу тілінің дыбыстық құрамын қабылдауын қиындатып қана қоймай, оның дамуының өзіндік ерекшелігін пайда қылдырады. Есту кемістігі салдарынан сөйлеу тілінің қатты зақымдалуы немесе мүлдем болмауы екі объективті жүйенің бұзылуынан болады. Оның біреуі сөйлеу тілінің ритмика – әуенділік жағы, ал екіншісі – фонематикалық жүйесінің бұзылуы немесе тілдің дыбыстық жүйесі.

Қазіргі ғылымда сөйлеу механизмдерін психофизиологиялық, психологиялық, психолінгвистикалық және тіл тану тұрғыдан қарастыру тән. Н.А. Бернштейннің теориясы бойынша, адамның миы көп каналды құрылғы болып табылады, оның ішінде бір әрекеттің ішінде әртүрлі деңгейдегі түрлі операциялар орындалады. Бір әрекеттер сезіну деңгейінде орындалады; ал басқа әрекеттер фонды автоматизм деңгейінде орындалады. Сөйлеп тұрған кезде адам айтайын деп тұрғаны туралы ойланатын болса, ол сөйлеу тілінің бірқалыптылығын бұзады.

Сөйлеу тілі мен ойлау қабілетінің арасында диалектикалық байланыс болғандықтан, оларды меңгеру логикалық ойлауын қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу тілі қалыптаспаған баланың ойлауы аномальды, ал дамуы жеткіліксіз болады.

Әр адам есту қабілеті зақымдалған баланы кездестіргенде, сол баланың естуін қайтадан қалыптастырғысы келеді. Ол мүмкін болмаса сөйлеуге үйреткісі келеді. Міне есту қабілеті зақымдалған баланың ата-анасы арнайы мектептен осындай нәтижені күтеді. Естімеушілік – бірінші кемістік, ал екіншілік кемістік сөйлеу тілінің бұзылысы болып келеді. Егер біріншілік кемістік қайтарымсыз болса, онда екіншілік кемістікті жеңуге болады.

С.А. Зыковтың айтуынша тілді меңгеруге қажеттілік, осы ықпалдың әсерінен келіп шыққан. Сабақтан тыс кезінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі көп те, ал сөйлеу мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан балалар жетті қалдануға жүгіреді. Жесттік сөйлеудің пайда болуының өзі, естімейтін балалардың сөйлесу қажеттілігінен туған. Егер айналадағылардың барлығы жестпен сөйлесетін болса, онда есту қабілеті зақымдалған балада ауызша сөйлеуге үйрену қажеттілігі болмайтыны бәрімізге белгілі. Сөзсіз де сөйлесуге болса, онда сөздің керегі болмай қалады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды сөйлеуге жиі мәжбүрлейді. Олар қолдануға қажеттілігін сезінбей, дайын сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Оларға сөйлеу тілінің маңызы жайлы үгіттейді. Бірақ не мәжбүрлеу, не үгіттеу сөйлеу тілін қолдануға көмектеспейді, егер оған қолайлы жағдай жасалмаса. Естімейтін бала емес, сондай-ақ баланың өзіне тек үгіттеу арқылы сөйлеу тілін үйрену қиын болады.

Баланың мектеп-интернаттағы өмір сүру жағдайы оның сөйлеу тілін дамытуда маңызды рөл ойнайды. Балалар қоршаған ортамен сөйлесу негізінде қатынас жасамаса, сөздік орта болмаса, онда сөйлеу дағдылары мен біліктіліктері тез ұмытылады.

Сыныптан тыс уақытта балалардың сөйлесуі табиғи жағдайларда (асханада, жуынатын бөлмеде, ойын бөлмесінде, аулада, кітапханада және т.б.) жүзеге асады. Сөздік жағдайлар педагог есебінен көрнекіліктерді, сөздік құралдарды (сюжетті-рөлді ойындар, үйдегі. Үстел басындағы сюжетті көріністер) табиғи жағдайға жақындатып жасау керек. Жағдайдың мазмұны оқушылардың өмірінен, көрген киноларынан, оқыған кітаптарынан алынады.

Есту қабілетін ерте жаста жоғалту адамның жан-жақты жамуына кедергі бола алмайды. Есту қабілеті зақымдалған бала толық жетілген әлеуметтік тұлға бола алатынын ғылым және тәжірибеде дәлелдеген. Бұл мүмкіндікті іске асырудың шарты, оны сөйлеуге үйрету болып табылады. Еститін балаға қарағанда естімейтін баланың сөйлеу тілі арнайы оқу жағдайында қалыптасады. Есту қабілеті зақымдалған баланың сөйлеу тілінің ерекшелігі оқытуды бастаған жасына, кемістігінің сипатына, педагогикалық әсер етудің әдістері мен тиімділігіне байланысты.

Есту қабілеті зақымдалған балалар мектебінде ауызша сөйлеу тіліне оқыту жұмысы әр түрлі ұйымдасқан формаларда өтеді. Оларға: арнайы сабақтар, дыбыс айтуға үйретудің жеке сабақтары, сөздік жаттығулар, әртүрлі сабақтарда дыбыс айтумен жұмыс істеу, сыныптан тыс жұмыс. Бұл жұмыстардың барлығының мақсаты – есту қабілеті зақымдалған балаларда ауызша сөйлеу тілінің қарым-қатынас құралы, ойлаудың негізі ретінде қалыптастыру болып табылады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды сөйлеуге үйретер кезінде мыналарды қарастырамыз:

1. Естімейтін балалар өздері өмір сүріп жатқан қоғамның тілін меңгеру қажет. Жестпен сөйлесу толық қарым-қатынас құралы болып есептелінбейді. Есту қабілеті зақымдалған бала дерексіз ойлап үйрену үшін, оған сөйлеу тілін меңгеру керек.

2. Айналадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуі үшін, естімейтін бала ауызша және жазбаша сөйлеу тілін меңгеру керек.

Есту қабілеті зақымдалған бала сөздік қорын белсенді қолданып, меңгерген білімдерін сөйлеу тілінде қолдану керек.

Естімейтін балаға бірден дыбыс айтуды үйрететін болсақ, оған ол қызықсыз болады. Алдымен бала мен мұғалім арасында өзара түсінісу болу керек. Педагогикалық үдерістің негізінде есту қабілеті зақымдалған баланы оқытуда көрнекілік пен ойынды қолданады. Есту арқылы қабылдауы мен дыбыс айтуға үйрету жұмысы белгілі бір жүйелілікпен және бірізділікпен жүргізіледі. Балаларды ауызша сөйлеуге үйрету кезінде, онда «естимін-айтамын» деген шартты рефлекторлы байланысты қалыптастыру керек. Ол үшін бала мектепке келгенде оған айтылған сөздің барлығын айтқызу керек. Алғашында дыбыс шығарып айту, кейін ішінен айту, естіп-көріп және есту арқылы қабылдау процесін қалыптастыры, еліктеу арқылы дыбыс айту дағдыларын меңгереді.

Оқыту кезінде үлкен адамдардың сөйлеу тілі естіметін бала үшін еліктеу үлгісі болады. Сол үшін олардың сөзі анық болуы керек, өйткені балалар дыбыс күшейткіш аппарат арқылы олардың сөзіне еліктеп, соған қарап қалыпты темппен, сөздік және логикалық екпінмен сөйлеу дағдысын меңгереді. Ересек адамның сөйлеу тіліндегі кез-келген ақау, баланың дұрыс дыбыс айтпауына әкеліп, нәтижесінде көптеген адамдардың сөзін түсінбей қалады. Барлық сөздік материал қалыпты айтумен, ырғақпен, екпінді буын-

мен, орфоэпиялық ережені сақтаумен берілу керек. Ересектердің сөзі эмоциямен безендіріліп, интонацияға бай болуы керек.

Есту қабілеті зақымдалған балаларды ауызша сөйлеуге үйрету әдісі - сурдопедагогиканың қиын және өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Балалар ауызша сөлеу тілін тек арнайы сабақтарда ғана емес, сондай-ақ педагогтың, тәрбиешінің сөзіне еліктеу, ойын, қарым-қатынас кезінде меңгереді. Осы жағдайда ауызша сөйлеу тілін меңгеру баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты. Бланың дұрыс сөйлеуін дамыту үшін дыбыстық талдау-жинақтау әдісін қолданудың маңызы зор. Осы әдіс көмегімен балаларда ауызша сөйлеу тілін дамытуға қажетті нақты бір білім, дағдылар қалыптасады. Осы білімдер мен дағдылар естімейтін балаларды ауызша сөйлеуге үйретудің мазмұнын анықтайды. Дыбыс айтуға қойылатын талаптар: дауысы, интонациясы, темпі және дыбыс айтудың нақтылығы қойылады. Осы талаптардың барлығы естімейтін балаларды арнайы бағдарлама бойынша дыбыс айтуға оқыту мазмұнында бейнеленеді. Психологиялық көзқарас бойынша ауызша сөйлеу тілі тек адамға тән қарым-қатынас құралы.

Ауызша сөйлеу тілі көмегімен адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы қамтамасыз етіледі. Оның нақты міндеті осы болып келеді. Сол үшін ауызша сөйлеу тілі ойлау құралы болып табылады. Ауызша сөйлеу тілі, дактильді сөйлеу тілі сияқты коммуникация құралы ретінде заттық тәжірибелік іс-әрекетпен байланысты дамиды, сөздік материалды таңдаудың негізгі принципі – соған деген қажеттіліктен шығады. Өртүрлі жағдайда сөздерді қолдану, оның бірте-бірте мағынасын түсінуге алып келеді. Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту, олардың ауызша сөйлеуін көру арқылы қабылдауын және дыбыс айтумен көп жұмыс істеуді талап етеді. Бұл екеуі де өзіндік қиындықпен ұзақ уақытты талап етеді.

Әрине ауызша сөйлеу тілі, дактильді сөйлеу тіліне қарағанда қиын меңгеріледі. Бірақ ауызша сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту нәтижелі болып келеді. Басқа тілі сияқты ауызша сөйлеу тіліне үйрету, оны импрессивті жағын қабылдаудан басталады. Бірақта импрессивті сөйлеуді дамыту баланың белсенді экспрессивті сөйлеу тілін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Ауызша сөйлеу тілі қарым-қатынас құралы болып табылады, яғни балалар қоршаған ортамен қарым-қатынасқа ауызша сөйлеу тілі арқылы түсіп үйренеді. Қарым-қатынасқа түсу барысында олар тілдің лексикалық, грамматикалық мағынасын игереді.

Есту қабілеті зақымдалған балаларда ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру оларды оқыту мен тәрбиелеудің аса күрделі де маңызды міндеттерінің бірі.

Есту қабілеті зақымдалған балалар тұлғасының толығымен дамуы, еститін адамдар қоғамында олардың бейімделу факторларының бірі ауызша сөйлеу тілінің қалыптасуы болып табылады.

Ауызша сөйлеу тілі бір жағынан тыңдаушыға, екінші жағынан – сөйлеушіге бағытталған. Ауызша сөйлеу тілі тілді тасымалдаушы және ойлаудың құралының маңызды рөлін орындайды.

Ф.Ф. Раудың [6] пікірінше, есту қабілеті зақымдалған балалар үшін ауызша сөйлеу тілі грамматика мен лексиканы меңгеруге мүмкіндік бермейді. Бұл жұмысты көбінесе дактилология мен жазбаша сөйлеу тілі жүзеге асырады.

Л.С. Выготскийдің [1] пікірінше, бала басқа адамдардың ауызша сөйлеу тілін дұрыс қабылдаса, өзінің де ауызша сөйлеу тілі дұрыс дамиды.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың сыртқы сөйлеу тілімен қатар ішкі сөйлеу тілі де бірге даму керек. Есту қабілеті зақымдалған балаларды ауызша сөйлеу тілімен (шығару) қатар жазбаша (оқу және жазу) сөйлеу тіліне оқыту керек. Себебі жазбаша сөйлеу тіліне оқыту арқылы балалардың іштей ойлауы дамиды.

Естімейтін балалардың сөйлеу тілін шығару дағдыларын көру және кинестетикалық сезіну арқылы да қалыптастыруға болады. Бірақ қалдық естудің қандай да болмасын аз деңгейі тек естіп қабылдауға ғана емес, сонымен қатар сөздік ойлауға әсер етеді.

Сонымен, есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің дамуының алғашқы кезеңі – ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру болып табылады. Бұл балалардың олардың жазбаша сөйлеуіне және сөз аралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. – М., 1996. – 21-40 б.
2. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. – СПб., 2007.
3. Леонтьев А.Н. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1983. – 140-185 б.
4. Эльконин Д.Б. Природа детства и его периодизация // Избранные психологические труды. – М., 1989. – 68 б.
5. Марциновская Е.Н. Дактильная форма речи и её взаимосвязь с устной и письменной речью. / Под ред. Соловьева М. – М., 1971.
6. Рау Ф.Ф. О психологических основах развития слухового восприятия у глухих детей. // Дефектология. – М., 1991 №1.
7. Зыков С.А. Методика обучения глухих детей языку. – М., 1997.

8. Боскис Р.М. Глухие и слабослышащие дети. – М., 2004.
9. Шиф Ж.И. Очерки психологии усвоения русского языка глухонемыми школьниками. – М., 1954
10. Коровин К.Г., Гилевич И.М., Донская Н.Ю. и др. Книга для учителя школы слабослышащих Обучение рус. яз., чтению, произношению. – М., 1995.
11. Кузьмичева Е.П. Методика развития слухового восприятия глухих учащихся 1-12 классы пособие для учителя. – М., 1991
12. Носкова Л.П., Головчиц Л.А. Методика развития речи дошкольников с нарушениями слуха. – М., 2004.

МРНТИ 15.81.61

S.K. Kapalova¹

¹Abay Kazakh National Pedagogical University94_akonti.kz@mail.ru

FEATURES OF DEVELOPMENT OF INTERFACIAL COMMUNICATION OF SPEECH IN HARD OF HEARING CHILDREN

Abstract

This article discusses the features of interfacial communication of speech in hard of hearing children. Speech communication of children with hearing impairment is formed in the conditions of various activities. The process of language acquisition itself is understood as the process of formation of different types of speech activity (oral, written, dactylic), while developing its both sides - speaking, dactylation, writing. All types of speech activity are formed in unity. The works of foreign and domestic authors on the problem of interfacial communication of speech in hard-of-hearing children are analyzed.

Key words: speech and thinking, oral speech, speech activity, written speech, phrasal speech, dactyl speech, communication.

Капалова С.К.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая 94_akonti.kz@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МЕЖФРАЗОВОЙ СВЯЗИ РЕЧИ У СЛАБОСЛЫШАЩИХ ДЕТЕЙ

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности межфразовой связи речи у слабослышащих детей. Речевое общение детей с нарушением слуха формируется в условиях различных видов деятельности. Сам процесс овладения языком понимается как процесс формирования разных видов речевой деятельности (устной, письменной, дактильной), при этом развиваются обе ее стороны – говорение, дактилирование, письмо. Все виды речевой деятельности формируются в единстве. Анализируются труды зарубежных и отечественных авторов по проблемемежфразовой связи речи у слабослышащих детей.

Ключевые слова: речи и мышления, устная речь, речевой деятельность, письменная речь, фразовая речь, дактильная речь, общение.

С.К. Капалова¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті

НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЗ АРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС СӨЙЛЕУІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада нашар еститін балалардағы сөз аралық байланыс сөйлеуінің даму ерекшеліктері қарастырылады. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу қарым-қатынасы әртүрлі қызмет түрлері жағдайында қалыптасады. Тілді меңгеру үрдісі сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін (ауызша, жазбаша, дактильді) қалыптастыру үрдісі ретінде түсіндіріледі, бұл ретте оның екі жағы да дамиды – сөйлеу, дактилдеу, жазу. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бірлікте қалыптасады. Нашар еститін балаларда сөз аралық байланыс сөйлеуінің мәселесі бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданады.

Түйін сөздер: сөйлеу және ойлау, ауызша сөйлеу, сөйлеу қызметі, жазбаша сөйлеу, фразалық сөйлеу, дактильді сөйлеу, қарым-қатынас.

An important feature of the mental development of children with hearing impairment is almost simultaneous mastery of several different types of speech: verbal (oral and written), dactylic and gestural, that is, a peculiar polyglossia, as L.S. Vygotsky called it [1,2]. Speech communication of children with hearing impairment is formed in the conditions of various activities. The process of language acquisition itself is understood as the process of formation of different types of speech activity (oral, written, dactylic), while developing its both sides - speaking, dactylation, writing. All types of speech activity are formed in unity.

Imperfection of skills and abilities associated with the use of speech as a means of communication is a characteristic feature of students with hearing impairments due to secondary deviations.

Today, people are searching for new ways of social adaptation, the directions of this work, the forms of its organization, and methods for bringing children with hearing problems and their hearing peers closer together, which are reflected in the system of integrated education for children with special educational needs on the basis of educational institutions.

A special role in the development of special teaching methods for interphrase communication of children's speech with hearing impairments was played by L.S. Vygotsky on the meaning of the word, on the relationship of generalization with communication, on the patterns of development of verbal meanings, speech thinking and the semantic side of speech. An understanding of the dynamic laws of the development of speech and thinking is very important for audiopedagogy in order to theoretically substantiate a complex and peculiar process of teaching children's speech. The features of the development of coherent speech of deaf and hard of hearing students were studied by scientists R.M. Boscis [3], S.A. Zykov [4], L.M. Bykova, J.I. Shif et al. Based on the skills that schoolchildren should master in the process of learning a language, L.M. Bykova points to specific features that are manifested in deaf and hard of hearing students in mastering the interphrase linking speech.

The means of interphrase communication include language means of two types. Some means (A) are used both to connect simple sentences as a part of complex ones, and for connecting separate, simple and complex sentences in a text. These include:

- conjunction;
- pronoun;
- particles;
- introductory modal words;
- the unity of species-tense forms of verbs-predicates;
- numerals;
- order of a sentence.

Other means (B) are means of interphrase communication, since they connect parts of the text - simple and complex sentences (phrases) and complex syntactic whole in its composition. These include:

- words and phrases that do not reveal their semantics within a single sentence. As a rule, these are words and phrases with spatial, temporal and other meanings used in the beginning of the text. The following is a description of what happened at this time or place;

- lexical repetition;
- synonymous replacement;
- specific types of sentences:
 - a) non-distributed, two-part;
 - i) one-part;
 - c) interrogative;
 - d) exclamation points

The given types of sentences turn out to be means of communication of parts of the text, contain a certain conclusion from the previous part or / and indicate the beginning of the next semantic part.

Recent studies have shown that there is an important connection between the sentence and the whole text, which represented the connection between sentences. This is a complex syntactic whole (CSW) (otherwise - super-phrasal unity, component, prosaic stanza).

A prosaic stanza, or complex syntactic whole, is not the sum of sentences, but the syntactic unit of a language. Between its components (sentences) there are grammatical relations. The stanza is also distinguished by a single position.

Everything is interconnected in the text, comprising complex syntactic whole and separate sentences in them. There are various means of interphrase communication. We will name the fundamental ones of such means:

- subject communication (particular parts of the text are combined with the names of people and names of objects);
- temporary connection (the presence of a single temporary space in the text); temporary unity is expressed grammatically and lexically: in *1773, first - then, in the morning - in the evening*, etc. The changing of

grammatical time should be meaningful. One of the most common mistakes in school essays is the unmotivated transition from the present to the past and vice versa;

– spatial connection (*in our city, there, here, etc.*);

– word order; in a written text, a sentence usually launches with a subject, a subject of a message, something which is known from a previous statement or less significant in terms of content; the sentence usually ends with new information - rema; the most common is considered this word order: information that was new in the previous sentence moves to the beginning in the subsequent sentence;

– replacement of nouns, adjectives with pronouns and pronouns (*he, this, then, etc.*);

– the use of creative unions (*and, but, but, etc.*), taking into account their significance;

– special text clips, primarily introductory words (*firstly, secondly, so, therefore, etc.*);

– non-specialized means of communication, in particular lexical repetition, which should be meaningful and stylistically justified, otherwise it will be perceived as a stylistic mistake;

– red line, a paragraph division in the written text; most often a paragraph occurs with over-phrase unity; the red line usually emphasizes the beginning of a new speech, in this first phrase plays a special role of a new paragraph; it is all kind of over-phrasal unity;

– semantic connection of sentences in the text, and semantic relations can be different: it is based on the juxtaposition of parts; also on the interdependence of parts.

It is distinguished between chain and parallel connection of sentences. The main thing in a chain connection is the repetition of a keyword, its replacement with a synonym, synonymic turnover, pronoun, repetition of one or another member of a sentence. Communication can be through semantic correspondences or associations.

With a parallel connection, proposals are not linked to one another, but are compared, and comparisons or contrasts are possible.

The features of this type of communication are the same word order, sentence members are expressed in the same grammatical forms, sometimes the first word (words) of sentences (anaphora) is repeated. Parallel connections are often used in poetry. The parallel communication can be enhanced by introductory words. For the same purposes, the adverbs of the place are often used (right, left, front, etc.), adverbial sentences, subordinate clauses.

In many texts with parallel communication the topic is contained in the first sentence and all subsequent ones concretize, develop the thought expressed in the first sentence. Such sentences usually have the same structure, so they are syntactically similar and parallel.

The parallel connection between parts of the text can be combined with the elements of chain communication, which in this case are not basic. And, on the contrary, elements of parallel communication are sometimes used in chain communication, and then they are of a private nature.

Speech is that which occurs under conditions where language acquisition is impossible without the participation of a teaching person and with an extreme limitation of speech practice, barely simultaneously with parallel learning of oral speech, whilst a hearing child has a significant interval between mastering these types of speech.

Therefore, children with hearing impairments have less discrepancy between oral and written speech than with children in case of with normal hearing; we add that deaf children have difficulties in pronunciation that complicate the use of oral speech, the compilation of an oral statement is more arbitrary than that of hearing children. A written statement of thoughts creates greater opportunities than oral, for the preparation, detailed perception, reflection and correction of the statement. Thanks to such features of writing, mastering it by children with hearing impairments is of great importance for expanding communication with others and for the formation of abstract thinking.

And therefore, the development of written language is rightfully considered one of the most important tasks of teaching children with hearing impairments on the success of a large extent, the formation of their verbal speech as a full-fledged means of communication and a tool of thought.

One of the tasks of the school for the hearing-impaired is the formation and correction of interphrase communication of students' speech based on the development of preserved auditory function in order to use hearing in the learning process and after school hours, as well as the formation and development of communicative competence as the main life competence for a student with hearing impairments.

Bibliography

1. *Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. – М., 1996.*
2. *Выготский С.Л. Собр. Сочинений в 6-ти т. – М.: Педагогика, 1983. Т.5*
3. *Боскис Р.М. Глухие и слабослышающие дети. – М., 2004.*
4. *Зыков С.А. Методика обучения глухих детей языку. – М., 1997.*

А.С. Оспанова¹

¹ Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды дифференциалды диагностикалауды кеңестік ғалымдардың Выготский Л.С., Лубовский В.И., Забрамнаяның С.Д. бірқатар қағидаларына сүйене отырып жүзеге асырудың артықшылықтары айтылған. Бала психикасының дамуын кешенді зерттеу бала бойындағы қандай да бір ауытқудың ішкі себептері мен механизмдерін ашуды болжайды және ауытқушылықты мамандар тобымен зерттеуді (дәрігерлер, педагог-дефектологтар, логопед, психолог, әлеуметтік педагог) жүзеге асырылады. Сонымен қатар мақалада мүмкіндігі шектеулі баланы клиникалық және эксперименттік-психологиялық зерттеулер арқылы ғана емес, басқа да әдістерді қолданылып зерттеуге болатындығы баяндалады. Атап айтсақ, медициналық және педагогикалық құжаттарды талдау, баланы бақылау, әлеуметтік-педагогикалық тексеру, ал неғұрлым күрделі жағдайларда – нейрофизиологиялық, нейропсихологиялық және басқа да зерттеулер қолдану мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық дифференциалды диагностикалауға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психодиагностикасы үш кезеңде жүзеге асырылады

1) скрининг-диагностика;

2) дифференциалды диагностика;

3) жеке-түзету бағдарламасын әзірлеу мақсатында баланы тереңдетілген психологиялық-педагогикалық зерттеу.

Түйінді сөздер: ерекше білім алу, психодиагностика, скрининг-диагностика, дифференциалды диагностика, жеке-түзету бағдарламасы, психологиялық-педагогикалық зерттеу

Оспанова А.С.¹

¹ Казахский национальный женский педагогический университет
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНАЯ ДИАГНОСТИКА ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Аннотация

В данной научной статье описаны преимущества осуществления дифференциальной диагностики детей с ограниченными возможностями советскими учеными, исходя из ряда принципов: Л.С. Выготского, В.И. Лубовского, С.В. Забрамной. Комплексное исследование развития психики ребенка предполагает раскрытие внутренних причин и механизмов каких-либо отклонений у ребенка и осуществляется групповое исследование отклонений (врачи, педагоги-дефектологи, логопед, психолог, социальный педагог). Кроме того, в статье раскрывается необходимость исследования ребенка с ограниченными возможностями не только путем клинических и экспериментально-психологических исследований, но и с использованием других методов. В частности, анализ медицинской и педагогической документации, наблюдение за ребенком, социально-педагогическое обследование, а в наиболее сложных случаях – нейрофизиологические, нейропсихологические и другие исследования позволяют дифференцировать психолого-педагогическую диагностику детей с ограниченными возможностями. Психодиагностика детей с ограниченными возможностями осуществляется в три этапа:

1) скрининг-диагностика;

2) дифференциальная диагностика;

3) углубленное психолого-педагогическое обследование ребенка с целью разработки индивидуально-коррекционной программы.

Ключевые слова: специфическое образование, психодиагностика, скрининг-диагностика, дифференциальная диагностика, индивидуальная коррекционная программа, психолого-педагогические исследования

A.S. Ospanova¹

¹ Kazakh national women's pedagogical University Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL DIFFERENTIAL DIAGNOSIS OF CHILDREN WITH DISABILITIES

Abstract

This scientific article describes the advantages of differential diagnosis of children with disabilities by Soviet scientists, based on a number of principles: L.S. Vygotsky V. and Lubovsky. S. In Zabramnaya. Complex research of development of mentality of the child assumes disclosure of the internal reasons and mechanisms of any deviations at the child and group research of deviations (doctors, teachers-defectologists, the logopedist, the psychologist, the social teacher) is carried out. In addition, the article reveals the need to study a child with disabilities not only through clinical and experimental psychological studies, but also using other methods. In particular, the analysis of medical and pedagogical documentation, observation of the child, social and pedagogical examination, and in the most difficult cases – neurophysiological, neuropsychological and other studies allow to differentiate the psychological and pedagogical diagnosis of children with disabilities. Psychodiagnosis of children with disabilities is carried out in three stages:

- 1) screening and diagnostics;
- 2) differential diagnosis;
- 3) in-depth psychological and pedagogical examination of the child in order to develop an individual correctional program.

Key words: specific education, psychodiagnostics, screening diagnostics, differential diagnostics, individual correctional program, psychological and pedagogical research

Ерекше білім алуды қажет ететін балалардың психодиагностикасы балаға білім беру қажеттіліктерін және оның қабылдау мүмкіндігін, білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Диагностика кезінде баланы оқытудың оңтайлы ұйымдастырушылық нысандары мен жеке жоспарлы оқытудың ұсынымдары анықталуы тиіс.

Қазіргі кезеңде даму бұзылысының диагностикасын жетекші мамандардың еңбектеріне (Л.С. Выготский, В.И. Лубовский, С.Д. Забрамная) бұрын сипатталған бірқатар қағидаттарға (тәсілдерге) сүйеніп жүргізу қажет. [1, 65 б.]

Бала психикасының дамуын кешенді зерттеу қандай да бір ауытқудың терең ішкі себептері мен механизмдерін ашуды болжайды және олар мамандар тобымен (дәрігерлер, педагог-дефектологтар, логопед, психолог, әлеуметтік педагог) жүзеге асырылады. Баланы клиникалық және эксперименттік-психологиялық зерттеулер ғана емес, сонымен қатар басқа да әдістер қолданылады: медициналық және педагогикалық құжаттарды талдау, баланы бақылау, әлеуметтік-педагогикалық тексеру, ал неғұрлым күрделі жағдайларда – нейрофизиологиялық, нейропсихологиялық және басқа да зерттеулер қолданылады.

Бұзылыстың психодиагностикасы үш кезеңде жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) скрининг-диагностика;
- 2) дифференциалды диагностика;
- 3) жеке-түзету бағдарламасын әзірлеу мақсатында баланы тереңдетілген психологиялық-педагогикалық зерттеу.

Әрбір кезеңнің өзінің ерекше міндеттері бар және әрбір кезең арқылы психодиагностикалаудағы мәселелерін шешуді көздейді.

Скрининг-диагностиканың негізгі міндеттері популяциядағы әртүрлі ауытқулары бар және психикалық дамуы бұзылған балаларды, оның ішінде жаппай білім беру мекемелері жағдайында дер кезінде анықтау, бала дамуының психологиялық-педагогикалық проблемаларының спектрін шамамен анықтау болып табылады. Сонымен қатар, скрининг-диагностикасы білім беру мекемесінде балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын бағалаумен байланысты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: нақты білім беру мекемесінде тәрбие беру процесінің кемшіліктерін, сондай-ақ балаларды оқыту мен тәрбие-леудің қандай да бір бағдарламасының кемшіліктерін анықтауға бағытталады. [2, 9 б.]

Скрининг-диагностикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелері қазіргі уақытта әртүрлі шешілуде. Іс жүзінде бірнеше нұсқалары бар. Мысалы, педагогтар өз жұмысында баланы оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарға тап бола отырып, оның қандай да бір ерекшеліктеріне байланысты білім беру мекемесінің

психологына осы ерекшеліктерге баға беру үшін және осындай баламен жұмыс істеуге тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін жүгінеді.

Басқа жағдайларда ата-аналар психологтың көмегіне жүгінеді. Мысалы: бала тәрбиесіндегі мінез-құлықтың немесе қиындықтардың ерекшеліктеріне баға беру және тәрбиелік-білім беру іс-шараларын өткізу бойынша ұсыныстар алу үшін. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға қатысты осындай өтініштер едәуір көп екенін атап өткен жөн, өйткені дәл осы жас мектепке "дайындық" ретінде қарастырылады және ата-аналар баланың психологиялық жоспардағы қандай да бір проблемалар бар екенін байқай бастайды.

Ақырында, дамуында бұзылыстары бар балаларды анықтау арнайы ұйымдастырылған скрининг-тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Скрининг-тексеру жүргізу нысаны бойынша: жеке немесе топтық болуы мүмкін. Бұл тәсіл даму кемістігі бар балаларды анықтауға қойылатын қазіргі заманғы талаптарға барынша сәйкес келеді, бірақ өкінішке орай, жиі қолданылмайды.

Скрининг кезінде қолданылатын әдістемелер жиынтығы скринингтік зерттеудің міндеттеріне әрдайым жауап бермейді, педагог-психологтардың кәсіби дайындығы даму бұзылуының біліктілігі үшін жеткіліксіз болады. Бүгінгі таңда "өтініш бойынша" скринингтік диагностикасы жетекші болып қала береді, ол әрбір баланың ерекшеліктерін жан-жақты зерделеуді қамтамасыз етуге және оған мұқтаж балаларға психологиялық және педагогикалық көмек көрсетуге мүмкіндік бермейді. Осылайша, скрининг-диагностикасының қазіргі жай-күйін сипаттайтын бірқатар проблемалар бар.

1. Балаларды тексеру кезінде қолданылатын әртүрлі әдістемелердің көптігіне қарамастан, скрининг-тексерулерді қолдану үшін ғылыми негізделген және апробацияланған диагностикалық құралдардың анық жеткіліксіздігі бар. Бұл әсіресе 3 жастағы балаларды скринингтік тексеруге қатысты.

2. Скрининг-диагностикасын әзірлеу кезінде психикалық дамудың қалыпты қарқынымен және психологиялық-педагогикалық, медициналық-элеуметтік көмекке мұқтаж ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды шектеу мүмкін болатын өлшемдер жүйесін әзірлеу өте күрделі болып табылады.

3. Скрининг-тексеру жүргізу кезінде сыналушылардың эмоционалдық жағдайы мен жеке ерекшеліктері маңызды проблема болып табылады. Ынтымақтастықтың уәждемесі, табысқа және сәтсіздікке, көңіл-күйге, теріс өткен тәжірибеге және т.б. реакциялар тапсырмалардың орындалу сапасына айтарлықтай әсер етеді. Бұл елеулі қиындықтар туғызады, өйткені скрининг-зерттеу кезінде уақыт шектеулілігі қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік бермеуі мүмкін. [3, 98 б.]

Дифференциалды диагностика даму бұзылысының түрін анықтауға бағытталған, оның нәтижесі бойынша баланы оқыту бағыты мен оның ұйымдастыру формалары анықталады.

Дифференциалды диагностиканың міндеттері келесідей:

- баланың ақыл-ой, сөйлеу және эмоциялық дамуының бұзылу дәрежесі мен сипатын ажырату;
- бастапқы және екінші бұзылыстарды анықтау және бұзылыс құрылымын жүйелі талдау;
- көру, есту, тірек-қимыл аппараты кемшіліктері кезінде психикалық дамудың бұзылу ерекшеліктерін бағалау;
- педагогикалық болжамды анықтау және негіздеу.

Осы мәліметтер негізінде білім беру мекемесінің үлгісі, оқыту бағдарламасы, түзету-педагогикалық үдерісін ұйымдастыру анықталады. Дифференциалды диагностиканы психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия жүзеге асырады. Диагностиканы жүргізетін мамандар тобы дамуында бұзылыстары бар балаларды зерттеу кезіндегі кешенді тәсілді іске асырады. Диагностика қорытындысы бойынша шешім алқалы түрде қабылданады. Жұмыс баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір жүйе бойынша құрылады. Осыған ұқсас психологиялық ерекшеліктер – даму бұзылысының әртүрлі санаттағы балаларда байқалады. Мысалы, сөйлеу тіліндегі кемшіліктері немесе оқу қабілетіндегі даму бұзылыстары бар балаларды тексеру кезінде анықтауға болады. Дифференциалды диагностиканың критерийі бола алатын даму бұзылысының әрбір түрін анықтайтын ерекшеліктер айтарлықтай аз (В.И. Лубовский). Бұл аномальды даму заңдылықтарымен де байланысты және бүгінгі таңда арнайы психологияда салыстырмалы сипаттағы ғылыми зерттеулердің жеткіліксіз болуымен байланысты. Мұндай ғылыми әзірлемелерді жүзеге асыру дифференциалды диагностиканың мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. [4, 114 б.]

Тағы бір мәселе ПМПҚ-ның практикалық қызметімен байланысты. Бүгінгі таңда ұйымдастырушылық сипаттағы көптеген мәселелер, атап айтқанда тұрақты жұмыс істейтін диагностикалық мекемелер желісін құру, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері сияқты бірқатар әдіснамалық және терминологиялық мәселелер шешілмеген.

Әдіснамалық проблемалардың ішінен дифференциалды диагностика мақсатында баланы психодиагностикалық зерттеу нәтижелеріне сапалық-сандық талдау жасауға мүмкіндік беретін тиімді және сенімді әдістемелерді әзірлеу мәселелерін ерекше атап өткен жөн.

Терминологиялық проблемалардың ішінен психологиялық-педагогикалық және медициналық терминологияны нақты ажырату, ПМПК қызметіндегі медициналық және психологиялық-педагогикалық диагноздың орнын анықтау мәселесі маңызды болып табылады. [5, 41б.]

Даму кемістігі бар балаларды тереңдетілген психологиялық-педагогикалық зерттеу диагностиканың нәтижелері негізінде түзету бағдарламаларын әзірлеуді мақсат етеді.

Мұндай зерттеулер уақытты талап етеді және негізінен білім беру мекемесінде, кейбір жағдайларда кеңес беру мекемесінде жүргізіледі. Мұндай зерттеудің нақты міндеттері, әдетте, әртүрлі жас кезеңдері үшін маңызды болып саналады. Олардың ішінде:

- баланың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау;
- дамыту мен оқытудың жеке түзету бағдарламаларын әзірлеу;
- баланы тәрбиелеу жағдайын анықтау, отбасы ішіндегі қарым-қатынас ерекшелігін;
- оқудағы қиындықтары бар жағдайларда көмек көрсету;
- жасөспірімдерге кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдар беру;
- әлеуметтік-эмоциялық жоспар мәселелерін шешу сияқты мәселелерді атап өтуге болады.

Осы міндеттерді шешу кезінде психологиялық диагностика әдістерін (эксперимент, тесттер, жобалық әдістемелер) балалар мен жасөспірімдердің оқу іс-әрекеті мен шығармашылығы өнімдерін арнайы ұйымдастырылған бақылаумен және талдаумен ұштастыру маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытқа дейін психодиагностика саласындағы мамандардың көпшілігі - негізінен баланың интеллектуалдық және сөйлеу даму деңгейін бағалауға, бұзылыстарды саралауға бағытталғанын атап өткен жөн. Мамандар қандай да бір функцияның жетілмегенін немесе болмауын табысты көрсетеді, бірақ баланың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік-жеке мәселелерін шешуге болатын оң әлеуетті, әсіресе оң тұлғалық ерекшеліктерді анықтауға жеткілікті бағдарланбаған. Бірақ, түзету-педагогикалық үдерістің тиімділігі теріс факторларды анықтаумен ғана емес, сонымен қатар бірінші кезекте баланың жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін құруға болатын интеллектуалдық және жеке тұлғалық әлеуетін анықтаумен сипатталады. Айта кету керек, қойылған проблемалардың кейбірі, мысалы, дамуы бұзылған жасөспірімдерді кәсіби диагностикалау және кәсіптік кеңес беру мәселелері зерделене бастады. [6, 52 б.]

Сонымен, даму бұзылысын психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың маңызды міндеттері:

- балалардағы даму бұзылыстарын ерте анықтау;
- бұзылу себептері мен сипатын анықтау;
- баланың оңтайлы педагогикалық бағытын анықтау;
- дамуында бұзылыстары бар балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- даму мен оқытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Выготский Л.С. Шығармалар жинағы: В 6 т. – М., 1984. – Т. 5.*
2. *Лубовский В.И. Общие и специфические закономерности развития аномальных детей //Дефектология. – 1991. – № 6.*
3. *Лубовский В.И. Психологические проблемы диагностики аномального развития детей. – М., 1989.*
4. *Стребелев. Психолого-педагогическая диагностика развития детей дошкольного возраста / ред.Е. А. – М., 1998.*
5. *Бурменская Г.В., Карабанова О.Л., Лидере Л.Г. Возрастные и психологические подходы в консультировании детей и подростков. – М., 2002*
6. *Уленкова У.В., Лебедева О.С. Выготский Л.С. И современная деятельность практической психологии. – Нижний Новгород, 2000. – Нижний Новгород, 2000.*

А.С. Оспанова ¹

¹ Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЛЫПТЫ ЖӘНЕ ПАТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОМОТОРЛЫ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада қалыпты және патологиялық жағдайда ерте жастағы балалардың психомоторлы дамуының ерекшеліктері қарастырылған. Балада даму ауытқуларын ерте анықтау үшін олардың себептері мен қатар қалыпты психомоторлық дамудың негізгі заңдылықтарын білу де маңызды.

Психикалық даму биологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерінен олардың ажырамас бөлігінде жүзеге асырылады. Тыныс алуды, жүрек-қантамыр қызметін, ас қорытуды реттеу сияқты өмірлік маңызды функциялардың қалыптасуы негізінен биологиялық факторлармен (генетикалық даму бағдарламасымен) анықталады. Жоғары жүйке қызметімен қатар функционалдық жүйелердің қалыптасуы едәуір дәрежеде әлеуметтік ортаның, оқыту және тәрбиелеудің ерекшеліктеріне байланысты.

Қалыпты және патологиядағы психикалық даму ерекшеліктері мидың жетілу заңдылықтарымен байланысты, ол сондай-ақ генетикалық және орта факторлардың өзара әрекеттесуімен байланысты.

Мидың даму заңдылықтары мен функционалдық жүйелердің жетілуі баланың жүйке-психикалық даму кезеңдерінің сабақтастығын анықтайды. Жетілудің біркелкі болмауы дамудың парциалды (ішінара) кідірістерінде байқалады. Баланың жас ерекшелігінің әр түрлі кезеңдерінде әрбір функционалдық жүйенің жетілу қарқынына қарамастан, оның миы өмірдің барлық кезеңдерінде біртұтас ретінде жұмыс істейді, бұл жүйеаралық байланыстарды қалыптастыруды көздейді.

Түйінді сөздер: психомоторлы даму, психикалық даму, онтогенез, қозғалу-кинестетикалық анализаторы, қалыпты психомоторлық дамуы, афиксия, жүйеаралық байланыстар

Оспанова А.С.¹

¹ Казахский национальный женский педагогический университет
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПСИХОМОТОРНОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА ПРИ НОРМАЛЬНЫХ И ПАТОЛОГИЧЕСКИХ СОСТОЯНИЯХ

Аннотация

В данной научной статье описаны преимущества осуществления дифференциальной В данной статье рассматриваются особенности психомоторного развития детей раннего возраста в нормальных и патологических условиях. Для раннего выявления отклонений развития у ребенка важно знать как причины, так и основные закономерности нормального психомоторного развития.

Психическое развитие осуществляется под воздействием биологических и социальных факторов в их неотъемлемой части. Формирование жизненно важных функций, таких как регулирование дыхания, сердечно-сосудистой деятельности, пищеварения, в основном определяется биологическими факторами (программой генетического развития). Формирование функциональных систем, наряду с высокой нервной деятельностью, в значительной степени зависит от особенностей социальной среды, обучения и воспитания.

Особенности психического развития в нормальной и патологии связаны с закономерностями развития мозга, которые также связаны с взаимодействием генетических и средних факторов.

– бұл балалардың мінез-құлқы ауытқылары мектеп интернатының қабырғасында ғана, яғни тәртіп бұзу, тыңдамау, темекі шегу, ұсақ ұрлық жасаумен шектеледі. Олардың психикалық дамымаушылықтары таяз, бірдей емес немесе дисгармониялық болып келеді.

– оқушылардың мінез-құлқы ауытқылары мектеп қабырғасында шектеліп, белгілі бір әлеуметтік қауіп-қатерді тудырады.

Бұл жасөспірімдерге мектептен қашу, қанғыру, ұрлық жасау, бұзақылық қылықтар мен әрекеттер жасау, жыныстық мінез-құлқы ауытқылары, өзін-өзі өлтіруге талаптану ниетін көрсетуі тән болып табылады. Балалардың көңіл-күйлері қимыл, қозғалыстың зақымдалу салдарынан жиі шиеленіседі. Қимыл, қозғалыстың үнемі абыржуына байланысты бұл балалардың басқарылуы күрделі болып келеді, өйткені оларға мінез-құлқтың тәртіпсіздігі, өз қылықтарын сын көзбен қарап, жете түсінуінің жеткіліксіздігі тән. Әрине, мұндай қылықтар мұғалімдер мен құрбыларының арасында қарым-қатынастың бұзылуына әкелетіні сөзсіз.

Ал, осы топтағы кейбір оқушыларда эмоционалды ауытқылар, аффектінің үнемі күшею тұрғысынан көрініп, ауық-ауық дисфориялық күйлер пайда болды. Бұл кезде балаларда ашулы, көңілсіз күйлер және ауытқыған әрекеттерге бейімділік байқалады. Кейде эмоционалды шиеленісудің тұрғысынан, оларда көтеріңкі көңіл-күй пайда болады, бірақ агрессивті әрекеттерде сақталуы мүмкін. Сонымен қатар, садистік әрекеттер мен өзін-өзі өлтіруге талаптануы (суицидтік) байқалады.

Бұл жасөспірімдерге екінші топтағы ауытқылар мен нашакорлық, уланудың (токсикоманияның) үйлесуі тән болып келеді. Бұл топқа әртүрлі формадағы олигофрен балалар жатады.

Мінез-құлқтың пайда болуына себепші сыртқы қолайсыз факторларға; туған кезде болған жаракат, ұрықтың жатырдағы даму кезінде және жас шақта миға инфекцияның түсуі, ұзаққа созылған асқазан - ішек немесе басқа соматикалық ауруларға байланысты токсикоз, сондай-ақ ұрықтың өсіп-өнуіне зиянды әсер ететін (мерез, маскүнемдік, сәуле қуаты, ананың ұзаққа созылған ауруы, эндокрендік кемістіктер және т.б.) жағдайлар жатады.

Мінез-құлқында ауытқуы бар балалардың өзін-өзі бағалауы деңгейінің ерекшеліктерін анықтау, эксперименталдық тұрғыда зерттеуді ұйымдастырудың міндеттері:

1. Мінез-құлқы ауытқушы бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, қоғамдық өмірге қосу біздің алдымыздағы маңызды қоғамдық міндеттердің бірі.

2. Сонымен қатар баланың отбасысына, өз тұлғасына, мінез-құлқына, қарым-қатынасына қарай мінез-құлқындағы ауытқушылығы бар балаларды алға қарай тарту.

3. Медициналық, педагогикалық, мәдени, әлеуметтік көмек көрсетіп, әр түрлі психологиялық әдістерді қолдану арқылы өмірге бейімдеу.

4. Балалардың, ата-аналардың пікірлерін зерттеудің нәтижелерін талдау және соның негізінде анықталған ерекшелікті ескере отырып оқушылардың тұлғасы, қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалауы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету бағдарламаларын құру;

5. Жасөспірім тұлғасының және қарым-қатынас, өзін-өзі бағалауы, мінез-құлқының дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мен түзету әдістерін, балаларда тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілетін қалыптастыруға, жауапты шешім қабылдауға, қақтығыстарды шеше алуға, стрессті жеңе білу және жағымды, барабар түрде өзін-өзі бағалауын дамытуға, салауатты өмір сүруге бағытталған психотехникалық тәсілдерді ұйымдастыру.

Өзін-өзі бағалаудың когнитивтік компоненттің көрсеткіштері: оның шынайылығының өлшемі, негіздеу тәсілдері – өз тәжірибесін немесе өзін-өзі бағалау жағдайын талдауға сүйену, өзінің немесе айналасындағылардың пікіріне сүйену, эмоциялық қалауларына бет бұру, өзін-өзі бағалауда рефлексивтіліктің болуы немесе болмауы.

Адам ішкі жан дүниесінің қай сипаты ықпал етуді талап етуге байланысты психотерапияның негізгі 4 моделін бөлуге болады:

1. Психотерапия емдеу әдісі. Психикалық және соматикалық функция (медицин. модель) сферасында организмнің функционалды жүйе қалпына ықпал ету;

2. Психотерапия - үйрету процесін әрекетке әкеледі (психотерапияның психологиялық моделі);

3. Психотерапия манипуляциялаушы әдіс, инструмент сипатты және қоғамдық тексеру мақсатына қызмет етеді (элеуметтік модель);

4. Психотерапия адамдар арасында ықпал ету барысында жүзеге асатын құбылыстар жиынтығы;

Музыкатерапия - музыканы тыңдау, библиотерапия - кітап оқу арқылы ауруға ықпал ету. Имаготерапия - бейнелермен ойнау (imago: лат. - бейне) арттерапия - өнермен терапия. Көбінесе өнердің қолданбалы түрі пайдаланылады.

Арттерапиялық тапсырмалар екі вариант түрінде жүзеге асырылады: белгілі бір тақырыпта тапсырмалар орындау және берілген тапсырманың материалын еркін тақырыпта, еркін материалмен жұмыс жасайды. Тапсырма соңында тақырыпты орындау манерасын талқыға салады.

Жүріс-тұрыстық психотерапия – (шартты рефлекс) ықпал ету техникасы ретінде кеңінен қолданылады (қорқынышты жою).

Жеке психотерапия. Бұл психолог пен клиент арасындағы өзара әрекеттесу мәнінің құрылу ерекшелігін көрсету болып табылады, яғни медициналық диагнозы бар. Психолог клиентпен қандай да бір өзара әрекет ету ситуациясын құрады. Ол адам мәні жөніндегі кәсіби білімі негізінде жасалады. Басқалай айтқанда психотерапевт жұмысы адам мәні туралы философиялық көзқарастарына сүйенеді.

Топтық психотерапия – бұл әр түрлі аурулармен ауыратын адамдар арасында жүргізілетін психотерапиялық ықпал жасау формасы ретінде қазір кеңінен қолданылады. Топтық психотерапия ерте жастан – мектепке дейінгі, ең кәрілік шаққа дейін қолданылады.

Көптеген психотерапевт пікірлері бойынша топтық психотерапия қоршаған адамдармен өзара қатынас құрылуына негізделеді немесе қоршаған ортамен шиеленіс. Топтық психотерапия ашық немесе жабық 25-30 адам құрамында жүреді және 8-12 адам (шағын топ).

Психотерапиялық сабақтар бір уақытта, бір жайлы жерде өтуі тиіс. Психотерапевт басқалардан ерекшеленіп тұруы тиіс. Топта оған қатысушылардың жекелік жетілуі деп атауға болатын құбылыстар жүреді. Олар жаңа формадағы әрекетте, өз танымдарын кеңейте ситуацияларды бастан кешіреді. Психотерапияны жүргізгеннен кейін жүріс-тұрыстық өзгерістер (ым-ишара, дене тұрысы, жүріс-тұрысы) байқалады. Олар өзіндік сана және санада өзгерістерінің сырттай көрінуі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу мақсатында төмендегідей әдістемелер мен терапияларды жүргізуге болады: би терапиясы, «Бейнелеу» би терапиясы, «Басқарушының соңынан ер» би терапиясы, «Менің өмірім» тренингі, «Медитация» тренингі, «Мақтаулар» жаттығуы.

Бұл жүргізілген психокоррекциялық жұмыстар мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың өзін-өзі дұрыс бағалауға мүмкіндік жасау, міне-құлқын түзетуде үлкен көмегі болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростка. – Л., 1983. – 155 с.
- 2 Броздина А.В. Что такое самооценка // Психологический журнал. – М., 1992. №4. – 19 с.
- 3 Роджерс К.Р. Творчество как уселение себя. // Вопросы психологии, 1990. №1. – 38 с.
- 4 Фрейд З. «Я и Оно». Тб., 1991. – 145 с.
- 5 Адлер А. Индивидуальная психология. / История зарубежной психологии. Тесты // Под ред. П.Я. Гальперина, А.Н. Ждан. – М., 1986. – 245 с.
- 6 Маслоу А. Самоактуализация. Психология личности. Тексты. – МГУ, 1982. – 30 с.
- 7 Беличева С.А. Основы превентивной психологии. – М.: Редакционно-издательский центр консорциума «Социальное здоровье России», 1993. – 199 с.
- 8 Жигитбекова Б.Д. Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.
- 9 Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және ролі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

А.Қ. Егенисова¹, Б.К. Керимов²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада этникааралық қатынастар (ұлттаралық қатынастар), Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан этникааралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту стратегиясы туралы мәселелер баяндалады.

Жастардың этносаралық қарым-қатынас мәдениетін, патриоттық сезімін қалыптастыру және этносаралық татулыққа, ұлттаралық қарым-қатынасқа тәрбиелеу проблемаларын зерттеген ғалым зерттеушілердің еңбектерін талдаған.

Кілтті сөздер: этнос, ұлт, конфессия, ассамблея, қарым-қатынас, этносаралық қатынастар, ұлттаралық қатынастар.

Егенисова А.Қ.¹ Керимов Б.К.²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Аннотация

В данной статье освещены вопросы межэтнических отношений (межнациональных отношений), стратегии сохранения и укрепления межнациональной и межрелигиозной гармонии в Казахстане.

А также проанализирована работа исследователей, которые изучали проблемы межнациональной гармонии, чувства патриотизма и межэтнического общения.

Ключевые слова: этнос, национальность, конфессия, ассамблея, отношения, межэтнические отношения, межнациональные отношения.

А.К. Yegenissova¹, B.K. Kerimov²

^{1,2} Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov

FEATURES OF FORMATION OF CULTURE OF INTER-ETHNIC RELATIONS

Abstract

This article highlights the issues of interethnic relations (national relations), strategies for maintaining and strengthening interethnic and inter-religious harmony in Kazakhstan.

It also analyzes the work of researchers who studied problems of interethnic harmony, feelings of patriotism and interethnic communication.

Key words: ethnicity, nationality, confession, assembly, relations, interethnic relations, national relations.

Этносаралық қатынастар (ұлттаралық қатынастар) сөздің кең мағынасында әр түрлі салаларда – саясатта, мәдениет пен тағы басқа да халықтардың өзара іс-қимылы ретінде түсіндіріледі. Бұл этностардың өмір сүруінің материалдық және рухани жағдайлары, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыру жөніндегі қатынастар. Тар мағынада – бұл әртүрлі ұлттардың тұлғааралық қатынастары, олар да түрлі қарым-қатынас салаларында – еңбек, отбасылық-тұрмыстық, сондай-ақ көрші, достық және басқа да бейресми қарым-қатынас түрлерінде болады. Ал конфессияаралық қатынастар – бұл конфессиялар (бағыттар) арасындағы да, негізгі әлемдік діндердің ұстанушылары қоғамдастықтарының арасындағы да қатынастар. Қоғамдағы конфессиялар ұсынылған идеология, дін қызметкерлері, бір топ діндарлар, сондай-ақ оларға түсіністікпен қарайтын адамдар. Өткен уақыттарда адамдардың діни қатыстылығы қоғамдық өмірдің маңызды факторы болды, бұл қазіргі әлемде де солай қалып отыр. Конфессиялар мен этностық топтардың алуан түрлілігіне тән қоғамдастықтардың тұрақтылығы конфессияаралық қатынас-

тарға байланысты. Конфессиялар арасындағы келісім – бейбітшілікті сақтау үшін және олардың жайлы өмір сүруіне қажетті шарт.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан этникааралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту стратегиясы демократияны дамытудың әлеуметтік базасын қамтамасыз етуге бағытталған. Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Жолдауында «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» деген болатын. Бұл қағидат Қазақстанның ел бірлігі доктринасының шеңберінде де жүзеге асырылуда – этникалық шығу тегіне, нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, сондай-ақ қандай да әлеуметтік топқа немесе қоғамдық ұйымдар мен партияларға жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы теңдігін қамтамасыз ету болып табылады [1].

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін дәлелдеді. Мемлекет бастапқыдан барлық этностар үшін мемлекетті қалыптастыру мүмкіндігін беретін Қазақстанда тұратын халықтардың мүдделерін біріктіру, этностық емес, азаматтық қоғамды қалыптастыру пайдасына таңдау жасады. Кофи Аннан Қазақстан Республикасына сапары кезінде «басқа мемлекеттер үшін ұлтаралық келісімнің, тұрақтылықтың, орнықты дамудың үлгісі» деп атады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI-сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді [2]. Сол себепті, этносаралық қатынастарды жетілдірудің өзекті мәселелерінің бірі этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оған тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Бұл мәселе қазіргі таңда ерекше назар аударуды қажет ететін өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелер ішінде басты орындардың біріне ие болуы тегін емес. Этносаралық қатынастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани аспектілерінен бөлек, жалпы қарым-қатынас мәдениетінсіз және, әсіресе, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінсіз этносаралық қатынастарды салауаттандыру мүмкін емес.

Демек, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан гуманизм мен патриотизм сияқты биік адами қасиеттер, ізгілік пен әдептілік, байсалдылық пен сыпайылық, оң пиғыл мен ақ ниеттілік, шыншылдық пен әділеттілік, қайырымдылық пен адамсүйгіштік және т.б. сияқты қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық мәнері көрініс табады.

Яғни, осының барлығы берілген мәселенің таңдап алынуын бірқатар ой-пайымдар шарттастырғанын айғақтайды, олар: біріншіден, көпұлтты қоғамымыздағы этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің теориялық және тәжірибелік аспектілерін тұжырымдаудың маңыздылығы; екіншіден, «этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» сияқты күрделі категорияны саясаттанулық-тұжырымдамалық талдаудың күрделілігі; үшіншіден, әрбір адамның саналы іс-әрекеті ретіндегі этносаралық қарым-қатынас мәдениеті ережелерін бекіту талабы; төртіншіден, қоғамның саяси-рухани өмірінің, оның мәдениетінің, соның ішінде, адами қатынастар мәдениетінің табиғи құрамдас бөлшегі ретіндегі этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және бекіту процесін ашу қажеттігі; бесіншіден, «қоғамдық тұрақтылық пен ынтымақтастық», «ұлтшылдық пен шовинизм көріністеріне төзбеушілік», «ұлттық ар-намысты құрметтеу», «мінез-құлық мәдениеті», «халықтардың өзара түсіністігі», «толеранттық және этносаралық келісім» сияқты ұғымдардың ажырағысыздығын көрсетуге ұмтылыс; алтыншыдан, ұлттық қатынастардағы ұлттық пен жалпыадамзаттықты үйлестіруде этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қызметі мен орнының маңыздылығын ашу қажеттігі туындайды.

Сондықтан, қазіргі жастардың бойында этносаралық қарым-қатынас мәдениеті этносаралық қатынастарды салауаттандырудың қуатты тетігі қызметін атқару талабынан туындайды. Белгілі ғалым Р.Б.Әбсаттаровтың дұрыс атап көрсеткеніндей, «Бұл мәселені барынша толыққанды зерттеу үшін ұлттық даму және этносаралық қарым-қатынас мәдениеті тұжырымдамасын жасаудың зор маңызы бар. Бұндай тұжырымдама Қазақстан халықтарының дамуы мен бірлесуінің жаңа сапаларын ашуға жағдай туғызып, сонымен бірге, олардың сана-сезімінің өсуіне септігін тигізеді» [3]. Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті көпұлтты қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттықты үйлестірудің маңызды шарты болып табылады. Яғни, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті біздің өмір салтымыздың барлық кырларымен тығыз байланысты.

Жастардың этносаралық қарым-қатынас мәдениетін, патриоттық сезімін қалыптастыру жөнінде ғалымдар мен саясаттанушылар Р.Б. Әбсаттаров, Л.Н. Коган, Т.С. Сәрсенбаев, С.М. Борбасов, В.Х. Баймұрзаева, Ғ.Е. Есім, А.М. Жүнісов, А.Н. Нысанбаев, Д.К. Кішібеков және т.б. өздерінің еңбектерінде қарастырған [3,4,5].

Жас ұрпақты толеранттылыққа, этносаралық татулыққа, ұлтаралық қарым-қатынасқа тәрбиелеу мәселелері гуманитарлық ғылымдар жүйесінде жан-жақты зерттелу үстінде. Бұл мәселелер белгілі қоғам қайраткерлері М.Қозыбаев, А.Қалмырзаев, А.Айталы, Ә.Кекілбаев, Г.Нұрымбетова, т.б. зиялылар мен ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты [6].

Қазақстанда қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндер арасында орнықты қарым-қатынас үлгісі қалыптасты. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалық міндетіне кірісуі кезінде сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі – бүкіл әлемдегі түрлі конфессиялар арасындағы қарым-қатынас ісіне Қазақстанның қосқан қомақты үлесі» деген болатын [7].

Демек, Қазақстанда қоғамдағы жасампаздық пен келісім жағдайын және тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі қалыптасты. Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, «біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі – ол әр түрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуінің бүкіл әлемдік процессіне Қазақстанның қосқан шынайы үлесі». Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі дінаралық қатынас саласында мемлекеттік сарабалда саясат жүргізіліп келеді [7].

Жалпы этнос құрылымының күрделілігі этникалық топтар арасындағы өзара қарым-қатынастың көптүрлілігін анықтайды. Бұл мәселенің бір бөлігі қазіргі әлемдегі ұлтшылдықты түсіну болып табылады. Ғылымда этностар арасындағы өзара қарым-қатынастар «ұлттық қатынастар», «ұлтаралық қатынастар» ұғымдарымен анықталады. Батыс әлеуметтануында «нәсілдік және этникалық қатынастар әлеуметтануы» термині қолданылып жүр.

Этникааралық қатынастарда әртүрлі салаларды қамтитын осы шақ та, өткен уақытта да мүдделер көрініс табады; өзара іс-қимыл тек қана іс-әрекеттерде ғана емес, сонымен қатар көзқарастарда, мақсаттарда, құндылық бағдарларда да іске асырылады. Этносаралық ұстанымдар өзара іс-қимылдың – оң немесе теріс – бөгде этностармен ортақтастық ұстанымы, олардың өкілдерімен кез келген өмір сүру саласында және кез келген түрде (жеке қарым-қатынас, басқа этностармен байланысты түрлі құбылыстарды қабылдау) өзінің және бұрынғы ұрпақтардың тәжірибелерін жинақтайды. Этностардың дәстүрлі мәдениетінде негізделген ұлттық стереотиптер ерекше рөлге ие. Этносаралық қатынастарға көптеген факторлар әсер етеді: тарихи (одақтар, қосылу, жаулап алу, депортациялар); саяси (мемлекеттік құрылым формасы, басқару нысандары, саяси элиталардың өзара қарым-қатынастары); әлеуметтік (қоғамның этникалық және әлеуметтік стратификациясының арақатынасы, әлеуметтік мобильділіктің айырмашылықтары); мәдени (мәдениеттердің жақындығы, дәстүрлер, тілдер және т.б.); психологиялық; ахуалдық және т.б. Қоғамның, экономиканың тұрақты жай-күйі, азаматтардың әл-ауқатын арттыру, халықтар арасындағы тату көршілік немесе достық қарым-қатынастарға бағытталған мемлекеттің ұлттық саясаты олардың жақындасуына, өзара қарым-қатынасына, интеграциялық үдерістерді кеңейтуге, әртүрлі этностар өкілдерінің рухани келбетін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

2002 жылғы 26-сәуірдегі бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы [2] және Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында этносаралық және патриоттық тәрбие беру жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойында жоғары ұлттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен Конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеуді, білім жүйесінің ұлттық үлгісін тиімді дамытуды көздейді.

Сол себепті, этносаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттық қоғамдық-саяси өмір сияқты ұдайы қозғалыста болады және қоғамның, халықтың немесе ұлттың дамуына орай, сәйкесінше өзгерістерге ұшырап, адамдар өмірінің жаңа кезеңінде қолайлы жаңа түрге, сипатқа немесе міндеттерге ие бола отырып, ұрпақтан ұрпаққа өтеді. Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қатынастар әр алуандығымен ерекшеленеді. Көп ұлтты мемлекеттің маңызды міндеті – этносаралық қатынастарды оптимизациялау. Халықаралық қатынастар субъектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте ғана емес, дүниежүзілік деңгейде де көп этносты және көпконфессиялы елдер қатарына жатады. Зерттеліп отырған мәселені көптеген авторлар кешенді мәселе тұрғысынан да, сондай-ақ, көпжоспарлы мәселе тұрғысынан да қарастырады. В.А. Скуратовскийдің «Культура межнационального общения: проблемы регулирования и саморегулирования» атты монографиясында этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды реттеудің әлеуметтік-философиялық мәселелері, методологиялық аспектілері, қызметтері мен принциптері және т.б. тұжырымдалады [8]. Я.Н. Коган өз еңбегінде этносаралық қарым-қатынас мәдениетіне тән сипаттар ретінде әрбір халықтың тілін, демократиялық дәстүрлерін, салт-ғұрыптарын, мәдениетін

құрметтеушілікті, адамдарды ұлттық тегінен тыс, істеріне, жеке басының қасиеттеріне қарай бағалай білуді, кез-келген ұлтшылдық пен шовинизм көріністерімен келіспеушілікті атайды. И.Серованың «Культура межнационального общения» деген монографиясы да этносаралық қарым-қатынас мәдениеті мәселелерін зерттеуге арналған. Бұл ұғымның мазмұнына ол мыналарды жатқызады: «а) әр түрлі ұлттар өкілдерінің өзара қатынастарын реттеп, барлық мүшелердің атқаруы үшін міндетті болып табылатын, заң дәрежесіне көтерілген нормативтік талаптар; ә) жалпыадамзаттық бауырластық мұраттары, өзге халықтарға деген құрмет мұраттары көрініс тапқан әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара қатынастардың күнделікті қарым-қатынас процесінде қалыптасқан дәстүрлі нормалары; б) тұлғааралық қатынас жағдайындағы тұлғаның интерұлттық негізінде әлеуметтік бағытталған мінез-құлықтық мінездемесі мен осы талаптарға сәйкес мінез-құлық сипаты, стилі және деңгейі» [8]. Басқаша айтқанда, монография авторы этносаралық қарым-қатынас мәдениеті адамның мінез-құлқы мен оның әлеуметтік өмірдің барлық негізгі салалары – өндірістегі, тұрмыстағы, демалыс саласындағы, тікелей тұлғааралық қатынастардағы өзге ұлт адамдарымен өзара қатынастарының әлеуметтік реттеушісі болып қызмет ететіндігін негізге алады.

Біздің пікірімізше, «этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы – бұл әрбір халықтың мәдениеті, тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрлеріне деген саналы сый-құрметі, интеллектуалды күш-қайратымен өзінің ғана емес, сондай-ақ, басқа да халықтардың мәдени, рухани құндылықтарын тануға ұмтылысы, ұлттық сезімге, ар-намысқа деген сыйластықты қатынасы, өзге ұлт адамдарына деген ізгі ниет, жоғары мәдениет пен сый-құрметі. Осыған орай, зерттеу жұмысындағы ұлттар мен ұлыстар қарым-қатынасы мәдениеті екі деңгейде көрініс табатынын атап өткен жөн. Біріншісі – этносаралық қарым-қатынас мәдениеті, ал екіншісі – ұлтшілік (ұлттық) қарым-қатынас мәдениеті немесе қарым-қатынас мәдениетінің ұлттық формасы. Ұлтшілік қарым-қатынас мәдениетіне әлдебір халықтың ұлттық өзіндігінің ерекшеліктері жатады. Оның мазмұны әрбір халықтың тарихи дамуының қайталанбас ерекшілігімен, оның тіршілік ортасы ерекшеліктерімен айқындалмай қалмайды. Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның, халықтың, тұлғаның рухани өмірінің белгілі бір құрылымдық компоненті болып табылады. Ол түрлі ұлт өкілдерінің рухани байланысы деңгейін сипаттайды, бұл ретте ол этносаралық қатынастар нәтижесі ретінде танылады.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті дамуының саяси-әлеуметтік негізі Қазақстанның барша халықтары дамуының тұрақтылығының маңызды факторы болып табылатын әлеуметтік әділдіктің іс-тәжірибе жүзінде орнығуымен сипатталады.

Жалпы қарым-қатынас мәдениетінің сыпайылық, әдептілік сияқты кішігірім талаптарын бұзушылық, басқа ұлт адамдарына дөрекілік, немқұрайлылық, рақымсыздық танытушылық этносаралық қарым-қатынасқа ұлтшілік қарым-қатынасқа қарағанда, зор моральдық кесірін тигізеді. Алайда, жоғары этносаралық қарым-қатынас мәдениеті тек гуманизм, достық және ынтымақтастық принциптеріне негізделеді деп есептеу адасушылық болар еді. Оның іргелі негізі - материалдық және рухани өндіріс нәтижелерімен алмасушылық өндірісіндегі сұраныс пен ұсыныстың сәйкестігі, өзара мүдделілік, салауаттылық пен жалпыға ортақ ынтымақтастық нормаларына, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық ниеттестікке бағдарланушылық болып табылады. Осылайша, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізгі міндеті – адамды оның шығармашылық күш-қарымын ашатын, ілгері дамуын қамтамасыз ететін гуманистік типті этносаралық қарым-қатынастарды тұтынушы әрі тудырушы ретінде қалыптастыру деп санауға болады. Бұл күрделі мәселені зерттеу барысында Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынас мәдениеті – бұл өркениетті тұлғаның қоғамдық санасының бөлшегі болып табылып, оның моралі мен психологиясының маңызды жағын құрайтын қасиеті екендігі туралы мәнді тұжырымдар жасалады. Тұлғаның, оның еркіндігінің дамуы, оның ой-өрісінің кеңеюі этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұны көптеген факторлар шарттастырады, бұл жерде тығыз диалектикалық тұтастықта алынған жақсы ойластырылған экономикалық стратегия, күшті әлеуметтік саясат және мақсатқа сай идеялық-тәрбиелік жұмыс зор маңызға ие, бұндай тұтастықсыз қойылған міндеттердің ешбірі, оның ішінде, этносаралық қатынастарды одан әрі үйлестіру міндеті шешіле алмайды.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы ұлттар мен ұлыстардың экономикасы, мәдениеті, тұрмысы, білім-ғылым жүйесінің дамуы негізінде жүреді. Онда халықтардың күллі рухани байлығы шоғырланған. Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті мазмұнында олардың мүдделері мен мақсаттары, тарихи тағдырларының ортақтығы көрініс тапқан. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі жалпыадамзаттық халықтардың экономикадан бастап рухани салаға дейінгі өмірдің барлық салаларындағы тығыз байланыстары мен достық ынтымақтастық қатынастары барлығына сілтейді. «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы мазмұнынан адамдардың өз халқына тиістілігі сезімін, олардың жалпыадамзаттық құндылықтарға тартылушылығын, басқа ұлттардың рухани байлығына деген сый-құрметін, олардың тағдырларына қатынастылығы сезімін, тағы басқаларды алып тастауға болмайды.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың өзара қатынастары процесі халықтар өмірінің барлық салаларында жүреді. Көпқырлы халық тұрмыс-тіршілігінің көпұлтты қоғам мүдделеріне толық сәйкесетін ортақ қарым-қатынас және мінез-құлық сипат-белгілері дамып, жетіледі.

Ғалым Г.Р. Нұрымбетованың атап өткеніндей: «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті белгілі бір құрылымдық тұтастықты құрайтын нормалар, ережелер, сондай-ақ, саяси, құқықтық және гуманитарлық құндылықтар жиынтығымен сипатталады. Бұл, өз кезегінде, қарым-қатынас мәдениеті феноменіне этносаралық қарым-қатынасты ұтымды, өнімді түрде реттеуге қабілетті құрал маңызын дарытады» [9].

Осылайша, зерттеу жұмысында жоғарыда айтылғандардан этносаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың бірлігі – күрделі процесс деген тұжырым жасауға болады. Ол мазмұн мен форманың диалектикасы арқылы ашылады. Форма мазмұнды емес, мазмұн форманы айқындайтындықтан, рухани мәдениетте де айрықша-ұлттық формалардың көптүрлілігі жалпыадамзаттық, гуманистік мазмұнмен айқындалады. Бірлік тұтастай алғандағы әрбір ұлттар мен ұлыстардың мүдделерінің, оның ішінде, рухани да мүдделерінің дұрыс үйлесуін дiттейдi.

Біздің пікірімізше, көпұлтты қоғамымыздың этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің тарихи дамуы, қалыптасуы және орнығуының әрбір кезеңіне дұрыс, ғылыми негізделген және шынайы баға берудің мемлекеттің ұлттық қатынастар саласындағы саясатын тұжырымдап, жүзеге асырудың зор теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Осыған орай, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясында: «Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңше этносаралық қатынастар проблемалары сіздердің бүгінгі таңдағы зерттеулеріңіздің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этникааралық қатынастардың қалыптасуының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізудің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет» - деген еді [2]. Біздің қоғамымыздағы этносаралық қарым-қатынас мәдениеті ұлт өкілі ретіндегі әр адамның шығармашылық мүмкіндіктерін ашуды, сонымен қатар, ұлттардың өздері мен ұлттық қатынастардың жасампаз күш-қарымын анықтауды дiттейдi. Жоғары деңгейдегі этносаралық қарым-қатынас мәдениеті ұлттық факторды есепке алу туралы ғана емес, сонымен бірге, оның күш-қорын экономикалық және рухани байлықты жаңғырту мақсатында жүзеге асыру туралы мәселені көтеруге жағдай жасайды.

Міне, сондықтан да, жаңа заман, яғни, жаһандану кезеңіндегі жаңаша саяси ойлау жағдайында этносаралық қарым-қатынас мәдениеті, жалпыадамзаттық және ұлттық мүдделер, нормалар, принциптер, гуманистік құндылықтар өзекті мәселелерге айналады. Демек, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті принциптерінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде түрлі ұлттар өкілдерімен қатынастарда әдептілік, сыйқұрмет, кішіпейілдік, сыпайылық, тілеулестікті сақтау сияқты өнегелік талаптары көрінеді. Сондықтан оқушы жастарды қандай да бір ұлт өкілдеріне, олардың ұлттық мәдениетіне, тіліне, әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне менсінбеушілікпен қарау, дөрекілік, немқұрайдылық, әдепсіздік таныту ұлттар мен этносаралық қатынастардың дамуына кесірін тигізуі ықтимал.

Біздің пікірімізше, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті принциптерін қоғамымызда тұрақталған және жалпыадамзаттық мәнге ие негізге алынатын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде айқындауға болады. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің нормативтік жүйесі демократия, этносаралық келісім мен патриотизм принциптерін, жалпыадамзаттық негіздер нормалары мен принциптерін бойында тұтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам, «Егеменді Қазақстан», 2012 ж. 10 шілде, 3б.

2. Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 21 қазан, 5-бб.

3. Абсаттаров Р.Б. Воспитание казахстанского народа: вопросы теории и практики // Актуальные вопросы общественной жизни. Сборник статей. – Алматы, 1994. – С. 67-

4. Сарсенбаев Т.С. Культура межнационального общения. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 72 с.

5. Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. Монография. – Семей: Семей пед-қ институты, 1995.–180 б.

6. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің өзекті мәселелері // Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. - № 3(31). – 32-35 бб.

7. Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз. Қазақстан Республикасы Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан. 2009 жыл, 27 қазан, 4-4б.

8. Арзықұлов А. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі және оның қалыптасуының алғышарттары //Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы /Жауапты редактор Б.Қ.Сұлтанов. – Алматы: ҚР Елбасының жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 16-22 бб.

9. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. Монография. – Алматы, 2005. – 272 б.

МРНТИ 15.01.11

А.Қ. Егенисова¹, А.М. Қайнарбай²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы КМТИУ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада психологиялық денсаулық мәселесін зерттеген ғалымдардың салыстырмалы пікірлері, адам ағзасының «үшінші жағдайы» талданады. Денсаулық түсінігіне анықтама беріліп, қазіргі кездегі денсаулықтың бірнеше түрлері: физикалық денсаулық, соматикалық денсаулық, психикалық денсаулық, рухани денсаулыққа сипаттама беріледі.

Сонымен қатар, психологиялық денсаулықтың өлшемдерін саралап, сөз еткен. Денсаулыққа жағымды әсер ететін факторларды бұлшықет қимылдарының белсенділігі, еңбек пен демалысты дұрыс ұйымдастыру, дұрыс тамақтана білу т.б. бірнеше топқа бөліп, айтып өткен.

Кілтті сөздер: денсаулық, психикалық денсаулық, психологиялық денсаулық, тұлғалық денсаулық, рухани денсаулық, жанның саулығы, «үшінші жағдайы», соматикалық денсаулық.

Егенисова А.К.¹, Қайнарбай А.М.²

^{1,2}КГУТИ имени Ш.Есенова

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ

Аннотация

В этой статье приводятся сравнения зарубежных и отечественных ученых, изучавших психологические проблемы со здоровьем, и «третий случай» человеческого организма. Определяется концепция здоровья и описывается несколько типов здоровья: физическое здоровье, соматическое здоровье, психологическое здоровье и психическое здоровье.

А также проанализированы параметры психологического здоровья. Факторы, влияющие на здоровье, включают активность мышечной деятельности, правильную организацию работы и отдыха, правильное питание и т. д.

Ключевые слова: здоровье, психическое здоровье, психологическое здоровье, личностное здоровье, духовное здоровье, здоровье души, «третье состояние», соматическое здоровье.

Yegenissova A.K. ¹, Kaynarbay A.M. ²

^{1,2} CSUTE named after Sh.Yessenov,

PSYCHOLOGICAL FEATURES FORMATION PSYCHOLOGICAL HEALTH

Abstract

This article provides comparisons of foreign and domestic scientists who have studied psychological health problems and the “third case” of the human body. The concept of health is defined and describes several types of health: physical health, somatic health, psychological health and mental health.

He also analyzed the parameters of psychological health. Factors affecting health include muscle activity, proper organization of work and rest, proper nutrition, etc.

Key words: health, mental health, psychological health, personal health, spiritual health, soul health, “third state”, somatic health.

Қазіргі күнге дейін денсаулық деген түсініктің біркелкі алынған дәлелді анықтамасы болмағандықтан, адамдардың денсаулығына дұрыс баға беру біршама қиындық туғызады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (1958) жарғысы бойынша, денсаулық деп «аурушандық пен дене бітімінде кемшіліктердің бар не жоғы ғана емес, сонымен қатар, адамдардың толық физикалық, әлеуметтік және рухани қолайлы жағдайларын» түсінеміз.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: «психикалық денсаулық» (Б.С. Братусь), «психологиялық денсаулық» (И.В. Дубровина), «тұлғалық денсаулық» (Л.М. Митина), «рухани денсаулық» (Ю.А. Кореляков), «жанның саулығы» (О.И. Даниленко) және т.б. [1]

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады.

Қазіргі кездегі заманның экологиялық жағдайы осы уақытта өмір сүріп келе жатқан жаңа адамдарға ерте ме, кеш пе әйтеуір адам ағзасына «үшінші жағдайды» туғызатыны сөзсіз Үшінші жағдай. «Үшінші жағдай» терминің ең алғаш ғылымға енгізген ежелгі римдік дәрігер Гален болды. Қазіргі кездегі заманның экологиялық жағдайы осы уақытта өмір сүріп келе жатқан жаңа адамдарға ерте ме, кеш пе әйтеуір адам ағзасына «үшінші жағдайды» туғызатыны сөзсіз.

Адам ағзасының «үшінші жағдайы» дегеніміз – кейбір адамдар ауру да емес, сау да емес жағдайда болуы. Ондай адамдар қазіргі кезде көп кездеседі. Мұның бірнеше себептері немесе атрибуттары бар. Адам ағзасының «үшінші жағдайға» келуінің бірінші себебі (атрибуты) – адамдардың рационалды (жүйелі) түрде тамақ ішпеуі. Қолына не түссе соны тамақ етіп жүре беруінде. Ондай кездейсоқ тағамдардың қуаты (калориясы) жеткілікті болғанымен, ондағы биологиялық белсенді (активті) заттардың (витаминдердің) жетіспеуі мүмкін. Сонымен бірге тағамның құрамы адам ағзасына сайма-сай келмеуі де сөзсіз. Міне, осы айтылғандардың бәрі адам ағзасының «үшінші жағдайға» ұшырауына алып келетіні ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Салауатты өмір сүрмегендіктен адам ағзасы «үшінші жағдайға» келеді де әдетте, ондай адамдар мөлшерден тыс толып кетеді. Өйткені тағам ішіндегі химиялық энергия толық түрде іске аспай, адам ағзасына май ретінде жинала береді. Мұның өзі адам ағзасының «үшінші жағдайға» ұшырауына алып келеді. Адам ағзасына жиналған май адам ағзасын не суықтан, не ыстықтан қорғай алмайды. Ол балласт ретінде саналады. Мұндай адамдар қазіргі кезде өте көп кездеседі. Олар «үшінші жағдайларда» жүргендердің қатарына жататыны сөзсіз. Ал, адам, жан-жануарлар ағзасына жиналған май, бірнеше биологиялық функцияларды атқарады. Мысалы, киттердің ағзасына қалыңдығы 1 - 1,5 метрге дейін май жиналады. Ол майлар киттерді мұхиттың суық суынан қорғайды. Ал, аюлардың ағзасына жиналған майлар аю қысқы ұйқыға кеткенде оған қоректік зат ретінде пайдаға асады. Қорыта айтқанда, адам ағзасына жиналған майлар адамдарды «үшінші жағдайға» әкеп соқтырады [2].

Ал, «үшінші жағдайдан» адам ағзасы неше түрлі қатерлі ісіктерге, қауіпті дерттерге қарсы тұра алмайды. Өйткені ағзаның иммундық қасиеті жойылып кеткеніне қаншама уақыт өтіп кетті десеңізші. Түнде жұмыс жасайтын адамдардың ағзалары «үшінші жағдайға» тез ұшырайды, адам ағзасындағы альфа-ритм деген құбылыс бұзылып кетеді де, ағза «үшінші жағдайдың» тууын қамтамасыз етеді.

Денсаулық – бұл өз мәні бойынша күрделі, жүйелі ұғым. Медицина ғылымы дәстүрлі түрде патология, яғни денсаулық жоғалған кездегі жай-күй мәселелерімен айналысып келді, бірақ шипагерлік мақсаты тек емдеу ғана емес, керісінше адамға денсаулық жай-күйін қайтару. Психикалық денсаулық мінездемелер туралы әдебиеттерде көптеген мысалдар келтірілген. Декарт жан денсаулығын, ал Гельвеций ақыл-ұқсастық пен айырмашылықтың көзі дейді. Ал А.Ф. Лазурскийдің айтуы бойынша тұлғаның денсаулығы – әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан саулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, моторлық функциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

1948 жылы дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысындағы кіріспе сөзбасында көрсетілген анықтамаға сәйкес, денсаулық – бұл тек аурулар мен физикалық кемшіліктердің жоқтығы ғана емес, сонымен қатар ол адамның толық физикалық, жан саулығы және әлеуметтік сау күйі. Басқаша айтқанда, денсаулық – ол тек медициналық диагноз емес, оны бағалауға және оған әсер етуге болатын физикалық және әлеуметтік өлшемдер жиынтығы.

Норманың жас шамасы мен жыныстық көрсеткіштерінен ауытқулар тіркелмеген адам, абсолюттік дені сау адам болып есептеледі. Кейбір ауытқуларға қарамастан органның тиісті жағдайларында, еңбек жүктемелерімен қатар ағзасы жақсы жұмыс істейтін адамды іс жүзінде дені сау адамдарға жатқызады.

Психологиялық денсаулық туралы қазіргі түсініктерді қарастыруды жалғастырсақ, денсаулықтың психологиялық деңгейінің мәні физикалық денсаулықтың алғышарттары ретінде Г.С. Никифоровтың еңбектерінде көрсетіледі. Автордың айтуынша, денсаулық толық көлемінде тек әртүрлі деңгейлерде ғана қарастырыла алады: физикалық, әлеуметтік және психологиялық. Осы аталған барлық деңгейлер өзара байланысады және бір-біріне әсер етеді. Денсаулық психологиясының қағидаларына сүйене отырып, әсіресе психологиялық денсаулық физикалық денсаулықтың алғышарты болатындығын болжауға болады. Егер генетикалық факторлардың немесе табиғи апаттардың, қираулардың және т.б. әсерін жоққа шығаратын болсақ, онда психологиялық дені сау адам физикалық тұрғыда да сау болуы мүмкін. Г.С. Никифоров психикалық пен соматикалықтың арасындағы өзара байланыс медицинада ежелден белгілі болғандығы туралы жазады: «Көзді бассыз, басты денесіз емдеу, тәнді жансыз емдеу сияқты қате болып табылады» (Сократ). Ары қарай Г.С. Никифоров қазіргі кезде барынша жетілдірілген бағыт бар деп көрсетеді [3]. Ол психиканың дене қызметтеріне ықпал ету механизмдерін қарастыратын, психосоматикалық бұзылуларды жүйеге келтіретін, оларды емдеудің және алдын алудың әдістерін анықтайтын психо-соматикалық медицина. Психосоматикалық аурулар спектрінің кеңею тенденциясын байқауға болады, яғни ғылымның дамуына қарай, психикалық аурулардың саны да артқан. Психикалық бейімділіктің негізінде пайда болған аурулардың мысалы ретінде ол жүрек-тамыр жүйесінің ауруларын келтіреді (вегетативтік-тамыр дистониясы, жүрек ырғағының бұзылуы), ішек-қарын жолының бұзылулары (асқазан және ұлтабар жарасы), жалған неврологиялық бұзылулар (психикалық гипертензия, бастың психогендік аурулары) және т.б. Онкологиялық аурулардың кейбір психикалық шарттастықтары туралы жазылған зерттеулер бар. Ал жағымды мысал ретінде – психикалық фактордың аурудың пайда болуына емес, адамның толыққанды қызмет атқаруына әсері – 80-90 жасқа дейін аман-есен жеткен адамдардың психологиялық мінездемелерін зерттеген Джюэтт зерттеулерінің нәтижелерін келтіруге болады. Олардың барлығы болашаққа сеніммен қарап, эмоционалдық сабырлықты сақтаған, қуану қабілетіне ие болып, күрделі өмірлік жағдайларға бейімделе білген екен. Бұл көптеген зерттеушілермен көрсетілген психологиялық дені сау адамның «кейпіне» тән келеді.

Қазіргі кезде денсаулықтың бірнеше түрі бар екені белгілі болды. Олар:

1. Физикалық денсаулық – ағза жүйесі мен органдардың өсу деңгейі. Оның негізін морфологиялық және функциялық кезектер қалайды. Олар ағзаның бейімделу реакциясын қамтамасыз етеді.

2. Соматикалық денсаулық – адам ағзасы мен органдарының арасындағы биологиялық жағдайы. Оның негізін ағзаның жеке басы дамуының биологиялық бағдарламасы реттейді.

3. Психикалық денсаулық – адамның психикалық сферасының жағдайы. Ауруды болдырмау, адекватты реакцияларды жасау. «Адам өмірінің мақсатын болжау, мұның бәрі биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Ағзасында функциялардың өздігінен реттенуі, функциялық үрдістердің келсімді түрде өтуі, айналаны қоршаған сыртқы орта факторларының әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы.

4. Рухани денсаулық – ол адамдардың информацияны қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді. Физикалық, соматикалық, психикалық және рухани денсаулықтардың өздерінің жинақталған көрсеткіштері мен критерийлері болады [4].

1. Соматикалық және физикалық денсаулықтың критерийі мен бәрін «өзім жасай аламын» деп көрсететін критерий.

2. Психикалық денсаулықтың критерийі – маған қажет заттардың. Бәрін «өзім тауып аламын»;

3. Рухани денсаулықтың негізгі критерийі – мен «өзім жасауым керек». Денсаулықты көрсететін негізгі белгілер:

1) адам ағзаларында арнаулы (иммунды) және арнаулы емес түрде пайда болып қалыптасқан денсаулық және оны бұзатын факторларға денсаулықтың қарсы тұра алатындығы;

2) ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіші;

3) ағзаның қор ретінде (резервте) жиналған және функционалды жағдайын сипаттайтын белгілер.

4) әр түрлі дефектілерге байланысты дамымай қалған немесе бір ауруларға сәйкес денсаулықтың болмауы және денсаулық деңгейі;

5) Моральді еріктің деңгейі және рухани-мотивациялық белгі. Адамдардың денсаулығы неге байланысты болады деген сауалға келетін болсақ, денсаулықты шартсыз түрде 100 пайыз етіп алсақ, оның 20% тектік факторларға, 20% айналаны қоршаған сыртқы орта жағдайларына, экологиялық факторлардың әсеріне, 10%; – денсаулық сақтау жүйелерінің әлсіздігіне байланысты болатыны анықталып отыр. Денсаулық сақтау жүйесі жақсы түрде қызмет жасайтын болса, және дәрі-дәрмектер жеткілікті болса, онда адамдардың денсаулығы арта түсетіні сөзсіз. Неше түрлі жұқпалы дерттерге адам ағзасы қарсы тұра алады. Өйткені адам ағзасы табиғаттың өзі ерекше түрде жаратқан құбылысы. Денсаулықтың 50%-інің

жақсы болуы адамдардың өздеріне байланысты болатынын медицина және биология ғылымдары ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шықты. Көптеген адамдар олардың ішінде жас жеткіншектер денсаулықтарын өздері бұзатыны байқалып отыр. Олар: ішімдік ішу, есірткі заттармен айналысу және токсикалық уларды иіскеу, немесе денелеріне жағумсн әуестену. Қандайда болмасын, олар адам өмірін өте қысқартып жіберетіні сөзсіз.

О.В. Хухлаева психологиялық және физикалық денсаулықтың өзара байланысы туралы мәселеге де назар аударады. «Психологиялық денсаулық» терминінің өзін қолданғандық адамдағы тәндік пен психикалықтың біртұтастығын, толыққанды қызмет ету үшін екеуінің де қажеттілігін көрсетеді. Соның нәтижесінде ол психологиялық дені сау адамның жалпыланған «портретін» құрайды. «Психологиялық дені сау адам – ол, алдымен, спонтанды және шығармашыл, жарқын және көңілді, ашық, өзін және қоршаған ортаны тек ақылымен ғана емес, сезімдерімен, интуициясымен де танушы адам. Ол өзін толығымен қабылдайды және оны қоршаған басқа адамдардың да құндылығы мен бірегейлігін мойындайды. Мұндай адам өз өмірі үшін жауапкершілікті, алдымен өз-өзіне жүктейді және жағымсыз жағдайлардан сабақ алады. Оның өмірі әнге толы. Ол үнемі даму үстінде болады және басқа адамдардың дамуына да ықпал етеді. Оның өмір жолы аса жеңіл болмауы да, кейде тіпті ауыр болуы да мүмкін, дегенмен ол өмірдегі болып жатқан өзгерістерге тез бейімделеді. Маңыздысы – ертеңгі күні болатын жағдайларға сене отырып, белгісіздік жағдайында да өзін ұстай алады».

Психикалық денсаулықтың жаңа тұжырымдамаларының аясында тұлға мәселесін қайта қарастыру Е.Р. Калигеевская, Ю.М. Орлов, Д.А. Леонтьевтің еңбектерінде бар. Олардың зерттеулерінде мәселеге табиғи-ғылым және гуманитарлық көзқарастардың синтезі көрсетілген, адамның құндылықтары мен өмірлік мәнді өлшемдері оның жағымды дамуының детерминанты ретінде зерттеледі.

Осылайша, біз психологиялық денсаулықты – қазіргі өркениетті қоғамның көптеген тұрғындары үшін өзекті мәселе, деп белгілей аламыз. Психологиялық денсаулық – бұл құрылымдық өмірлік сценарийлерді икемді, мобильді түрде құруға және оларды қарқынды өзгеріп жатқан, агрессиялы ортада табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, жаңа ақпаратты тиісті меңгеріп, қайта өңдеп және тудыру бойынша адам мен қоғамның іргелі қабілеті. Психологтардың айтуынша, тұлға өзінің өмірлік маңызды сұраныстарын қанағаттандыра алмаған кезде және күрделі әлемде жағымды қатынастар мен бейімдік мінез-құлықты сақтап, өмір сүруге әлеуметтік құзыретті болуға қабілетсіз болған жағдайда «психологиялық сырқат» пайда болады. Өз кезегінде, психологиялық денсаулық көбінесе соматикалық саулықтың негізін салушысы болып табылады. Әсіресе психологиялық денсаулық кәсіби денсаулықты дамытудың алғышарты болып табылады.

Психологиялық денсаулық мәселесін қарастыра отырып, бірнеше авторлардың ұсынған, психологиялық денсаулықтың өлшемдерін қарап өтелік. Психологиялық денсаулықтың өлшемдері болып келесі реттегілер саналады: жақсы дамыған рефлексия, стресске төзімділік, қиын жағдайларда өзінің қорларын таба білу, тұлғаның эмоционалдық және мінез-құлықтық көріністерінің толықтылығы (В.С. Хомик), өзінің ішкі болмысына сүйену (А.Е. Созонов, F.Pearls), өзін-өзі қабылдау және қоршаған ортадағыларға зиян келтірмей өз эмоционалдық мәселелерін шеше алу, өзінің әлді және әлсіз жақтары туралы анық хабардарлық ретіндегі «өзіндік ақиқат», адам жасайтын барлық іске мән беретін және басты мақсатты қамтыған құндылықтар жүйесінің болуы (G.Allport). Ю.П. Зинченко, И.С. Бусыгиналармен психологиялық денсаулық кәсіби іс-әрекеттің маңызды негізі ретінде қарастырылады және «кәсіби денсаулық» ұғымы іс-әрекетті тиімді атқаруға мүмкіндік беретін, қажетті және тиісті физикалық және психологиялық атқарымдықтың деңгейін көрсететін жағдай түрінде түсіндіреді [3].

Психологиялық денсаулықтың келесі өлшемдерін белгілейді:

– адам психикасының әр түрлі салаларында – эмоциялық, мотивациялық, айтуға мүмкіндік беретін және тұлғаның үйлесімсіздігі мен оның қоршаған ортамен байланыстан айырылуы сияқты ауытқуларды анықтайтын психикалық тепе-теңдіктің өлшемдері;

– психиканың барлық салаларының дамуы мен қызмет етуінің біркелкілігі ретінде түсінілетін, оның ұйымдасуындағы үйлесімдік, сонымен қатар олардың тығыз байланысы; өзінің ішкі тепе-теңдігін сақтай отырып, тұлғаның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті сияқты ұғынылатын, ағзаның бейімділік мүмкіндіктері.

– табиғи және әлеуметтік ортаға бейімділік; қалыптылық; адамның сабырлылығы мен тұрақтылығы;

– адамдар қауымдастығына үйлесімді түрде ену;

– нақты «Мен»-ді мінсіз «Мен» бейнесімен салыстыру. Нақты «Мен»-нің мінсізбен жоғары деңгейде сәйкес келуі адамның психологиялық денсаулығының нақты көрсеткіші болып саналады.

Психологиясы сау адам ауруды болдырмауы, ауырған күнде қайтседе одан сауығудың тәсілдерін пайдаланып, одан қандайда болмасын құтылады. Адамның ақыл-ойы, оның істеген ісіне, жұмыс жасау қабілеттілігіне әсер ететіні, керісінше адамның бір жері сырқаттанған болса, жоқ сырқаттарды өзі ойлап тауып білгір бола кетсе, онда оның психикасының тепе-теңдігі бұзылғаны дей бер. Мұндай сырқаттар

мен сырқаттанғандарды ядрогендік (өзін-өзі сендіруден болатын сырқат деп түсіндіреді. Кейбір жағдайларда ауыр күйзеліс жағдайды басынан еткізген немесе қатты ренжіген адамның сырқаттанатыны да кездеседі. Осы айтылғандардың бәрі дене (ағза) саулығын және әлеуметтік саулықты сақтау үшін психикалық саулықтың керек екенін аңғартады.

Сырқаттанған адамның көңіл-күйін көтеру, оның көңіліне (психикасына) жазылып кетемін деген психикалық ой-пікір тудыру, бұл дәрі-дәрмектерден артық баға жетпес дүние. Сонымен бірге сырқаттан жазылуына рухани сенім тудырып, көңіл-күйді көтере түседі. Ағзада ерекше қарсылық күші пайда болады. Яғни ерекше түрде дамыған жасырынып жатқан ағза күші ояна кетеді. Иммуитет дами түседі. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ғылыми деректеріне қарағанда, барлық сырқаттардың 45% күйзелістен туындайтыны байқалады. Сондықтан күнзелістің тетік-тегершігін анықтау, оның мүмкіндіктерін және күйзеліс қақтығыстарының алдын алу, оның зиянды әрекеттерінен аулақ болу керек. Күйзеліс ағзаның қорғаныс функциясында атқарған Г.Сельенің айтуына қарағанда, «күйзеліссіз өмір өлі». Ол эксперимент жүргізу үшін егеуқұйрықтарды алып, оларды үш топқа белген. 1-топтағы егеуқұйрықтарды үнемі күйзеліссіз жерде, тыныштықта ұстаған, ал екінші топтағы егеуқұйрықтарға қысқа мерзімді күйзеліс тудырып отырған. Үшінші топтағы егеуқұйрықтарға үздіксіз күйзеліс тудырған. Осының нәтижесінде: екінші топтағы жануарлар ұзақ жылдар бойы өлместен тіршілік ете берген. Осыдан келіп үлкен қорытынды жасаған. Қандайда болмасын күйзеліс қажет екендігін дәлелдеген.

Күйзеліс көзінде ағза көптеген гормондарды адреналин мен норадреналинды бөліп шығарады екен. Адамның қобалжуы денедегі адреналиннің көп мөлшерде бөлініп шығуына байланысты. Бұл биологиялық жағдайлардың барлығын жеңу үшін қоршаған ортаның жаңа жағдайларына ағзаның бейімделу қабілетінің деңгейін (резистенттігін) жоғары деңгейге жеткізу керек. Күйзелістік (стрестік) әсер алдымен орталық нерв жүйесін мазалайды, сипатикалық нерв жүйесінің мөлшерден тыс жұмыс істейтіндігін арттырады.

Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның организмінің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әр түрлі ауруларға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп дамуы, орташа жасы, т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбек ақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ [2].

Денсаулыққа жағымды әсер ететін факторлар бірнеше топқа бөлінеді.

1. Бұлшықет қимылдарының белсенділігі. Адамның барлық тіршілік әрекеті түрлі қимыл-қозғалыстар жиынтығынан тұрады. «Қозғалыс - тіршілік тірегі» деген ұғымда зор мән бар. Қозғалыс белсенділігі жұмыс істеу қабілетін арттырады, түрлі ауруларға қарсы тұруына көмектеседі. Тынысалу мүшелерінің жұмысын жақсартып, жүрек бұлшықеттерін шынықтырады, зат алмасудың қалыпты жүруін қамтамасыз етеді. Әсіресе спорт пен дене шынықтыру жаттығулары қозғалыс белсенділігін арттырады.

2. Еңбек пен демалысты дұрыс ұйымдастыру. Бұлардың денсаулық үшін маңызы зор. Адам өмірінде еңбек басты орын алады. Еңбек ету арқылы адам өзіне қажетті жағдайларды жасап алады. Шектен тыс еңбек ету ағзаның қажуына әкеп соқтырады. Сондықтан да еңбек ету мен демалысты дұрыс үйлестіре білу қажет. Бұл адам ағзасындағы барлық мүшелердің жұмысын жақсартады. Адамның ұзақ өмір сүруіне де септігін тигізеді.

3. Дұрыс тамақтана білу. Дұрыс тамақтанудың нәтижесінде аскорыту мүшелерінің жұмысы жақсартады. Адамның дұрыс өсіп дамуына, зат алмасу үдерістерінің қалыпты жүруіне жағдай жасайды және т.б. Адамның ұзақ өмір сүруінде дұрыс тамақтана білудің рөлі зор. Көбіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану, тамақтану ережелерін мұқият сақтау. Майлы етті тағамдарды шектеп пайдалануды естен шығармау қажет. Дұрыс тамақтану адамның дене салмағының бірқалыпта болуына жағдай жасайды. Артық салмақ аурудың пайда болуына әсер етеді. «Артық салмақ - аурудың белгісі» деген ұғым соны аңғартады. Адам денсаулығына халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері де жағымды әсер етеді. Мысалы, ораза ұстау – адам ағзасын қажетсіз заттардан тазартады. Балаларды сундетке

отырғызу – терінің таза болуына септігін тигізеді. Намаз оқу – тазалықты сақтап, буын қозғалыстарының белсенділігін арттырады. Әрбір адам өз денсаулығына қамқорлық жасап, үнемі көңіл бөліп отыруы тиіс. Ұзақ өмір сүрудің негізгі шарты - денсаулықты сақтау мен нығайту екенін естен шығармауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбаназарова Р.С., Төлешова Ұ.Б. Денсаулық психологиясы: Оқу құралы. – 116б.
2. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки: Учеб. пособие для вузов. – М.: Академия, 2003. – 280 с.
3. Никифорова Г.С. Психология здоровья: Учебник /Под ред.. – СПб: Изд-во СПб ун-та, 2006. – 230 с.
4. Егенисова А.Қ. Денсаулық психологиясы. – Ақтау, 2019. – 189 б.

МРНТИ:15.01.79

Б.К. Оспанова¹, Л.В.Мардахаев²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан

²Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті

Мәскеу қ., Ресей

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНА КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлаудың жағдайы қарастырылады. Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Білім беру саласы бойынша тұжырымдамалар негізінде ғылыми жұмыстардың мазмұны инклюзивті білім беру, ондағы мәселелерді психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі еңбектер қаралады. Отандық және шетелдік инклюзивті білім беру мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулер, тұлғаның қалыптасуы мен кәсіпке бейімделу үдерісі талданады. Соңғы педагогикалық зерттеулер білім беру саласындағы мамандарға заман талабына сай ерекше талаптар қояды. Ол талаптар бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде негізгі болып табылады. Болашақ мамандардың кәсіби даярлығы оның адамгершілік, коммуникативтілік, еріктік, зияттылық және т.б. кәсіби маңызды қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуынан көрініс береді. Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеуде, сонымен қатар педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесінің негізгі мазмұнын ашудағы зерттеулерді қарастыру шарт. Сондықтан мақалада студенттердің жоғары оқу орнында кәсіби бейімделу мәселелері бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары және олардың нәтижелері беріледі.

Кілт сөздер: білім беру, инклюзивті білім беру, бейімделу, кәсіби бейімделу, инклюзивті білім беру ортасы.

Оспанова Б.К.¹, Мардахаев Л.В.²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

²Российский государственный социальный университет, г. Москва, Россия

СОСТОЯНИЕ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ В ИНКЛЮЗИВНУЮ ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ СРЕДУ

Аннотация

В статье рассматриваются условия подготовки педагога-психолога к профессиональной адаптации в среде инклюзивного образования. Главное условие нашего устойчивого движения вперед-единство нашего общества в достижении поставленных целей, консолидация всех слоев и групп населения вокруг стратегии, направленной на решение общих задач. На основе концепций в области образования

рассматриваются труды по инклюзивному образованию, психолого-педагогической поддержке проблем в ней. Анализируются научно-педагогические исследования по проблемам отечественного и зарубежного инклюзивного образования, процесс становления личности и профориентации. Последние педагогические исследования предъявляют к специалистам в области образования особые требования, отвечающие современным требованиям. Эти требования являются основными в деле подготовки конкурентоспособных специалистов. Профессиональная подготовка будущих специалистов заключается в формировании на высоком уровне профессионально важных качеств его нравственности, коммуникативности, воли, интеллекта и др. Необходимо изучить состояние инклюзивного образования в высших учебных заведениях, а также рассмотреть исследования по раскрытию основного содержания вопроса подготовки педагога-психолога к профессиональной адаптации в среде инклюзивного образования. Поэтому в статье приводятся результаты исследований, проведенных студентами по вопросам профессиональной адаптации в вузе.

Ключевые слова: образование, инклюзивное образование, адаптация, профессиональная адаптация, инклюзивная образовательная среда.

Ospanova B.K.¹, Mardakhayev L.V.²

¹*Eurasian national university L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan*

²*Russian state social University, Moscow, Russia*

THE STATE OF PREPARATION OF A TEACHER-PSYCHOLOGIST FOR PROFESSIONAL ADAPTATION TO AN INCLUSIVE EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Abstract

The article considers the conditions of preparation of the teacher-psychologist for professional adaptation in the environment of inclusive education. The main condition for our sustainable progress is the unity of our society in achieving the goals, the consolidation of all layers and groups of the population around the strategy aimed at solving common problems. On the basis of concepts in the field of education, works on inclusive education, psychological and pedagogical support of problems in it are considered. The article analyzes scientific and pedagogical research on the problems of domestic and foreign inclusive education, the process of personality formation and career guidance. Recent pedagogical research makes special demands on specialists in the field of education that meet modern requirements. These requirements are fundamental in the training of competitive professionals. Professional training of future specialists consists in the formation at a high level of professionally important qualities of his morality, communication skills, will, intelligence, etc. It is necessary to study the state of inclusive education in higher education institutions, as well as to consider research on the disclosure of the main content of the issue of teacher-psychologist training for professional adaptation in the environment of inclusive education. Therefore, the article presents the results of research conducted by students on professional adaptation at the University.

Keywords: education, inclusive education, adaptation, professional adaptation, inclusive educational environment.

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіліктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекет халықтың жекелеген топтарымен және жекеше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыруы қажет дей келе, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамасымен республиканы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елдері қатарына енгізу туралы міндеті қойылды [1]. Осы мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды болып отыр. Білім беру саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі, қазақстандық білім беруді жетілдіруді жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қазіргі таңда жүзеге асырылуда [2].

Қазақстан Республикасында 2000 жылдардан бастап білім беру саясатында ерекше қажеттілігі бар балаларға қатысты жаңа бағыттар қалыптасуда, балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, білім беру, әлеуметтік қолдау және бейімдеудің тиімді жолдарын белсенді іздеу жүргізілуде. Жалпы білім беру жүйесіне

ерекше қажеттілігі бар балаларды дені сау құрдастарымен білім беру ортасына кіріктіру бойынша үдерістер енгізіле бастады. 2002 жылы алғаш рет посткеңестік кеңістікте Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы күшіне енді, онда тек арнайы білімге ғана емес, олардың қоғамдағы орнына да басқа көзқарасты көрсететін, осы санаттағы балалардың құқығын қорғауға қағида түрінде жаңа инклюзивті тәсіл бекітілген [3]. Заң әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдаудың формалары мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын [1]. Аталған міндеттер барлық қоғам алдында, әсіресе білім беру жүйесіндегі ұйымдарға үлкен талаптар қойып отырғаны анық. Жолдаудың өзекті міндеттерінің бірі «Денсаулығы жағынан мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бейімді білім ортасын жасау. Мұндай орта өз құрдастарымен қатар білім алу үшін қажет». Мүмкіндіктері шектеулі балалар білімдерінің жаңа мақсаттары педагогтарға жаңа талаптарды қойғызады. Білім беруді реформалау жағдайында жаңа тұжырымдамалы ойлайтын, болып жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістердің мәнін түсінетін педагог-психологтарды даярлау қажеттілігі туындайды. Еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта ерекше мұқтаж-дықтары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Алайда, осы жүргізілетін жұмыстарды атқаратын мамандар даярлау мәселесін қарастыру бүгінгі таңда өте өзекті мәселе.

2016-2019 жылдарға білім беру және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінің бірі ретінде педагогикалық кадрлардың сапалы құрамын жоғарылату; педагогтар кәсібінің мәртебесін жетілдіру және олардың сапалы құрамының жоғарылауы; бәсекеге қабілетті кадрлардың сапалы даярлығын қамтамасыздандыруы; әлемдік беталыстар мәнмәтінінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мазмұнының жаңаруы болып табылады. Сондай-ақ, осы бағдарламада: «Білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдаудың әлсіз жақтары болып: инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы мен педагог кадрларды даярлау сапасының жеткіліксіздігі» айқындалған. Себебі, *инклюзивті білім беру* – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үдерісінің дамуы [4].

Білім беру саласы бойынша тұжырымдамалар негізінде ғылыми жұмыстардың мазмұны инклюзивті білім беру, ондағы мәселелерді психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі бірнеше еңбектерде зерттелген. Отандық ғылыми-педагогикалық зерттеулерде: Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық негіздерін зерттеген: Р.А. Сүлейменова [5], инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлау мәселесімен З.А. Мовкебаева [6], жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды қосудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайының ғылыми-әдіснамалық аспектілерін А.А. Байтурсынова [7], ересектердің инклюзивті білім беру аймағында кәсіби оқытуын ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін А.Қ. Құсайынов, А.Х. Арғынов, Р.А. Жумаканова [8], мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық негіздері, ерекшеліктері мен инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби даярлық негіздерін И.А. Оралканова [9], А.К. Оралбекова [10] еңбектерінде инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық негіздері, мүмкіндіктері, ұйымдастыру, жүзеге асыру шарттары, болашақ мамандарды кәсіби бейімделуге даярлаудың негіздері мазмұндық көрініс алған.

Алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде инклюзивті білім беру жағдайы мен инклюзивті білім беру жүйесіне педагогтарды даярлау мәселесімен: D.L. Ferguson [11], G.Meyer, L.Jeanchild, L.Juniper [12], A.Galkiene [13], И.И. Лошакова, Е.Р. Ярская-Смирнова [14], И.В. Задорин, В.И. Михайлюк, А.С. Федоров, Е.Ю. Колесникова [15], В.В. Хитрюк [16], С.В. Алехина [17], Л.В. Мардахаев [18] айналысты. Бұл зерттеулерде инклюзивті білім беру жүйесіне педагогтарды даярлауда олардың психологиялық дайындықтары мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға аса мән берілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері

мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс» деп көрсетілген [19].

Жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог-психолог мамандар даярлығын қалыптастыру мәселесі кәсіби даярлаудың құрамды бөлігі ретінде көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды [20].

Студенттік шақтағы кәсіпке бейімделу кезінде үлкен нәтижелер көрінсе, соған орай студенттің мотивациясы жоғарылайды және кәсіп арқылы оның шығармашылық дамуы басталады, студенттің іс-әрекет мәнері, үлгісі, қарым-қатынасы, мінез-құлқы, қызығушылығы, құндылығы қалыптасады. Соңғы педагогикалық зерттеулер білім беру саласындағы мамандарға заман талабына сай ерекше талаптар қояды. Ол талаптар бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде негізгі болып табылады. Болашақ мамандардың кәсіби даярлығы оның адамгершілік, коммуникативтілік, еріктік, зияттылық және т.б. кәсіби маңызды қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуынан көрініс береді.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби даярлығын қалыптастыруда, тұлғадағы мамандыққа икемділік белгілі қызметке деген бейімділігінен де көрініс табады. Кәсіби даму үдерісі кәсіби жетістікке, оның кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сәйкес қанағаттануына байланысты. Зерттеудің диагностикалық мінездемесін айқындау мақсатында және ЖОО-дағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеуде, сонымен қатар педагог-психологты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесінің негізгі мазмұнын ашуда 1-4 курс студенттерінің арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеудің мақсаты ретінде ПДТ бар балалармен жұмыс жүргізуде инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлығы барысындағы зерттелушілердің топтарындағы заңдылықтарды қарастыру үшін Р.Кеттелдің тұлғаны көпфакторлы зерттеу әдістемесі (16PF – сауалнамасы) жүргізілді. Негізгі міндет - инклюзивті білім берудегі зерттелушілердің хабардар болуы негізіндегі жеке тұлғалық қасиеттерімен байланысы. Осы міндеттерге байланысты SPSS-24 бағдарламасы бойынша корреляциялық талдау жасалынды. Зерттелушілердің жеке тұлғалық қасиеттерін зерттеуге Р.Б. Кеттелдің 16-тұлғалық факторларын зерттелушілердің бақылау және эксперименттік топтарына жүргіздік. Корреляциялық талдаудың Пирсон әдісі бойынша негізгі нәтижелері төменгідей болды: Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі А факторы адамның көпшілігі немесе тұйықтығын көрсетеді. Инклюзивті білім туралы зерттелушілердің хабардар болуы А факторымен өте тығыз байланыста $r=0,152$, $p>0,01$. Бұл, жалпы студенттердің басқа адамдарға деген шынайы ниеттерінің арқасында және қарым-қатынас жасауға дайындығымен, көпшіл болуымен тікелей байланысты. «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» деген сұрақпен А факторының байланысы да өте жоғары $r=0,138$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» сұрағымен $r=0,1236$ $p>0,05$ / байланысты көрсетсе, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» сұрағы бойынша $r=0,168$, $p>0,01$ / байланысты көрсетеді. «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,173$, $p>0,01$ / көрсеткіштерін көрсетсе, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,120$, $p>0,05$ / көрсеткіштерін көрсетті. Яғни, көрсетіліп отырған тығыз корреляциялық байланыстар болашақ педагог-психологтың адамдарға деген жақсы ниеттері мен көзқарастары неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіби деңгейі жоғары болады деп тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді. Яғни, көрсетілген психологиялық заңдылықты болашақ мамандардың көпшіл болуы ПДТ балаларды оқытып, тәрбиелеуге деген құзыреттілік талаптар деп те айтуға болады. Көрсетілген корреляциялық байланыс жалпы педагогикалық құзыреттілікпен тығыз байланысты және бұл педагогикалық әрекетке қойылатын жалпы талап деп айтуға болады. Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі В факторы адамның интеллектісінің даму деңгейін сипаттайды. Демек, неғұрлым болашақ маманның интеллектісі жоғары болса, соғұрлым педагогикалық әрекетке бейім болады. Интеллект факторы зерттелушілердің курсы, «Инклюзивті білім беру туралы білесіз бе?» $r=0,137$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» $r=0,228$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» $r=0,194$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» $r=0,192$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» $r=0,278$, $p>0,01$ / деген сұрақтарымен тығыз өзара тәуелділігі анықталды. Көрсетілген сұрақтар мен олардың өзара оң мағынадағы тығыз байланыстары зерттелушілердің дайындық деңгейін көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Себебі, бұл психологиялық заңдылық. Аталып көрсетіліп отырған психологиялық заңдылық студенттердің интеллектісі, білімге құштарлығы және оқуға деген мотивациясы неғұрлым жоғары болса, олардың инклюзивтік білім беруге деген дайындығы да соғұрлым жоғары деген қорытынды жасауға болады. Зерттелушілердің интеллектісінің жоғарылығы «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,164$, $p>0,01$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,218$, $p>0,01$ / деген сұрақтармен де тығыз байланысты болып шықты. Әрине бұл психологиялық заңдылық. Неғұрлым

студенттердің білім деңгейі, ой-өрісінің ауқымды болуы, олардың болашақта инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасауға деген дайындығының көрсеткіші. Студенттердің Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша эмоционалдық тұрақтылықты анықтауға бағытталған С факторы «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,131$, $p>0,05$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,115$, $p>0,05$ / деген сұрақтармен олардың болашақта инклюзивті балаларды оқытуға деген және білім алуға деген дайындығының көрсеткіші болып табылады. Бұл фактормен жоғарыда көрсетілген сұрақтардың өзара байланысы, яғни болашақ мамандардың инклюзивті білім беруге дайындығы олардың эмоционалдық тұрақтылығымен тығыз байланысты деген қорытындыға келеміз. Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі келесі тұлғалық фактор Е факторы. Бұл фактордың негізгі мағынасы адамның /доминанттылық және бағынушылық/ лидерлік қасиеттері емес, оның үлкен табандылығының арқасында басқа адамдарға өздерінің әсерін тигізе алатынын көрсетеді. Осы аталған фактор бойынша да зерттелушілердің оқитын курсы және олардың инклюзивті білім алуға дайындығының көрсеткіші ретінде қойылған сұрақтармен байланысы да өте тығыз екендігі анықталды. Бұл сұрақтар Е факторының келесі сұрақтармен тығыз оң байланысы бар екенін көруге болады. Мысалы: «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,194$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» / $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,209$, $p>0,01$ /, деген сұрақтарға зерттелушілердің берген жауаптары айғақ болып отыр. Дегенмен, зерттелушілердің Е факторымен «Болашақ маман ретінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыстардың формаларын білесіз бе?» / $r=0,133$, $p>0,05$ /, «Болашақ маман ретінде ПДТ бар балалар жөнінде психологиялық-педагогикалық зерттеулер жөнінде білесіз бе?» / $r=0,178$, $p>0,01$ / деген сұрақтар арасында кері байланыс анықталды. Яғни, студенттер неғұрлым басқа адамдарға тәуелді болса, соғұрлым олардың ПДТ балалармен жұмыс жасау формаларын, ПДТ балалардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктеріне қатысты зерттеулермен таныс болу мүмкіншіліктерінің төмен екендігін көрсетіп отыр. Бұл анықталған заңдылық та адамның білімге деген және өз кәсібін игеруге деген ынтасының аз болған сайын олардың да білімдерінің төмен болатынын көрсетіп отыр. Р.Б. Кеттелдің жеке тұлғалық әдістемесіндегі F факторының мағынасы /ұстамдылығы экспрессивтілігі/ адамның сабырлы, байыпты болуымен өзінің экспрессивті, педагогикалық шығармашылық жұмысқа деген дайындығының, педагогқа қойылатын талаптарға сай екендігін пайымдайтын тұлғалық қасиеттерін көрсетеді. Аталған фактормен «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,158$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,193$, $p>0,01$ / деген сұрақтардың арасында да оң тығыз байланыс анықталды. Бұл тығыз байланыс болашақ педагог маманның экспрессиялық көрсеткіші, өзінің шығармашылығын көрсете алатындығын көрсетіп отыр. Яғни, болашақ педагог өзінің кәсіби бейімделуіне, педагогикалық қабілетін көрсетуіне деген құштарлығы да айғақ болып отыр. Болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетке деген дайындығының көрсеткіші олардың /қаталдылық сезімталдылық/ өз кәсіптеріне сезімтал, оқушы балаларды түсінуге деген дайындығы I факторынан да көрініп тұр. Яғни, болашақ педагог-психолог неғұрлым сезімтал, оқушыларды түсіне білетін қабілетінің жоғары болуы, олардың кәсіби іс-әрекетке деген дайындығының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша I факторы тұлғаның сезімтал болуын анықтайды. Осы фактор бойынша болашақ педагогтардың «Инклюзивті білім беру туралы білесіз бе?» / $r=0,180$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» / $r=0,152$, $p>0,01$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» / $r=0,191$, $p>0,01$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» / $r=0,143$, $p>0,05$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» / $r=0,137$, $p>0,05$ / Көрсетілген сұрақтардағы жалпы инклюзивтік білім туралы өздерінің білуі және кәсіби әрекетке дайындығы айғақ. Яғни, ПДТ бар балалар туралы, оларға арналған нормативтік құжаттар туралы хабардар болуы және ПДТ бар балаларды анықтауға деген алғашқы білімдерінің болуы да аталған жеке тұлғалық қасиеттермен тығыз оң байланысы бар екендігін көрсетіп отыр. Бұл, анықталған психологиялық заңдылықта болашақ педагог-психологтың педагогикалық іс-әрекетке дайындығының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, аталған фактор зерттелушілер тобына қойылған «Сіз оқитын жоғары оқу орнында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасалынған ба?» / $r=0,127$, $p>0,05$ / деген сұрақпен кері байланысы анықталды. Біздің пікірімізше, анықталған кері байланыста да белгілі бір заңдылық бар екенін көрсетеді. Р.Б. Кеттел әдістемесінің L факторы тұлғаның /сенімділік және күдіктену/ басқа адамдарға сенуі немесе күдікпен қарауына деген көзқарасын көрсетеді. Осы фактор бойынша нәтиже неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жеке адам басқа адамдарға күдікпен қарайды. Яғни, L факторының төменгі мәні басқа адамдарға ашық, жарқын түрде өзінің шынайы ниетін көрсете алатын, басқа адамдарға деген қарым-қатынасының шын жүректен екенін

көрсетеді. Бұл фактор «Сіз оқитын жоғары оқу орнында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасалынған ба?» $r=0,126$, $p>0,05$ /деген сұрақпен кері байланыста. Яғни, аталған фактор адамның тұлғалық қасиеті ретінде неғұрлым ашық, жарқын болса, соғұрлым зерттелушілердің инклюзивті білімі туралы көңілі толмай, білімге деген құштарлығының жоғары екендігін көрсетеді. Р.Б. Кеттелл әдістемесінің М факторы адамдардың /практикалық және армандаушылық/ күнделікті өмірде прагматикалық көзқарасын немесе олардың өз идеяларымен өмір сүріп, қиял үдерісінің өте жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Осындай адамдар күнделікті өмірде өздерінің арман-мақсаттарымен, алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге деген ынтасының жоғары екендігін көрсетеді. Аталған М факторы «Инклюзивті білім беру туралы білеіз бе?» $r=0,115$, $p>0,05$ /, «Инклюзивті білім беру туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген бе?» $r=0,148$, $p>0,01$ /, «Сіз оқитын жоғары оқу орнында инклюзивті білім беруге байланысты пән оқытыла ма?» $r=0,130$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» $r=0,121$, $p>0,05$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,248$, $p>0,01$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,268$, $p>0,01$ /, «Болашақ маман ретінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыстардың формаларын білесіз бе?» $r=0,157$, $p>0,01$ /, «Болашақ маман ретінде ПДТ бар балалар жөнінде психологиялық-педагогикалық зерттеулер жөнінде білесіз бе?» $r=0,112$, $p>0,05$ / деген сұрақтарымен өте тығыз байланысы анықталды. Бұл факторлардың негізгі нәтижесі бойынша адамның неғұрлым өзінің ішкі жан дүниесі бай болса, өзінің алдына қойған мақсаттарына ғана ұмтылыс жасап, өздерінің барлық қиял-жігерін алдына қойған мақсаттарына ғана жетелейтін күш ретінде қарастыруға болатынын атап көрсетуге болады. Жалпы, Р.Б. Кеттелдің әдістемесі бойынша Q1, Q2, Q3, Q4 факторлары тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын фактор болып саналады. Бұл әдістеме жалпы түрде адамның қоғамдық қарым-қатынастарын жеке тұлғалық қасиеттер ретінде сипаттайтын болса, Р.Б. Кеттелдің аталған факторлары осы қасиеттерді нақтылай түсетінін айтуға болады. Сондықтан, Р.Б. Кеттел осы факторларды жалпы Q факторлары деп атап, олардың жеке тұлға құрылымында ерекше орын алатынын көрсетті. Яғни, аталған факторлар Р.Б. Кеттелдің тұлға теориясында адамның қоғамдық қарым-қатынастарын, оның күнделікті өмірдегі негізгі қажеттілік екендігін көрсетеді. Мысалы, Q1 факторының жоғары мәні адамның қоғамда еркін ойлап, адамның ғылымға, білімге деген құштарлығын, күнделікті өмірде еркін ойлап, өздерінің интеллектуалдық потенциалдарының жоғары екендігін көрсетеді. Ал, Q2 факторы /конформизм-нонконформизм/ адамның қоғамда басқа адамдарға тәуелді немесе тәуелсіз екендігін көрсетеді. Q3 факторы /төмен өзін-өзі бақылау және жоғары өзін-өзі бақылау/ тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас барысында өздерінің жігерілілігі, өте жоғары деңгейдегі ерік процесстерін, өздерінің эмоциялары мен жүріс-тұрыстарын қатаң түрде қадағалап қарым-қатынас жасайтынын көрсетеді. Р.Б. Кеттелдің әдістемесіндегі Q4 факторының жоғары мәні тұлғаның жинақылығын, күш-жігерінің жоғары болып, өздерінің алға қойған мақсаттарына, тезірек әрекет жасап, қимыл-қозғалысының жинақы түрде болатынын анықтайды. Яғни, бұл фактор да тұлғаның жоғары деңгейдегі ұмтылыстарын көрсетеді. Демек, осы фактор да зерттеуіміздің нәтижесін дәлелдейтін фактор болып табылады. Енді осы аталған екінші деңгейдегі әлеуметтік психологиялық факторларды қарастыратын болсақ, төмендегідей корреляциялық байланыстарды нақты түрде атап көрсетуге болады. Q2 факторы да «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» $r=0,159$, $p>0,01$ /, «Болашақта инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,137$, $p>0,05$ /, «Болашақта ПДТ бар балалармен жұмыс жасауға дайынсыз ба?» $r=0,159$, $p>0,01$ / деген жауаптарымен зерттелушілердің инклюзивті білім алуға дайындығын, оқытылатын пәндердің мазмұнын жақсы біліп, көңілдері толмай, алған білімдеріне қанағаттанбайтынын көрсетеді. Р.Б.Кеттел әдіснамасының Q3 факторының жоғары мәні тұлғаның қоғамдағы жағымды жүріс-тұрыстарымен, жақсы қылықтарымен, өздерінің жүріс тұрыстарын әрдайым қадағалап, күнделікті өмірде басқа адамдармен қарым-қатынас барысында саналы түрде өздерін этикалық талаптарға сай өмір сүретінін көрсетеді. Корелляциялық талдау барысында Q3 зерттелушілерге қойылған факторы «Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар қатарына қандай балаларды жатқызасыз?» $r=0,130$, $p>0,05$ /, «Оқытылатын жағдайда пәннің мазмұны қанағаттандыра ма?» $r=0,112$, $p>0,05$ / деген сұрақтармен тығыз байланысы анықталды. Яғни, Q3 факторындағы тұлғалық қасиет зерттелушілердің инклюзивтік білім беру туралы хабардар екенін және оқытылатын пәндердің инклюзивтік білімге арналған оқу бағдарламасына көңілдері толмайтынын, басқа да қосымша білім алуға деген құштарлығын, дайындығын көрсетеді. Р.Б. Кеттел әдістемесі бойынша Q4 факторы білім алушылардың оқитын курсымен байланысты екендігі анықталды. Демек, зерттелушілер оқу барысындағы курс деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым өздерінің педагогикалық әрекетке дайын екендігін, студенттер оқу барысында педагогикалық әрекеттің қыр-сырларын меңгеру барысында саналы түрде өздерін педагогикалық әрекетке бағыттап, өздерінің педагогикалық кәсіптерін меңгеруге, игеруге деген тұлғалық-мотивациялық қасиеттерін жалпы педагогикалық білім беру жүйесі қалыптастырады деп тұжырым жасауға болады. Бұл анықталған корреляция-

лық байланыс біздің диссертациялық еңбегіміздің мән-мақсаттарын ғана емес, жалпы педагогикалық білім беру, зерттелушілердің педагогикалық әрекетке, оны өз өмірінің негізгі мәні ретінде қабылдап, курстан курсқа өту барысында педагогикалық талаптарға сай тұлғалық қасиеттерінің жалпы білім алу үдерісінде қалыптасатынын анықтайды. Демек, педагогикалық жоғары оқу орынындағы білім бағдарламасының білім алушыларды болашақ өздерінің мамандықтарына деген кәсіби тұлғалық талаптарға сай тәрбиелей алатынын көрсетіп отыр.

Зерттеу барысындағы жасалған корреляциялық талдау зерттелушілердің ПДТ балаларды оқыту үдерісіне дайындығын, олардың жеке тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланыстарын көрсете отырып, олардың болашақта инклюзивті білім беру ортасына деген дайындығын анықтап отыр. Сондықтан, студенттердің педагогикалық білім алу барысындағы инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге деген дайындығы өздерінің жеке тұлғалық қасиеттерімен тікелей байланысты екендігі айғақ. Қорытындылайтын болсақ, курс студенттерінің кәсіби дайындығы мен тұлғалық ерекшеліктері Р.Б. Кеттел әдістемесінің факторларымен тығыз байланысты. Курс жоғарылаған сайын, инклюзивті білім беруге байланысты кәсіби даярлығы да жоғарылайды. Кәсіби дайындықтың жоғарылауы жоғары оқу орынында инклюзивті білім беруге байланысты педагогикалық үдерісіндегі оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілуінің тиімділігіне және теориялық білімдерін іс-тәжірибеде алған дағды, іскерліктеріне де байланысты екені көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Халыққа жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан-2013.
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. №1118 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан. www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы
4. Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // www.edu.gov.kz/.../bilim_berudi_damytudy_2011_2020_zhyl dara_arna.
5. Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан // *Открытая школа*. - №7. - Сентябрь, 2012.
6. Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. *Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования*. – Алматы, 2013. – 165 с.
7. Байтурсынова А.А. *Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд.пед.наук: 13.00.03*. – Алматы, 2010. – 190 с.
8. Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. *Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования: методическое пособие*. – Алматы: RONDA&A, 2008. –120 с.
9. Оралканова И.А. *Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт.философии (PhD)*. – Алматы, 2014. – 210 с.
10. Оралбекова А.К. *Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация*. – Алматы, 2017. – 205 б.
11. Ferguson D.L. *The real challenge of inclusion: confessions of a «rabid inclusionist»* phi Delta Kappan, 1995, 74(4). – p.281-287.
12. Ferguson D.L., Meyer C., Jeanchild L., Juniper L. and J.Zingo *Figuring out what to do with the grownups: How teachers make inclusion «work» for students with disabilities. Journal of the Association for Persons with Severe Handicaps*, 1992, 17/218. – p.226.
13. Galkienė A. *Pedagog in šėaėveikainte gruoėou gėymosėly gomis. Monografija. Šėaėliai: Šėaėliuėuniversitetas*, 2003, 169 p.
14. Лошакова И.И., Ярская – Смирнова Е.Р. *Интеграция в условиях дифференциации проблемы инклюзивного обучения детей-инвалидов // Социально-психологические проблемы образования нетипичных детей*. - Саратов: Изд-во Педагогического института СГУ, 2002. – С. 15-21.
15. Задорин И.В., Михалюк В.И., Колесникова Е.Ю., Новикова Е.М., Федоров А.С. *Отчет о НИР «Социальные условия, проблемы и ограничения внедрения инклюзивного образования в практику учреждений г. Москвы»*. – МГППУ, 2010.

16. Хитрюк В.В. Готовность педагога к работе с «особым» ребенком: модель формирования ценностей инклюзивного образования. //Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта, 2013. - Выпуск № 11. – С.72-79
17. Алёхина С.В. Инклюзивное образование: история и современность: Учебно-методическое пособие /Педагогический университет «Первое сентября», 2013. – 33 с.
18. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: Учебник. — М.: Гардарики, 2005. – 269 с
19. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (24.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). <http://online.zakon.kz/>
20. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет.
21. К.А.Абульханова-Славская. Стратегия жизни. Издательство «Мысль», 1991. – 40 бет
22. Балл Г. А. Теория учебных задач: Психолого-педагогический аспект. – М.: Педагогика, 1990.
23. Психология адаптации личности. Анализ. Теория. Практика / А.А. Реан, А.Р. Кудашев, А.А. Баранов. — СПб.: прайм-ЕВРОЗНАК, 2006.
24. Налчаджян А.А. Психологическая адаптация: механизмы и стратегии/2-е изд., перераб. и доп. — М.: Эксмо, 2010.
25. Производственная социология, психология и педагогика / А.В. Филиппов, В.К. Липинский, В.Н. Князев. – М.: Высшая школа, 1989. – 253 с.
26. Казначеев В.П. Современные аспекты адаптации. – М.: Наука, 1980.
27. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. – Ленинград: Наука, 1988.
28. Жмыриков, А.Н. Диагностика социально-психологической адаптированности личности в новых условиях деятельности и общения Текст.: автореф. дисс. канд. псих. наук: 19.00.07 / А.Н. Жмыриков. – Л., 1989.
29. Селье Г. Очерки об адапционном синдроме / М.Г. Дурмишьян. – М.: Медгиз, 1960.

МРНТИ :15.81.21

Ж.К. Ибраимова¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық қарым-қатынастағы тұлғаның коммуникативтік мәдениет мәселелерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Адамдардың әлеуметтік қызмет етуі мен тұлғааралық өзара іс-қимылына қатысты кеңес ғалымдарының философиялық тұжырымдары бүгінгі таңда педагогикалық коммуникация мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешуде басым болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті педагогтың жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі, жоғары кәсіби білім берудің маңызды жасампаздық ресурсы, тұлғаның қоршаған адамдармен қарым-қатынасымен қанағаттану шарты, тиімді кәсіби қызметтің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бірліктегі қарым-қатынастың негізгі жақтары адамдардың бірлескен қызметін оңтайландырудың маңызды шарты ретінде сипатталады, онда педагогикалық қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті табыстың жетекші компоненті ретінде әрекет етеді.

Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынастағы тұлғаның коммуникативтік мәдениет мәселелерін зерттеген ғалымдардың тұжырымдары, соның ішінде әсіресе Л.С. Выготский мен М.И. Лисинаның баланың ересектермен қарым-қатынасын зерттеуіне аса мән берілген.

Педагогикалық қарым-қатынас – педагог пен оқушылар арасындағы әрекеттесудің ең басты мәселелерінің бірі болып табылатындығы жөнінде мақалада барынша зерделенген.

Педагогикалық қарым-қатынастағы маңызды сапалары да сараланған.

Түйін сөздер: педагогикалық қарым-қатынас, коммуникация, тұлға, коммуникативтік мәдениет.

Ибраимова Ж.К.¹

¹КазНПУ им. Абая, г. Алматы Казахстан

ПРОБЛЕМЫ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ОБЩЕНИИ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретико-методологические основы исследования проблемы коммуникативной культуры личности в педагогическом общении. Философские концепции советских ученых, касающиеся социального функционирования и межличностного взаимодействия людей, и сегодня являются приоритетными в решении проблемы формирования культуры педагогической коммуникации. Коммуникативная культура педагогического общения рассматривается как составная часть общей культуры педагога, важнейшей созидательный ресурс высшего профессионального образования, условие удовлетворённости личности отношениями с окружающими людьми, важная составляющая эффективной профессиональной деятельности. Характеризуются основные стороны общения в единстве как важное условие оптимизации совместной деятельности людей, где коммуникативная культура педагогического общения выступает как ведущий компонент успеха.

Наряду с этим, концепции ученых, изучающих проблемы коммуникативной культуры личности в педагогическом общении, в том числе особенно Л.С. Выготский и

М.И. Лисина уделяли особое внимание изучению отношения ребенка с взрослыми.

В статье рассматриваются педагогические отношения как одна из основных проблем, стоящих перед учителями и учениками. Были проанализированы и ключевые качества педагогического общения.

Ключевые слова: педагогическая коммуникация, личность, коммуникативная культура.

Zh .K. Ibraimova¹

¹KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF COMMUNICATIVE CULTURE OF PERSONALITY ARE IN PEDAGOGICAL COMMUNICATION

Abstract

The article examines theoretical and methodological basis of the research of problems of individual's communicative culture in pedagogical communication. Philosophical concepts of Soviet scientists relating to social functioning and interpersonal interaction of people today also are priority solutions of the problem of the formation of culture of pedagogical communication. The culture of pedagogical communication is considered as an integral part of the general culture of the teacher, the most important creative resource of higher education, subject of satisfaction of relationships of an individual with others, an important component of an effective professional activity. The article characterizes main parties of communication in the unity as an important condition for the optimization of peoples' activities, where the culture acts as a leading component of success.

In addition, the concepts of scientists studying the problems of communicative culture of the personality in pedagogical communication, including especially L.S. Vygotsky and M.I. Lisina paid particular attention to the study of the child's relationship with adults. The article deals with pedagogical relations as one of the main problems facing teachers and students. The important qualities of pedagogical communication were also analyzed.

Keywords: pedagogical communication, individual, communicative culture.

Педагогикалық қарым-қатынас функцияларын анықтау көбінесе оқытушының өз қызметінде алға қоятын мақсатына байланысты. Б.Ф. Ломов қарым-қатынас функцияларын анықтауда оның қайнаркөзі қатысымдық болатынын көрсететін классификация ұсынады: ақпараттық-қатысымдық, регуляциялық-қатысымдық және аффектілік-қатысымдық [1]. Ұйымдастырушылық функция нақты тілдесім, қарым-қатынас кезінде жүзеге асады, конструктивтік функция қатысымдық кезеңге дейін көрінеді, дегенмен, бұл кезеңде де материалды сұрыптау, жүйелеу, ұйымдастыру айтатын сөзіне (тақырыпқа), адресанттың (мұғалімнің) қатысымдық ниетіне және адресантқа (нақты сол сыныптың оқушыларына) арналған сөзіне қатысты болады

«Педагогтің коммуникативтік мәдениеті оның коммуникативті дағдысы мен коммуникативтік қабілетін танытады. Педагогтің коммуникативті дағдысы өз эмоциясын ұстай білу, қарым-қатынас

жасауда жетекші рөл атқару, тіл үйренушінің психологиялық ерекшелігін білу, олардың көңіл-күйін дер кезінде аңғару, жіті бақылай білуінен көрінеді. Коммуникативті қабілеті коммуникацияның барлық түрін ұтымды қолдана білу, айтатын сөзін дұрыс жоспарлай білу, сөйлеу мәнері мен қажетті сөздерді ұтымды қолдана білуінен байқалады. Коммуникация- адамдардың бірі-бірімен байланысы, қарым-қатынасы. Әлемдегі барша адамдардың қарым-қатынасының басты құралы ол – тіл. Тілдік қатынас арқылы адамдар арасында қарым-қатынастың неше түрі орнатылады. Қазіргі таңда заманның өзі әр азаматтан оның өмірлік ісіне сәйкес келетін белсенді тілдік іс-әрекеттер жасауды талап етуде. Қоғам кәсіптік тілдік қатынасты әлеуметтік коммуникацияда қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес кәсіптік этиканың заңдары бойынша құра алатын, пікірталас, диспуттарды басқаруға қабілетті адамдарды қажет етуде. Қарым-қатынасты адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі факторы десек қателеспейміз. Интеллект және ерік, эрудиция және эмоционалды мәдениет, тәрбиелілік – осылардың барлығы: біріншіден басқа адамдарды түсіну, яғни психикалық дұрыс бағалау.

Екіншіден олардың мінез-құлық және жағдайына адекватты эмоционалды жауап бере алу, үшіншіден әр адамның өзінің жеке-даралық ерекшеліктеріне байланысты стилін, әдіс-тәсілін, формасын таба білу. Қарым-қатынас мәдениетін көтеру үшін, ерте жастан бастап адамның басқа адамға жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыра білу керек. Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Коммуникативті мәдениетті қалыптастыруды жүзеге асыру - білім ордаларының басты міндеті болып табылады. Жалпы білім беретін оқу орындарында, алдымен, осы бағыттың мақсаты мен міндеті айқындалуы шарт

З.С. Смелькова аффектілі-қатысымдық функция педагогикалық тілдесім мазмұнын бере алмайтынын, сондықтан оның дәйексіз екендігін айтады. Оның орнына оқушының жеке қасиеттерін дамытуға, оның эмоциясына, перцептивтік қабілетіне бағытталған “тәрбиелеуші-қатысымдық” функцияны ұсынады [2].

Педагогикалық қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөлге оқытушы ие болады. Мұғалімнің рөліне С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский және т.б. кеңес педагогикасының классиктері үлкен көңіл бөлді. Оқытушы мамандығын әр түрлі мінезді, әр түрлі темпераментті адамдар менгеретіндіктен, қарым-қатынас стилі де әр түрлі болып келеді. Қарым-қатынас стилі ұғымына В.А. Кан-Калик: “Қарым-қатынас стилі деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз: а) мұғалімнің қатысымдық мүмкіндіктері; ә) педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының қалыптасуы; б) педагогтің шығармашылық тұлғасы; в) оқушы ұжымының ерекшеліктері” деген анықтама береді [3].

Коммуникативтік біліктілік кәсіби мәдениеттің құрамдас бөлігі. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті мәселесі дәл қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу нысанасына айналууда. Бұл проблеманы шешудің басты жолы педагогикалық кадрларды дайындайтын жоғары оқу орындарының қабырғасында ескерілуі тиіс. Сондықтан студенттердің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, студенттің іскерлік педагогикалық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдаяттарға бейімделуі, тез менгеру қабілеттеріне ие болуы, оқушылармен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады. Педагогика тарихында педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің мазмұны әлеуметтік бейімделу, орта және оның коммуникативтік сапалығына байланысты. Әлеуметтік орта - дәл тарихы бар, бұрыннан өмір сүріп келе жатқан өзіндік ерекшелігі, ережесі анықталған қоғамдық ұйым, тайпа. Қарым-қатынастағы мәдениеттілік болашақ мамандардың бойынан табылуы тиіс. Философиялық тұрғыдан «тұлға» ұғымы ондағы саналы еріктік бастаманы айқындайды. Индивид тұлға деп аталу құқына неғұрлым ие болған сайын, ол өз тәртібінің мотивтерін анығырақ сезінеді және оны бірыңғай өмірлік стратегиясына бағындыра отырып, оны соғұрлым бақылауға алады. Индивид ұғымы жекеліктің, жалқылықтың кезеңдерін қамтиды, сонымен қатар қоршаған ортамен өзара әрекет шартында қалыптасатын психикалық процестердің диапазонын анықтайтын биологиялық сипаттамаларын да қамтиды. «Тұлға» ұғымы «индивид» ұғымынан ажыратылады, ол әрбір адамды белгілеу үшін қолданылады. «Тұлға» ұғымы тек қоғамдық қатынастар жүйесінде, адамның әлеуметтік рөлі туралы ғана айтуға болатын жағдайда емес, әрі оның даралығын сақтауда да мағынаға ие болады. Бұдан даралық – индивидтің өмір сүруінің қоғамдық тәсілі, ал тұлға – адам болмысының дараланған тәсілі деп қорытынды жасауға болады. Сонымен тұлға – бұл біріншіден әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен анықталып және де біріккен әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасып отырады.

Ғалымдардың пікірі бойынша, ХХ ғасыр басына дейін «Коммуникация» сөзінің түбірі латын тілінен алынғанын және бұл сөздің ежелде пайда болғаны еске түседі.

